

2006


4100



Жыр  
жауһары

Әбділда  
ТӘЖІБАЕВ

Аралдар



RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LTD








**Әбділда Тәжібаев**

*Аралдар*

**Өлеңдер мен дастандар**

Алматы  
«Раритет»  
2005



Өздік жет едідде

Арада





Жыр  
жаулары

Әбділда  
ТӘЖІБАЕВ

Аралдар

Өлеңдер мен дастандар

RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LTD

ББК 84Қаз7-5  
Т28

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
спорт министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З.Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А.Тіленшиев*

**Тәжібаев Ә.**  
Т28 **Аралдар: Олеңдер мен дастандар/Құраст. Е.Дүйсенбайұлы.** — Алматы: Раритет, 2005. — 264 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-663-92-0

Ұлы лириктің бұл кітабындағы олеңдер ХХ ғасырдағы қазақ жырының ұлттық әдебиет аясында қаншалықты биікке шырқап кеткендігін ғана емес, сондай-ақ дүниежүзілік деңгейге жеткендігін де танытады.

Әсіресе, жасы ұлғайған сайын шығармашылық шабыты жастық жалынмен, даналық дарқандықпен шарықтап, әкелік, аталық мейір-шапағат нұры мол, терең ойлы, үздік парасатты поэзия үлгісін жасауы Әбділда ақынның әлеуетті рухын әйгілесе керек.

ББК 84Қаз7-5

Т 4702250202—23  
413(05)—05

ISBN 9965-663-92-0

© «Раритет» БК, 2005  
© Безендірген Б. Серікбай, 2005



## БӘЙТЕРЕК\*

*Аспан тіреген ақ басты таулар, кең даланың кеудесінде өскен қашанғы қарағайлар, өзендердің жағасында жасыл дулыға киген қас батырдай қаһарлы жартастар дүниеден тіл сұрайды. Омырауында ерте заманнан булығып, сыртқа шыға алмай, тылсым боп жатқан арманын шерткісі келеді. Өздері көздерімен көрген шындықтарды кейінгі қауымға аңыз етіп айтып бергісі келеді. Бірақ оларда тіл жоқ, бірақ оларда үн жоқ.*

*Таулардың қойнауынан асыр салып айқайлап атылған бұлақтар, арқырап соққан асау желдер, алыс аспаннан атой салып күркіреген бұлттар — әрқайсысы өз сырын айтып, дүниеге тыңдатқысы келеді. Олар соны жеткізетін құдіретті күш іздейді. Оларда тіл бар, үн бар. Бірақ өз сырын айтып жеткізе алатын сезім жоқ.*

*Шын ақын тілсіздерге тіл береді, жансыздарға жан береді; сырын айта алмайтын күрсінуді бар да, құйқылжси төгіліп кете алатын жыры жоқтарға жыр береді. Ол қатып қалған қара тастардың үні болып күңіренеді, таулардың жыры болып тебіренеді, өзендердің көк ала көбігі болып атылады, жасыл құстай жапырақтар болып сөйлейді, жаңағы бір қатып қалған дүниелер креуендей қозғалып, жанды тіршіліктей көше береді. Ақын кейде өзі табиғатқа айналып, көзге ілінбес жазғы аспанның жайма-шуақ күнінің ақ сәулелері болып құйылып жатады, кейде ол қар басқан армандардай ойға шомылып тұрады, кейде ол сонау биіктегі еркін құстардың арасында жүреді. Оның фантазиясы араламайтын қиырлар жоқ. Ол астрономдар сияқты аспан әлемінің жай адамның көзіне түсе бермейтін сан түрлі сәулелерін көре біледі. Шын ақынның жүрегінен жер мен аспан, тарихтың көштері, бүгінгі өмірдің аршынды адымы өтіп жатады.*

*Міне, Әбділда Тәжібаев — осындай шын ақын.*

---

\* Бұл мақала автордың «Телтолқын» («Жалын», 1989) жинағынан ықшамдалып ұсынылып отыр (Ред.).

Ол — қырық жылдан астам уақыт тек қана қазақ поэзиясына емес, бүкіл қазақ әдебиетінің қабырғасын берік қалап, күмбезін көкке көтеріп келе жатқан шеберлердің бірі. Әбділда — әдебиеттің барлық жанрында қаламды қарқынды сілтейтін сегіз қырлы, бір сырлы талант. Ол — әрі ақын, әрі драматург, әрі жазушы, әрі сыншы, әрі үлкен қоғам қайраткері. Ал осы жанрлардың қайсысында болса да, жазған еңбектерін байыптап, барлап қарасақ, Әбділданың ең алдымен және әр уақыт ақын боп қалғанын көреміз. Оның драматургиясы да, оның ғылыми сындары да, публицистикалық мақалалары да — бәрі-бәрісі де өлеңдей өрнектеліп, жырдай еркін төгіледі. Ол солардың бәрінде де поэзияның отты да ұятты сәуле шашып, тұтанып жататын алаулы сөздерімен сөйлейді. Ол басқа жанрларды қайта сол ақындық қуатын шыңдау үшін пайдаланып келе жатқан секілді. Сондықтан да қалың оқушы қауым Әбділданы ең алдымен қазіргі қазақ поэзиясының ту ұстаушыларының бірі деп санайды. Оны қазақ өлеңінің көш басшысының бірі деп таниды.

Әбділда туралы айтылатын бүгінгі сөз — бүкіл қазақ поэзиясының өсіп-жетілген дер шағы туралы айтылатын сөз деп ұғуымыз керек. Өйткені Әбділда — тек қана қазақтың ақыны емес... Оның поэзиясы бүкіл дүниежүзілік поэзияның асыл қорларынан қоректенген, шырын бұлақтарынан сусындаған.

Әбділда жас шағынан поэзия музыкасын, сұлу Сырдың арынды ағысын, Тереңөзек тоғайларының көзге көрінбей құпия жырлар шертетін бұлбұлдарының сырлы дауысын тыңдап өсті. Байтақ даланың бай табиғаты, сан бояумен шайы орамалдай толқыған биік аспаны, зеңгір көктен құйылған молдір ауасы, Жер-ананың жомарт мінезі болашақ ақынның кеудесіне құйылып, көкірегінен орын тепті.

Ақын Әбділда алғашқы қалам ұстаған жылдардың өзінде-ақ поэзияда өз жолын табуға, жұртшылыққа өз ерекшелігімен танылуға талпынады. Әрине, мұндай жол кімге де болса оңай табылмақ емес. Әбділда көп ізденеді, жан-жаққа жанарын қадайды. Дүние классиктерінің томдарын толғана қарап, жаңа достар табады. Ақын бірте-бірте жалпылықтан нақтылыққа, адам жүрегіне даритын лирикаға жол іздейді. Жаңа бір интонация, жаңа нота организміне сіңісіп, қанында ойнап, жыр отын тұтатады. Әбділда шын поэзия оқушыны толқытуға, толғантуға, ойлантуға тиіс екенін, ақын деген тіркеуші емес, жаңалық ашушы, ой қозғаушы, болашақты болжаушы екенін терең түсінеді. Сол ізденістерден, сол толқыныстардан келіп, ақынның «Сырдария», «Тараспен әңгіме», «Боранда», «Кездесу» секілді тамаша өлеңдері туады. Бұл өлеңдер ақынның бар жанымен, шынайы сезімімен, өз түйсігімен

жазған өлеңдері еді, жаңа бетбұрыстары еді. Бұл өлеңдерде күрделі ой, күшті сезім бірлесіп, тұтастық табады.

Әбділда әдебиет әлеміне өзіндік ерекшелігімен, өз үнімен келді дедік. Алғашқы адымынан бастап шеберліктің сыры аз сөзбен ауыр ойларды түйіндеп, жыр шумақтарын қысқа қайыруда екенін сезген ол жұрттың сезіміне бойлап, оқушы жүрегіне жол таба білді. Ақынның жыр дәптерлеріне үңілсек, оның ойға толы, от қанатты өлеңдерін көреміз. Әбділда жаны туған елінің өзіндей жомарт, туған жерінің өзіндей кең-байтақ. Оның жапына туған жердің төрт мезгіл шақтары: көктем, жаз, күз, қысы түгел орналасқан. Ол кейде дауылды, кейде жайдары. Әбділданың қай өлеңін алсақ та, ақынның дүниеге селсоқ қарамай, жанымен тебіреніп, жсалынын шаша жазатынын байқаймыз. Сондықтан да оның өлеңіне салқын салғырттық жат. Әрбір өлеңі Әбділданың өз жанын ұсынғандай болады да тұрады. Көк барқыт түнді, алтын сәулелерін мейірбандықпен себелеген күнді, тұнып жатқан теңізді, жеңіл қанатымен желпіген желді, бүршік атып жайнаған бүлдіршін гүлдерді Әбділда өлеңдері алдыға тосады. Ақын оқушысын оқигалар шеңберінде ұстап, жылата да, күлдіре де біледі. Поэзияның құдіреті де, міне, осында.

Ақын жүрегі уақыт ыргағымен бірге соғуға тиіс. Әбділда соңғы жылдары өлеңді интонациялық жағынан, түр жағынан байытуға көп күш салып жүр. Оның жаңа шыққан әрбір жинақтарынан біз осыны мықтап аңғарамыз. Бірақ ол жалтылдап көзге түсуге, өзгерлерден ерекше тұруға, өлең ыргақтарын қасақана бұзуға, инверсияны әрлі-берлі орынсыз қолданып, әр сөзін қайта-қайта қайталауға құмар емес. Ол жалаң абстракция, жалған пафостан аулақ. Оның өлең ыргақтары табиғи, іштей үйлесім тауып жатады. Тіпті буындары не артып кетіп, не жетпей қалып жатқанның өзінде, оқушы сүрінбей, кідірмей, өзінің үйреншікті өлең өлшемдеріндей қабылдайды. Әбділда поэзиясы бүкіл дүние жүзіне көз тігеді. Әйтпесе, ол томаға-тұйықтанып, ұша алмай, отырып қалар еді. Оның өз әлемі бар, өз орманы, өз тауы бар, алуан мінезді адамдары бар. Әбділда поэзиясының бақылау бекеті биікке орналасқан. Ол бекеттен көк мұнармен көмкеріліп мұнартқан Британия аралдарын да, қайраңдап қалған Стамбул кемелерін де, мұңға батып тұрған Париж мұнараларын да көруге болады. Қазақ ақындарының ішінен шет елге сапар шегіп, бұл тың тақырыпты ең алғаш көтерген де Әбділда. Осы циклдегі «Римге» деген өлең де ақынның қиялы ұшқыр, зердесі сәулелі екенін көрсетеді. Ақынның диапазонының, масштабының кеңдігі сенің көкірегіңді де көкетіп тастайды, ойыңа азық береді, жан дүниеңді байытады, қиялдануға құштар етеді, палитрасы бай.

*Аспан қандай, хрустальдай көгілдір,  
Жапырақтардың жасылы қолға жұққандай.  
Кең алаңда фонтандар меруерт төгіп тұр,  
Көз жасын жердің тереңнен алып шыққандай,  
Колонналар қайратты құлдай арқалап  
Салтанатты Соборын сонау Петрдің,  
Тәңірлерден тілекпен алып қолқалап,  
Болашаққа әкеле жатқан секілді.  
Мүлгіген кілең әулиелердің мүсіні,  
Мұңлы ойларын баяндар мұңлы көздері.  
Тұрғандай түгел дәуірін еске түсіріп,  
Тапштын емес өздерінен өзгені.*

*Міне, осы өлең жолдарының өзі шынайы шебердің қолынан соғылып шыққан мінсіз мұнарадай болып тамырыңа тарап, қаныңды толқытады.*

*Кең далада фонтандар меруерт төгіп тұр,  
Көз жасын жердің тереңнен алып шыққандай, —*

*фонтандардың меруерттерін құлдардың көз жасына теңеу көп нәрсенің куәсіндей. Осы бір-екі жол ақынның лирикалық-философиялық шалымын терең танытса керек. Және осы шет ел жөнінде жазылған өлеңдер өзінің өзгеше екінімен, лексикалық ерекшелігімен жазылса да, өткір ұшталғандықтан, фонетикалық саздылығымен үйреншікті өлеңдеріміздей көкірегімізге қона кетеді. Ақын жоғарыда келтірілген екі жолдың өзінде күрделі ойлап, көп сырлы ассоциацияны жанында жаңғыртады. Ақын фонтандардың өзі құлдардың көз жасымен салынғанын тікелей айтпай-ақ, салыстырып, параллельмен сездіреді. Жеңіл қанат жел секілді жанымызды желіп өтеді. Ақын Европаны өзінің көреді, өзінің сезінеді, өзінің образ дүниелерін жасайды. Әр жерден сезім дірілі жарық береді. Тарихи-философиялық толғаныстарға бой ұрады, шет ел қалаларының сыртымен бірге ішіне де үңіледі. Көп нәрсені аралатып, талай суреттерді көрсетіп, оқушыны бір жолдан бір жолға жетелеп отырады. Айтайын деген идеясын көркем образдармен ашып береді.*

*Әбділда нені жырласа да, қандай объектіні алса да, терең тебіреніске түспей, жалынын құймай, теңіз сияқты қотарылмай жаза алмады. Шынында да, ақын өзі тебіренбесе, өзі толғанбаса, оқушыны да тебірендіре, толғандыра алмас еді. Ақын туған жердің құсын да атуға қимайды. Баласының баласын арқалап жүрген балаға бас иеді. Осы жолдарды оқығанда, денеңді бір құпия от шалады. Сен де тебіренесің, ақынмен бірге сен де толқисың. Ақынның айтқанына қалтқысыз сенесің. Құрыштай құйылған өлең жолдары найзағайдың жарқылындай жаңыңа от беріп, ішкі сарайыңды алау-*

латып өткендей болады. Әбділданың бұл өлеңдері — шын мағынасында ұзақ өмірлі, хрестоматиялық өлеңдер.

Өмір — күрес, өмір — тартыс. Сондықтан да Әбділда ақынның жамандыққа жаны қас. Ол өзінің соңғы кездегі жазған өлеңдерінде адалдықты аялап, арамдықты әшкерелеп отырады. Ақынның азаматтық, адамгершілік дауысы айқын естіліп жатады. Әр сөзі нысанаға дәл атылады. Ақынның жаны — жыр. Терең ойдан туған, көркемдік биікке көтерілген өлеңдер уақыт шекарасын білмейді. Әбділда Тәжібаев өлеңдері де мәңгі көктемге бөленген, жарықпен нұрланған, қызуы күшті, жастықтай жалынды.

Әбділда үлкен ойдың, сырлы сезімнің бастарын түйістірген нәзік лирик ақын болумен бірге, үлкен эпик те. Оның қаламынан ондаған дастандар туды. Ол дастандардың тақырыптары әр алуан болғанымен, бәрі де бір шебердің қолынан шыққандығы білініп тұрады. Сыршылдыққа, суреткерлікке, халықтық даналыққа толы...

**Сырбай МӘУЛЕНОВ**

## Ө Л Е Ң Д Е Р

---

### КҮЗЕТ ӨНІ

Жарық түнде жазық дала, жайлауда  
Шаршамаймыз атқанша таң ойнауға.  
Ай астында алтыбақан тербеліп,  
Үйренгенбіз толқынды жыр толғауға.

Тербел, тербел, алтыбақан, жайлауда,  
Жалықпаймыз атқанша таң сайрауға.  
Өн мен өлең қой, қозыны тербетіп,  
Жануарға жандай серік болмай ма?

Түнгі дауыс тым алысқа кетеді,  
Жаңғыртады, тауды дірілдетеді.  
Жайлауында жаздай думан қайнаған,  
Қандай қызық күзетшілер мекені!

Айтақ, айтақ, әуілдеп қой, Саққұлақ,  
Айналып шық ауыл сыртын шапқылап.  
Қасқыр түссе, жолбарысша жұмарлап,  
Азуыңды қадағайсың қаттырақ.

Жарық түнде жазық дала, жайлауда  
Жалықпаймыз атқанша таң сайрауға.  
Ай астында алтыбақан тербеліп,  
Үйренгенбіз толқынды жыр толғауға.

## КӨКШЕДЕ

Көліне түстім Көкшенің,  
Көбікпен ойнап балаша,  
Толқынмен кеттім таласа,  
Тамаша, қандай тамаша!

Тауына шықтым Көкшенің,  
Тасымен ойнап балаша,  
Тағысымен таласа,  
Тамаша, қандай тамаша!

Қарағай тілін ұғындым,  
Қайыңнан ғажап сыр алдым,  
Құзынан астым қыранның,  
Ұясын таптым қиялдың.

1955

## ЖАҢБЫР

Күркірете көгімді,  
Көкала бұлт сөгілді,  
Отты көзі жалтылдап,  
Бір шолып қап жерімді.  
Нөсерлетіп ақтарды  
Аспан толы теңізді.  
Жапырақ қандай жаңарды!  
Жаным қандай демалды!

1955

## ТӨРТ ЖОЛДАР

### I

Тот басады темірді,  
Сел шаяды жеңілді.  
Тот баспайды ерлікті,  
Сел шаймайды сенімді.

### II

Жауың болса жолбарыс,  
Арыстандай бір алыс.  
Күшік үрсе, қарама,  
Оны жанға санама.

### III

О, дариға, қайта оралса жас шағым!  
Тастап бәрін жақсы жырдан басқаның,  
Бастар едім бір махаббат дастанын,  
Айтар едім, айтар едім, достарым!

1956

\* \* \*

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.  
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.  
Тілсіз — хайуан, бишара,  
Бишараға не шара?!

1955



## СЫР ЖЫРЛАРЫ

### I

Осы менің Сырым не еткен бақытты!  
Тіпті босқа өткізбепті уақытты.  
Әбділдаға арта беріп қарттықты,  
Өзі жастық құндағына жатыпты.

Сырым менің, Сырым менің — сырласым,  
Секілді едің бала күнгі құрдасым.  
Ойнаушы едім ағысыңмен алысып  
Алып қашқан әпкешімнің сырғасын.

Сырым менің, Сырым менің — сырласым,  
Алғам сенен Сырдай терең жыр басын.  
Ұшырғансың Алатауға мені өзің,  
Деп: «Биіктен Әбділдашым шырқасын!»

Шырқадым ба, шырқай алмай жаттым ба,  
Таппадым ба, өз үнімді таптым ба?  
Қайтем оны қазір, достар, сөз етіп,  
Айтар өзі әділ жұртым уақтында.

Тындырғаным: өлгенім жоқ, тірімін,  
Елудегі егделердің бірімін.  
Азайған жоқ әлі бойдан қызуым,  
Бастағам жоқ әлі шалдар ырымын.

### II

Кемітеді Сырымды  
Сарыарқалық былай деп:  
— Жаңбыры жоқ, желі көп,  
Тұра алмас ем бір ай, — деп.

Кемітеді Сырымды  
Сарыарқалық былай деп:  
— Масасы көп, шаңы көп,  
Сырдариясы ылай, — деп.

Бір жылыңа бермес ем  
Мен Сырымның бір айын.

Сағынамын көрмесем  
Шаңы менен ылайын.

### III

Кейде түске кіреді  
Дәл өңімдей баяғым.  
Тай ғып мініп жүремін  
Нағашы атам таяғын.

Жүгіремін жағалап  
Сырдың жайпақ жағасын.  
Көрі көзбен сығалап  
Қарар маған нағашым.

Тарап сіңір қолымен  
Қардай аппақ сақалын,  
Қарағаны мейіріммен  
Қандай қызық атаның.

Бірде қуып жүремін  
Шіркейі мен шыбынын,  
Айдап бірде жүремін  
Нағашымның шығырын.

Өз дариям — өзенім,  
Өзім өскен мекенім,  
Суын кешіп кетемін,  
Шаңын кешіп кетемін...

Кейде түске кіреді  
Дәл өңімдей баяғым.  
Тай ғып мініп жүремін  
Нағашы атам таяғын.

### IV

Ауырады табаным,  
Шеңгел, сені көргенде;  
Талай жұғып жас қаным  
Қалған сенің шөңгенде.

Ойға түссе өткен күн,  
Бір күй толқыр кеудемде.

Бұрынғы аты ол күйдің  
Болатұғын «Шерменде».

Кетемін мен кідірмей  
Өткен қайғы, шерлерге.  
Жата берсін білінбей,  
Кілті берік кеудемде...

Босайды екен көңілің  
Туған жерге келгенде.  
Көрініп тұр жып-жылы  
Көп тырнаған шеңгел де.

## V

Қосып Сырға сағынышын ақынның,  
Жүзіп келе, жүзіп келе жатырмын.  
Жастан қалған әдеті ғой баланың:  
Ылай судан жұтып-жұтып аламын.

«Болғың келсе, ұзақ жасап, өмірлі,  
Сүргің келсе қызық дәурен көңілді,  
Көбірек түс Сыр суына, түсе бер,  
Көбірек іш Сыр ылайын, іше бер», —

Дейтін маған бала күнде нағашым,  
Мақтай жүріп Сырдың көгал жағасын.  
Қосып Сырға сағынышын ақынның,  
Жүзіп келе, жүзіп келе жатырмын.

## VI

— Құс аулауға шығамысың?  
— Шығамын.  
— Атқаныңды жығамысың?  
— Жығамын.  
— Мә мылтығым, атамысың?  
— Атамын.  
— Сен атып қайт,  
Мен демалып жатамын.

— Құсың қайда, қарағым-ау?  
— Атпадым.  
— Таппадың ба тоғайдан құс?

- Таппадым.
- Көп еді ғой көлде де құс...
- Көп екен.
- Неге атпадың?
- Түк дәлелім жоқ екен.
  
- Атуға сен қимадың ба?
- Қимадым,
- Туған жердің құстарын да сыйладым.

## VII

Көп жылдардың өткізген соң арасын,  
Туған жерге оралып бір барасың.  
Жас күндегі сәби құрбыларыңды  
Кәрілерден іздеп әрең табасың.

Келеді әне күліп бір шал қарсы алып,  
Тұрмын қарап үнсіз ғана тамсанып.  
Осы менің бала күнгі құрдасым,  
Осы менің жігіт күнгі сырласым.

Түсін қара, тісін қара өзінің!  
Қызыл еті қалыңдапты көзінің,  
Қоңқақ мұрнын қолмен біреу көтеріп,  
Созыңқырап кеткен сынды езуін.

Бір жылатпай жібермейтін соққанын,  
Жас шақтағы шатақ құмар сотқарым  
Алдымда тұр шаршап қайтқан аңшыдай  
Айдалаға атып-атып оқтарын.

- Сотқармысың?
- Сотқарыңмын кешегі.
- Бала едік-ау!
- Бәрі соның кеше еді.
- Сұрт көзіңді!
- Қайда келіп қалғанбыз?
- Жас өседі, кәрі әрдайым өшеді.

Сұрт көзіңді деппін оған суланған,  
Күлген болам кісідей-ақ қуланған.

Өз көңілімді қайтсем екен қиналған,  
Өз көзімді қайтсем екен буланған?!

### VIII

Көп жылдардың өткізген соң арасын,  
Туған жерге оралып бір барасың.  
Алар күтіп әжелер де алдыңнан  
Арқалаған баласының баласын.

Көрейін деп бала күнгі сырласын,  
Келеді әне кемпірден бір құрдасым.  
Есіме алдым елестетіп жастағы  
Көк шыбықтай солқылдаған түлғасын.

Десе достар: «Әнді Еркетай шырқасын!»  
Күлуші еді керіңкіреп бір қасын.  
Шығушы еді сыңғырлатып шашбауын,  
Сылдыр-сылдыр сылдырлатып сырғасын.

Қандай еді, қандай еді Еркешім!  
Атқан аппақ таңдай еді Еркешім.  
Туғандай ед әдейі арнап шешесі  
Жандырсын деп, жігіт жанын өртесін.

Бір кездегі балапан қыз балдырған,  
Ынтықтырған, талайды естен тандырған.  
Алдымда тұр әже атанып сол Еркеш,  
Жастық көркін жырақтарға қалдырған.

— Еркемісің?

— Еркемін ғой кешегі.

— Жас едік-ау.

— Кеше ғана, кеше еді.

— Сұрт көзінді!

— Әйелдік қой, әншейін...

— Біз өшкенмен, ұрпағымыз өседі.

Сұрт көзінді деппін оған суланған,

Күлген болам кісідей-ақ қуланған.

Өз көңілімді қайтсем екен қиналған,

Өз көзімді қайтсем екен буланған?!

1959

## ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан өлкесінің кеңдігін  
Өлшеп жатпай өзгелерге мен бүгін,  
Оңай ғана ұғындырып байқайын,  
Болмашы бір белгілерін айтайын:

Қысты күні бөлмеңізде пеш қызып,  
Көрінгенде сол қызудан кеш қызық,  
Жанған отқа сүйсіне зер салыңыз,  
Қазақстан көмірі деп таныңыз.

Туралғанда ақ мамықтай бөлкелер,  
Түспей ме еске астық еккен өлкелер?  
Соның бірі Қазақстан — таныңыз,  
Соның наны жеген осы наныңыз.

Дастарқаннан нарттай қызыл алманың  
Қол созғанда таңдап бірін алғалы,  
«Қазақстан!» дей көріңіз, бауырым,  
Өсіруші алманың ең тәуірін.

Сары аязда — сақылдаған ақпанда —  
Адам тұрсын, ағаш дір-дір қаққанда,  
Ұмытпаңыз Қазақстан сыйларын  
Жеткен сізге жылуымен пиманың.

Жапқан сайын әрбір үйдің төбесін,  
Қаққан сайын әр есіктің шегесін,  
Құрметтеңіз Қазақстан жерінің  
Өзендерше өрши аққан темірін.

Көк теңіздей толқын ата көпірген  
Домбыра үні жетсе сізге эфирден,  
Қабылдаңыз Қазақстан күйлерін  
Қуантушы бақытты Отан үйлерін!

1957

## КЕМЕДЕ

Бір кемеде бір қазақ,  
Алыс сапар алдында.  
Шыға қапты жолға ұзақ,  
Жатпай тыныш ауылында.

Қуанудың орнына  
Қынжыла ма, не етеді?  
Қимай қарап артына,  
Жалтақ-жалтақ етеді.

«Европаға саяхат!» —  
Айтуға да тамаша.  
Аңсайды ауылын сол қазақ,  
Алыс жолға қараса.

1957

## ТЕҢІЗГЕ ТІЛЕК

Теңіз!  
Сенен ұлы болған емес бір ақын,  
Жырың қандай, жырың қандай сұрапыл!  
Арасында бұрқыраған дүлейдің  
Түн жамыла, жылап тұрып тілеймін:  
Жүрегіңнің бөлшегін бер,  
Өлеңіңнің өлшемін бер,  
Ол аз десең, өзімді де ал,  
Толқыныңа аямай сал.  
Я күйрейін, күл болайын,  
Я теңізге айналайын!

1957

## АРАЛДАР

Лапылдап барып өшті күн,  
Таусылған түсы ед айдың да.  
Қоңырта келіп қонды түн  
Жарқырап жатқан айдыңға.  
Қалт етпей,

қалдым мен тыста,  
Жанымды желге жайдым да.  
Көздерін ашты маяктар  
Қараңғы түнек қойнында.  
Қиялға кірді қозғаулар,  
Жұлдызы жанды ойдың да.  
Келеміз Грецияның  
Ертектер өскен орнында:  
Көргендей болам бейнесін  
Жыр айтқан

Гомер шалдың да,  
Лирамен алтын әндетіп  
Апаллон кетті алдымда.  
Келеді ғажап Геркулес  
Зәресін алған таудың да.  
Атады Зевс нажағай  
Қарғалған жанға қауымында.  
Бұза алмай темір бұғауын,  
Ұйыған кегі бауырында,  
Қаһарлы жатыр Прометей,  
Кеудесі толы зар-мұңға...  
Көзімнен өтті көп сурет,  
Қиялға бөгіп қалдым да.  
Байқамай қаппын бозарған  
Сілемін атар таңның да...

Қара түн батты теңізге,  
Жайылды жарық жайдарлы.  
Шығыстан басын көтерді  
Ерке күн алтын айдарлы.  
Есімді жидым, ояндым,  
Ертектер өшті ойдағы.  
Кемеден күнге қарайды  
Елімнің қызыл байрағы.



Жүгірді көзім алысқа,  
Аралдар қанша алдағы.  
Тереңнен өскен жартастар  
Секілді батыр найзалы.  
Сақтана бағып тұрғандай  
Пиренейге барар жолдарды.

Аралдар қандай, аралдар,  
Қараудан көзім талмайды.  
Осындай сұлу дүниеге  
Сұмдықтар неге орнайды!  
Ерліктің бойын қан басып,  
Жүрегін жаншып сор, қайғы,  
Арманда кеткен жандарды  
Ақындар неге толғайды?!

Алдыңда тағы арал бар,  
Аялдап, соған қараңдар.  
Аралды берік қоршаған  
Құрсаулы темір арандар.  
Түрме тұр ана баурайда  
Көтерген қара жалаулар.  
Осынау тамұқ ішінде  
Ыңырсу, өксу, жылау бар;  
Тұншығып, өрең сылдырлар  
Аяқта, қолда бұғаулар.  
Осында күнін батырған  
Жарыққа талай құмарлар.  
Осында демін ақырғы  
Алыпты небір қырандар...

Әнеки, Никос Белоянис<sup>1</sup> —  
Арқалап ауыр шынжырды,  
Көтеріп бойын, қарады,  
Көзінен сүртіп бұлдырды.  
Алдынан өтті болашақ,  
Шұбырта бастап жүз жылды.  
Ұрпағын көрді бақытты,  
Отанын көрді тым нұрлы.  
Содан соң жерден үзіп ап  
Нәп-нәзік, ақшыл бір гүлді,

Ойына кенет түсірді  
Сол гүлді сүйген бұлбұлды...  
Жаңғыртты мылтық сол кезде  
Теңізді, тауды, үңгірді;  
Талдыра қойды лезде  
Шынжырдан шыққан сылдырды.  
Түсті де қолдан аппақ гүл,  
Боялып қанға үлгірді.

Аралдан алдық ащы ойлар,  
Ауырлап кетті кемеріміз.  
Теңізде емес, қайғыда  
Жүзгендей болып келеміз.  
Сыңсып бір қалса шағала,  
Суынып демде денеміз,  
Никостың жанын көргендей,  
Жалтақтап қарай береміз...

Алдымда жатыр теңіздер,  
Алдымда жатыр аралдар.  
Әлі көп алда сұмдықтар,  
Түршігіп, жаным алаңдар.  
Осы бір тұста көңілмен  
Оралсам елге, жарандар,  
Алдымда тұра қалады  
Тұтасқан алтын арайлар:  
Әнеки Қазақстаным,  
Әнеки Алтай, Оралдар!  
Жап-жаңа дүние тұр жайнап,  
Жайтандап жаңа адамдар.  
Жанымнан үрей серпілді,  
Жарқ ете қалды жаңа ойлар.

1957

## ТЫНЫҚСЫН, ТИМЕҢДЕР АДАМҒА

Шаршаған адамның ажарын  
Көре алман қиналмай ішімнен.  
Тартқанмын өзім де азабын,  
Түсінем, бәрін де түсінем.

Жарық пен желден де шаршаймыз,  
Сену де, сүю де еңбек қой.  
Сыйластық жеңіл деп кім айтар?  
Ол дағы қиыннан келмек қой.

Үрку де, қорқу да зор бейнет,  
Шаршаймыз кейде біз шаттықтан.  
Шаршаймыз кейде біз жаттықтан,  
Шаршаймыз кейде біз сақтықтан.

Демалу керек қой әркімге,  
Тынықсын, тимеңдер адамға.  
Ертең де күш керек қоғамға,  
Ертең де күш керек заманға.

---

## 1986 ЖЫЛ ЖЫРЛАРЫНАН

\* \* \*

Өзіңе сен, өзіңнің күшіңе сен,  
Қос қолыңмен істелген ісіңе сен.  
Алысың да сыйлайды, жақының да,  
Өзіңді өзің төменге түсірмесең.

Өз қайығың, бар болса өз ескегің,  
Өмірде мен сені осал демес едім.  
Қимылдай бер, тарта бер ескегіңді,  
Шығады алдан жап-жарық келешегің.

Қозғалмасаң, тоңазыр көлеңкең де,  
Ескегіңді ес, бір мезет тоқтай көрме.  
Өз қайығың болғаны қандай жақсы,  
Қашан, қайда барсаң да өз еркінде.

Өкінсең де өткенің оралмайды,  
Өшкен отың қайтадан жана алмайды.  
Сен жасаған күнәні бір досың да  
Бөліп-жарып өзіне ала алмайды.

\* \* \*

*Халқының қимылына қарай  
ақынның ірілігі көрінеді.  
Ал елі мылқау, тілсіз болса,  
қайтпекші?*

*Дидро*

— Қайдан алмақ қуатты,  
Жарық пенен жалынды?  
Әдеті жоқ, салты жоқ,  
Жұрт қызығар даңқы жоқ,  
Әділдік айтқан ері жоқ,  
Биікке ұшар әлі жоқ,  
Көз салардай сәні жоқ,

Созінің де мәні жоқ,  
Ұсақ мінез, күйкі жан,  
Бірін бірі алдаған,  
Біріне бірі нанбаған,  
Бірінен бірі ұрлаған,  
Қанжары тасқа түсіп сынбаған,  
Қан жұтып іштей тынбаған,  
Баласын сатса әкесі,  
Әкесін сатқан баласы,  
Шалы имансыз, ақылсыз,  
Әйелдері аналық жанын жоғалтқан,  
Қыздары ар-ұятын аямас,  
Ұлдары біріне бірі тас атқан,  
Күштісіне қорқаулары жабылып,  
Тапа тал түсте құлатқан,  
Көңілдесін жылатқан,  
Көзінен жасын бұлатқан —  
Ұсақ елден  
Рахым қалай шықпақшы?! —  
Депті Дидро.

## ҚИЯЛ

Бала едім мен ол кезде жалаң аяқ,  
Жүгіруші ек аяқты аямай-ақ.  
Екеу-екеу әңгіме соғатынбыз,  
Өткеніне уақыттың қарамай-ақ.

Жағасында дарияның балшық илеп,  
Соғатынбыз ойыншық қызық үйлер.  
— Мынау менің ақ ордам шаңырағы алтын,  
Уықтарын күмістен өзім игем.

Уықтарым күмістен өзім игем,  
Басқұрларын зерлегем ирек-ирек.  
Керегесін торлағам тозбайтындай,  
Белдеулегем кетпестей боран сүйреп.  
Атам жатты ордамда, әжем жатты,  
Шаң кірместей есігін мықтап жаптым.  
Деп осылай ойымды айтып жатып,  
Жағасында дарияның ұйықтап қаппын.

\* \* \*

Күшті болсам, көрсетіп шексіз ерлік,  
Жасар едім асқан бір кемеңгерлік.  
Жаны жуас жандардың жолын ашып,  
Бермес едім сұмдарға титтей теңдік.  
Деймін іштей, амалсыз кіжінемін,  
Кіжінуден жігерім мүжіледі.  
Сөйтіп жүріп тоқтайды тынысың да,  
Сұмдар жасай береді қыры сынбай.

\* \* \*

Көп ақша керек!  
Ақшасыз өмір өмір ме?  
Түспейді мансап,  
Ақшасыз болсаң, тегінге.  
Терді де төктім,  
Арды да төктім аямай,  
Жинадым ақша,  
«Жасасын, ақша!» — дедім де.

Атақ та керек!  
Атақсыз өмір өмір ме?  
Ақшасыз болсаң,  
Атақ та түспес тегінге.  
Абыройың жетпей,  
«Сіз», «бізің» жұртпен жараспай,  
Сүресің өмір  
Салмағы сәлдеу, жеңілдеу.

Осылай түйдім,  
Атандым жігіт ақшалы.  
Ішуге-жеуге  
Өзімнен құрбы аспады.  
Ресторандарда  
Қонақтар қанша шақырдым,  
Атағым, даңқым  
Ілгері бірақ баспады.

Тағдырда бәрі  
Жазылған екен қаралып,  
Сатылмайды екен

Ақшаға талант, даналық.  
Мен бар ғой, тіпті,  
Басқаша өмір сүрер ем,  
Жасасам қайта,  
Жас шағым қайта оралып.

\* \* \*

Неткен қызық сағыну көктем шағын,  
Келеді ол тағынып көк моншағын.  
Көктем — менің, көкем-ау, өткен күнім,  
Көктем — менің ғашығым, болашағым.

Көктем келді көтеріп гүл бақтарын,  
Жүрегімді жібекпен құндақтады.  
Тындай бердім, тоймадым, тындай бердім  
Сұлу түннің сыңғырлы ырғақтарын.

Көктем, сенің ынтықпын сиқырыңа,  
Сен қозғалсаң, құйылар күй құбыла.  
Жайсаң жаның жасартар, есімді алар,  
Алдандырмай өмірдің қиқымына.

\* \* \*

Тұрмын, міне, ең соңғы биігімде,  
Тиер екен халқымның сыйы кімге?  
Қатарыммен заманды бірге өткізіп,  
Шаттығын да көрдім ғой, күйігін де.

Сый дәмәтер мен кімін? Көсеммін бе?  
Артта қалды жетілер, өсер күндер.  
Маған бүгін ең қымбат сыймен бірдей  
Тыныш жатқызса, үркітпей, төсегімде.

\* \* \*

Дүниедегі ең бір ұлы жарасым  
Жақындату адамдардың арасын.  
Достық дейміз, оны қайдан аласың,  
Жараспаса адамдардың арасы?

Татулық па, оны қайдан аласың,  
Ит боп жатсаң екеу-екеу таласып?

Бірлік дейміз, оны қайдан аласың,  
Бір-біріңе тұра алмасаң қарасып?!

\* \* \*

Күн боп батсаң, түн боп тағы іздеймін,  
Өлгенімше күдерімді үзбеймін.  
Тозсын көзім, тозсын мейлі табаным,  
Ләйлім, сені қайтсем де іздеп табамын!

\* \* \*

Ердің күні ерменен еліндегі,  
Келіспейді тым жалғыз көрінбегі.  
Ең болмаса егіз боп жүрген сәнді  
Сырыңды айтып тұратын көңілдегі.

Жалғыз терек,  
Жалғыз гүл жараспайды,  
Егіз жолдас жолда да адаспайды.  
Жалғыздықтың арты ауыр, алды да ауыр,  
Сүрген емес ешкім де жалғыз дәуір.

Сүйенерің болмаса, елікпейсің,  
Жалғыз қалған панасыз еліктейсің.  
Тудың, өстің, белгісіз өмір сүрдің,  
Ағып кеткен содан соң көбіктейсің.

Жалғыз батыр көрінбес жауға мықты,  
Жалғыз баса да алмайсың ауған жүкті.  
Тудың, өстің, белгісіз өттің, кеттің  
Ортасында кескінсіз бір дүрмектің.

Жалғыз терек орман боп саналмаған,  
Жалғыз ағаш отын боп жана алмаған.  
Жұрт көтеріп кететін қайғыны да  
Жалғыз батыр көтеріп ала алмаған.

Ердің күні ерменен еліндегі,  
Ініге аға мақтаныш төріндегі.  
Жалғызыңнан айрылсаң, көрінбей ме  
Жалғыз күнің сөнгендей көгіндегі?



\* \* \*

Ғажап қой уақыт,  
Істеді бәрін,  
Үйретті бізге  
Өзінің әнін.  
Сұрамай-ақ, іштей  
Білетін болдық  
Құрдастардың да  
Ой-армандарын.

— Неге сен, уақыт,  
Құбылдың енді?  
Достығың неге өзгере қойды?  
Бергеніңді кеше  
Қайтадан алып,  
Жауыққан бізге  
Көрсеттің белгі!

Жазығымыз қанша?  
Жетеді осы!  
Сен емес пе едің  
Жастардың досы?  
Күледі уақыт,  
Шайқайды басын,  
Барады біздің  
Жанымыз шошып.

Сұмдық қой уақыт,  
Істеді бәрін,  
Істеме деуге  
Келмеді өлім.  
Ағартты шашты,  
Тоздырды көзді,  
Тірлігіміздің  
Тонады сәнін.

Қарайды маған  
Күлген боп Сара,  
Оның да жатыр  
Жанында нала.  
Жап-жарық күнде

Мұнартып дала,  
Отырмыз үнсіз  
Екеуіміз ғана.

Жүргеннен бізге  
Отырған жөнді,  
Сүймейміз соққан  
Салқындау желді.  
Жанымызға біздің  
Қосады үрей  
Суық жел қысса  
Алатын демді.

Бұлт тарап,  
Көше құрғаса дегдіп,  
Сара да сергіп,  
Өзім де сергіп,  
Көңілімізге ескі  
Оралады әндер,  
Уақытымыз аздап  
Бергендей теңдік.

Қарайды маған  
Күлген боп Сара,  
Шығады ән боп  
Көңілден нала.  
Жап-жарық күнде  
Мұнартып дала,  
Отырамыз енді  
Екеуіміз ғана.

\* \* \*

Қайыңдармен қатар туып, тең өстік,  
Жолымызға шуақ түсті, көк өсті.  
Біз шуақты жаздың жайын кеңестік,  
Қыс келеді дегендермен егестік.

Жолымызда жондар жатты бұлақты,  
Жолымызда көлдер жатты құрақты.  
Күндіз жылы көк нұрына малынып,  
Түнде жақтық қолымыздан шырақты.

Жолымызда баулар жатты жемісті,  
Малдар жатты мыңғыраған өрісте.  
Біз бәрін де таласпастан бөлістік,  
Күншуақтан айрылмасқа келістік.

Сөйтсек, уақыт тынбай өте беріпті,  
Күндеріміз жылы шуақ кеміпті.  
Көктеріміз, гүлдеріміз семіпті,  
Қыс жетіпті,  
Жолдарды қар көміпті...

Кеудемізден айдап шығып желікті,  
Уақыт бізден ала берді ерікті.  
Қоштасатын күн жақындап келіпті,  
Жолда жанған оттың көбі сөніпті.

Қош бол, досым, қош бол, өткен жолдарым,  
Қош бол, қалған артымдағы мол жарық.  
Жас ұрпаққа жеткеніме ырзамын,  
Етпесем де жырмен оны олжалы.

---

## 1988 ЖЫЛ ЖЫРЛАРЫНАН

\* \* \*

Түнде желмен дөңгелеп қар айналды,  
Ізін көмді жүргінші талайлардың.  
Жауған қарға бастырмай, сақтап қалдым  
Жаңа туған басымда жаңа ойларды.

Жаңа ойларым, жаңарған сезімдерім  
Ерен олжа-қазынам өзімдегі.  
Тазартатын жанымға дем береді  
Таза желдей қарлы кеш кезіндегі.

Түнде желмен дөңгелеп қар айналды,  
Ізін көмді жүргінші талайлардың.  
Жауған қардай көтеріп сан ойларды  
Келем күтіп атар таң арайларды.

\* \* \*

Жер де аппақ, қабір де аппақ қар астында,  
Бөріміз тұрмыз қыстың қол астында.  
Апырмай, тым болмаса, әу десейші,  
Шынымен жермен жер боп жарастың ба?

Шынымен жермен жер боп жарастың ба?  
Шын-ақ мен сенен енді адастым ба?  
Шығарсың, мүмкін, жазда шешек болып,  
Әзірше қала тұрып қар астында...

\* \* \*

Сыр бойында өсетін нар қамыстар,  
Нар қамыста жортатын жолбарыстар.  
Жолбарысын жоқтайды кәрі жырау  
Жастық күнін аңсаған толғаныста.

Қайдасыңдар, шулаған нарқамыстар?  
Қайдасыңдар, ығыранған жолбарыстар?  
Жолбарысы жыраудың жырланбаса,  
Жатамын да қоямын жолға шықпай.

\* \* \*

Ашылды да қыстай жабық есігім,  
Тербелгендей болып кетті-ау бесігім.  
Сырттан жаңа жарық кірді, жел кірді,  
Бойыма бір ыстық сезім ендірді.

Күн жарығын, жердің желін — екеуін  
Шынымен-ақ аңсап қалған екенмін.  
— Көңілім толды көктемдегі жарыққа,  
Көк аспанға көз жібердім шарықтап.

Жаным барда көзім менің аспанда,  
Айтыңдаршы, бұдан бақыт асқан ба?  
Дүнием менің толып кетті суретке,  
Жасыл далам желмен күйін гулетті.

Айдыннан мен көрдім аппақ кемеңі,  
Қос аққуым қонуға әне келеді.  
Рас шығар, шөп көгерсе көктемде,  
Өлгендер де тіріледі дегені.

Жаппайыншы, жаппайыншы есікті,  
Келді әне, дауысын анық есітім.  
Дауысы жетсе, өзі бірге жетпей ме,  
Бір көрісу мүмкін шығар көктемде...

## КӨЗ ТУРАЛЫ

Көңілдің көзі  
Көреді бәрін десең де,  
Маңдайға біткен  
Көзіңді сақта кеселден.  
Көз екен жолда  
Аяқпен бірге басатын,  
Шырағы сөнсе,  
Айналады адам мешелге.

Көремін бұлдыр,  
Бұлдырап бәрі барады.  
Азайып майы,  
Әлсіреп шамым жанады.  
Көре алмай қалсам,  
Жүре алмай қалсам неттім деп,  
Жасырмайтын болдым  
Жанымда жатқан наланы.

Тұтана тұршы,  
Сөнбеші, кәрі шырағым.  
Қалмасын тоқтап  
Қаламым — қайран пырағым.  
Айтарымды айтып,  
Жазып та қалдырайыншы,  
Басқа жоқ менің  
Тәңіріден тілеп сұарарым.

\* \* \*

Айналам толған жарық, толған халық,  
Бейнесін әр адамның көрем анық.  
Бірақ мен бәрінен де сырт тұрамын,  
Сақтықтың қажеттігін есіме алып.

Айыру кімі жақсы, кімі жаман,  
Көре сап, айта қою қиын маған.  
Солардың түзігі де, бұзығы да  
Тарайды үйді-үйіне кешке таман.

Өмірім күнде барар базар маған,  
Базарлап қайтам мен де кешке таман.

Жатарда есігіме кілт саламын,  
Шығуға түннен тағы есен-аман.

Айналам толған жарық, толған халық,  
Бейнесін бәрінің де көрем анық.  
Опық жеп, жеку көріп қалмас үшін,  
Бір жанға тіл қатпаймын сөз шығарып.

Сенбеймін мен оларға, олар маған,  
Суық жүз, ызғарлы көз қандай жаман.  
Ертерек есігімді кілттейін деп,  
Асығып қайтам үйге кешке таман.

### ЕСКЕ АЛУ

Сыйынды атам құбылаға төсеп басын,  
Бар күнәсін ақтарып, айтты расын.  
— Кешір, — деді, — о, Тәңірім, кешіре алсаң,  
Егіншіні әурелеп не қыласың...

Күнде саған сыйынар уақыт қайда?  
Қолым әрең тиеді осындайда.  
Егін орып, ілесе қырман басып,  
Намаз да оқи алмаппын өткен айда.

Өмірімізді білесің өзің, Алла,  
Жалған айтқан болған жоқ кезім, Алла.  
Кемпірдің де көзіне шөп салғам жоқ,  
Қызыққаным болмаса анда-санда.

Жасамадым өмірімде ұрлық-қарлық,  
Істемедім пендеге көңілі тарлық.  
Босадым-ақ жұмыстан, үйде отырдым,  
Өсек іздеп желпілдеп жүрмей қаңғып.

Кезім бар ма саған бір ызаланған?  
Дозақтағы итерме отқа жанған.  
Қақ төрін де пейіштің бермей-ақ, қой,  
Артылмайды оларың мырзалардан.

Пейіштің де жетеді маған шеті,  
Берген өмірің, Тәңірім, болмайды екі.

Кемпіріммен кездесіп тұрсам болды,  
Жәрдемдессе өзіңнің күдіретің.

Атам менің осылай сыйынатын,  
Жайнамазы асығыс жиылатын.  
Мені жақын содан соң отырғызып,  
«Шаһнаманы» оқы деп бұйыратын.

\* \* \*

Қайғылыға қайғысыз қосылмайды,  
Жылағанның даусынан шошынбайды.  
Сенгенінен сый тартпай, мақтау айтпай,  
Өнерді де ойнатпай отырмайды.

Думаның да, тойың да күнде осында,  
Шақырады ұлығын сырласуға.  
Қанып ішіп, тоя жеп болса дағы,  
Қанбайды олар мақтауды тыңдасуға.

Ән де шырын естілер бал жаққандай,  
Құйқылжиды дауыстар сайратқанда.  
Қылымсыған домбыра өліп-өшіп,  
Байпандайды жорғамсап саусақтар да.

Қайран өлең, қайран ән сайрандаған,  
Қажыпты ғой қанжардай қайралмаған.  
Әр басшының әруағын бір көтеріп,  
Не болар деп ақыры ойланбаған.

\* \* \*

Бүгін тымық далада, ертең дауыл,  
Бүгін жеңіл дегенім ертең ауыр.  
Өмір шіркін өзгергіш, айнаымалы,  
Алмасады шаттық пен қайғы-зары.

Соққан біздің сәулетті сарайларға  
Уақытымыз жетпейді қарайлауға.  
Жазға егер үлгерсек, күзге үлгермей,  
Өтеміз де кетеміз солған гүлдей.

Бәрі асығыс белгілі-танымалы,  
Кең дүние ілезде тарылады.



Қысымынан тарлықтың арылам деп,  
Жанығудың жөні жоқ жарық алып.

Барға шүкір — тағдырдың бергеніне,  
Ой тоқтатсам, ырзамын көргеніме.  
Адам болып туғаным бақыт екен,  
Әрбір күнім ғасырлық уақыт екен.

\* \* \*

— Әлем, аспан, кеңістік шетсіз, шексіз,  
Кең әлемде, адамзат, түк те емеспіз.  
Жеріміздің өзі де ойыншықтай  
Шыр көбелек айналған тексіз-кексіз.

Өсетін жұрт байқалар әр межеден,  
Қала алмайды қушиған тар кезеңде.  
Биік гуманизмді мұрат тұтсақ,  
Ойлау керек космостық дәрежеде.

«Туған жерім», «мекенім» деген сөзге  
Мән беруге бола ма осы кезде?  
Ошақ бұты, от басы кеңесіне  
Еріп кете саласың сен де ілезде.

«Тілім», «жырым» дегеннің несі қымбат,  
Сөз емес пе осылар қалған құрғап.  
Қазақ болмай, әуелі адам бол деп,  
Ашу керек жастардың көзін тырнап! —

Деп философ береді маған ақыл,  
Жарар еді-ау түсінсе оған ақын.  
Мен қайдамын, оқушым, байқадың ба,  
Ал философ данышпан қайда жатыр?

— Жоқ, философ, бола бер өзің дана,  
Әлемді де тани бер өзің ғана.  
Ақылдан мен жақынмын ақындыққа,  
Мені бүгін билеуші сезім ғана.

Жоқ, философ, бола бер өзің ірі,  
Игере бер әлемнің барлық сырын.  
Ал мен болсам үйімде отырамын  
Домбырамен сөйлетіп қазақ жырын!

\* \* \*

Басым сына жаздайды ойлағанда,  
Қара тебен миыма бойлағандай.  
Ащы тұман ойымды айнытады,  
Әлсіз жанды әурелеп, ойнағандай.

Ауыр індет Сыр бойын алды басып,  
Туған жерден үріккен ел жатыр қашып.  
Аралдағы құландар ауып кеткен,  
Әлдеқайда үйірінен жүр адасып.

Қан жұтамын соған мен қараймын да,  
Айналғандай сиқым бар сары ауруға.  
Күнде елеңдеп ертеңнен үміт күтіп,  
Отырамын сағатты санаймын да.

Бұл не сұмдық жанымды жаралаған,  
Оқ жылан ба миымды аралаған?  
Сыртым бүтін болғанда, ішім түтін,  
Секілдімін айықпас қаралы адам.

\* \* \*

Бөлмеде кілең қамалып,  
Отыра беріп омалып,  
Сағынып қаппын, жақсы інім,  
Әкелдің қандай жаңалық?

Бойынан Сырдың су қашып,  
Сор басқан жерді у басып,  
Ауыпты дейді аңдары,  
Үрейден үркіп шу басып.

Жарылып күнде атомдар,  
Атылып кейде жақыннан,  
Тамырынан күйіп көк шөбі,  
Көбейген дейді тақырлар.

Жарылудан қатер зорайып,  
Адамдар өңі қарайып,  
Ауырған жандар айықпай,  
Кетіпті өлім молайып.

Төбеден оттай күн жанып,  
Аспаннан күнде тұз жауып,  
Жалаңаш қалған ауру жер  
Жатады дейді ыңыранып.

Рас па, шырақ, осылар?  
Өтірік деші, қосылмай:  
Жүрейін әр күн шошынбай,  
Көзімнің жасы жосылмай.

\* \* \*

Күнәм көп, мойындауға қорқам бірақ,  
Тұншыққан жатыр іште қанша сұрақ.  
Аламын деп ойлаймын кімнен бөйге,  
Өзімді қартайғанда өзім сынап.

Әйтсе де ойланған жөн анығырақ,  
Адал ой көрінеді жарығырақ.  
Көзіме елестейді небір күндер,  
Ішімде небір сырлар жатыр жылап.

Айналдым қоянға мен қорқақтықтан,  
Сәл ғана жел ысқырса, кеттім ықтап.  
Ең жақын досыма ара түскенім жоқ,  
Ол азап тартқан шақта зұлымдықтан.

Жанымды іштей күйіп, жараладым,  
Үндемеу болды тапқан бар амалым.  
Қалғанда жеңгем жесір, бауырым жетім,  
Дауыстап жылауға да жарамадым.

Жазуға жалған өлең шеберлендім,  
Жасырдым зарын елдің, мұңын ердің.  
Жадырап сыртым жарқын жүре бердім  
Бірі боп әділ айтар кемеңгердің.

Үйрендім жалғандыққа, дағдыландым,  
Қараны ақ деп жазып орден алдым.  
Көрінді көзіме енді өрескел боп  
Дегенім күні кеше «күйдім-жандым».

Алдырып сезімімді ай-жылдарға,  
Намыстан, ар-ұяттан айрылғанда,

Көрсетіп артын жұртқа, күлдіретін  
Айырмам болмай қалды маймылдан да.

Ойлар көп, жазып болған жоқпын әлі,  
Баяндау қиын маған көп күнәні.  
Бола алмай ер өмірі өткен жылдар,  
Санымды қартайғанда соқтырады.

\* \* \*

Күн басталса шуменен, сарынменен,  
Ала қашқан асаудай арынменен,  
Мен бастаймын жазатын жұмысымды,  
Ұялаған ойымда барымменен.

Түн түскен соң бәсеңдеп шу мен сарын,  
Азайтады көшелер жарқылдарын.  
Мен де барып төсекке жантаямын,  
Жастығымдай жастанып ойдың бәрін.

Шаршаған көз талады, жұмылады,  
Жарықтың да жалауы жығылады.  
Келер күннің шуымен оянам да,  
Отырамын тағы да сығырайып.

\* \* \*

Өткіздім ғой сан алуан сайрандарды,  
Талай рет сайрандар ойрандалды.  
Сырымбеттің бауырында көріп сені,  
Көбелек боп көзіңнен айналғанмын.

Көзің мені жібермей, сиқырлаған,  
Содан бастап ұнаған сиқыр маған.  
Ағарған таң секілді тұрсың әлі,  
Есімді алған сондағы сүйкімді әнің.

Таңның даусы сондағы құлағымда,  
Саңқылдап жүр қонбайтын құладындай.  
Әніңді естіп сондағы қуанғанмын,  
Әніңді естіп әуелі жыладым да.

Сырымбеттің бауырында қанат жайып,  
Сол таң әлі алдымда тұр сарғайып.

Таңның даусын, жаным-ау, үзе көрме,  
Таңмен бірге тағы да қозғалайық.

«Қап, бәлем, сені ме?»— деп сол кезде мен,  
Сүңгіп кеп, өзіңе шап беретінмін.  
Сен жүзіп, менен қаша жөндейтінсің,  
Ештеңе одан өзге демейтінсің.

Көк теңіз жарқылдаған көп шағала,  
Алыстап бара жатыр жұрт жағада.  
Келеміз сен қашқан боп, мен қуған боп,  
Қалды әне көз ұшында шулыған топ.

Келеміз жүзіп әлі, біз келеміз,  
Анаңдай аймалайды Қара теңіз.  
Жаным-ау, жүзе берші, тоқтамашы,  
Жоғалтып сені Әбділдан жоқтамасын.

\* \* \*

Теңізде толқын ырғалып,  
Анаңдай сені тербейді.  
Жетейін десем мен саған,  
Толқындар мұрша бермейді.

Соғады мені кеудеден,  
Сонда да құлаш сермеймін.  
Жетейін десем саған мен,  
Жетуге мұрша бермейді.

Теңізге жасар айлам не,  
Көнбеймін десе, көнбейді.  
«Түсесің бекер әуреге,  
Көрмейсің, — дейді, — жеңгейді!».

Алыстап кеттің неге сен,  
Қызықтың ба екен толқынға?  
Теңізбен қиын егесу,  
Жақынмын енді қорқуға.

\* \* \*

Түнде отырмын бір тынып, бір ыңылдап,  
Алыс пенен жақынның сырын тыңдап.  
Таудағы өзен тасқыны Қобыландыны  
Көрінеді жатқандай қайта жырлап.

Ат дүбірі, айқастың шулығанын  
Қабылдайды қалтқысыз менің жаным.  
Көлеңкеден көргендей болам анық  
Аттан жерге батырдың жығылғанын.

Барады өне алыстап ат дүбірі...  
Енді есітемін жігіт пен қыз сыбырын.  
Ай шұғыласы оларды барады алып,  
Басымды изеп қаламын мен де ақырын.

Тілдеседі екен-ау сәулелер де,  
Мұны аңғара алмаппын бұрын мен де.  
Жұлдыздардың есіттім сырласқанын,  
Қоштасқанын есіттім таңертеңде.

Оймен шолып түсіме кірмегенді,  
Өткіземін көктемгі күндерді енді.  
Ішім толы күйлі сыр, отырсам да,  
Домбырадай сүйеулі іргедегі.

\* \* \*

Қыстауда, тар бөлмеде толған халық,  
Жанып тұр іргеде бір сарғылт жарық.  
Қақ төрде домбыралы жырау отыр,  
Маңдайын орамалмен таңып алып.

Ағызып маңайдан тер,  
Таңайдан жыр,  
Орғытып баяғыны сөйлеп отыр.  
Айтады ер өлімін, ел жоқтауын,  
Елжіреп, егіледі тыңдап ауыл.

Сөзімен қауым жұртты байлап алған  
Құдіретті көрі жырау қайдан алған?  
Түн ұзақ жарыққа да ауа жетпей,  
Айналды сөнуге шам сығырайған.

Сол қария әлі есімде домбыралы,  
Алыстан келеді әлі солғын әні.  
Жел жетпей, барады өшіп әлсіз жарық,  
Жыраудың естімеймін сөзін анық...

\* \* \*

«Жақсы қиял, жақсы үміт бітті бәрі,  
Ештеңені күтпейді енді кәрі!»—  
Деген сөзді мен әлі айтқаным жоқ,  
Өжет ойдан ойсырай қайтқаным жоқ.

Ұмытқам жоқ көктемді, көгергенді,  
Отырғам жоқ омалып көгендеулі.  
Көбелек пен түсінем гүл тіліне,  
Одан асқан қызықтың керегі не...

Жас дәуренмен біргемін жүрегіммен,  
Күн жарығын қадірлей білемін мен.  
Көп үңілмей, түңілмей, кешіріңдер,  
Кейде қасірет байқалса іреңімнен.

\* \* \*

Жан-жүрегім сен дегенде тыншымай,  
Бағып сырттан күнде өзінді тыңшыдай  
Жүрген сонау менің қайран жас шағым,  
Қайда қалдың, қайда сені тастадым?

Күннен қашпай, көлеңкеге тығылмай,  
Кетіп бара жатушы едім бұрылмай.  
Қос бұрымың есімді әбден алатын,  
Көрген көздер қуанып бір қалатын.

Желмен бірге жеңіл басқан құлындай,  
Кетіп бара жатушы едің бұрылмай.  
Сонда саған еріп бара жатқаным  
Қалды есімде қазіргідей сақталып.

Тоқтама сен,  
Мен де өзіңнен қалмайын,  
Жатпайықшы жапырағымыз сарғайып.  
Жасай берші көңілімде осылай,  
Аз ғана күн алданайын, шошымай.

\* \* \*

Қайтесің сынап менің талғамымды,  
Өзім де шамалаймын салмағымды.  
Жаттандыңды көпіртіп айта бермей,  
Ойлауыма мұрша бер алдағымды.

\* \* \*

Соқты боран көзім түк те көрместей,  
Айналыпты адамға ерік бермеске.  
Мен келемін желмен жаудай алысып,  
Дауыл тұрсын, ажалға да көнбестей.

Неткен боран, кеткен қалай қағынып,  
Қараңғыда келем әрең, тарығып.  
Қайда менің кешегі алтын арманым?  
Қайда жолым, қайда менің жарығым?

Қайда менің алтын айдар арманым?  
Қайда менің қасиетті жандарым?  
Қайда менің көк аспандай күмбезім  
Қарайтын жұрт ғажайыптай таңданып?!

Ойым менің ұрынды бір қиынға,  
Жел ойнайды жынданардай миымда.  
Бұл не қылған есімді алған шуылдар,  
Бұл не қылған үрейді алған құйындар?!

\* \* \*

Шаршадың, жаным,  
Отырмын қысып қолыңды.  
Сұйыды-ау қаның,  
Берем бе шын-ақ өлімге?

Не деген әлсіз,  
Мүсәпір едім, кем едім? —  
Титтей де саған  
Тимеді-ау менің көмегім!

Бұлдырап көзім,  
Көңілім тартты қараңғы.  
Көрмедім бүгін  
Өзімнен пақыр адамды.



Берем бе шын-ақ  
Қолымнан сені өлімге?  
Келмеді-ау әлім  
Өзіңмен бірге өлуге.

Қош... дедім әрең,  
Үнім де бітті... тоқталды.  
Бастадым жылап  
Өмірімде бітпес жоқтауды.

\* \* \*

Тұратын күндіз өшіп, түнде жанып,  
Аспанның көп-ақ екен жұлдыздары.  
Шығыстың жыраулары ғазал айтқан  
Жыр қылып жұлдыздағы үр қыздарын.

Жұлдыздар жанады әлі тұрағымда,  
Ғазалдар шулайды әлі құлағымда.  
Мен жалғыз өз Сарамды жырлап келем  
Өшпейтін жерде жанған шырағымдай.

Сәуле бер, о, жалғызым, сөнбе, жаншы,  
Жұлдыздай жүрісіңнен жаңылмашы.  
Қаламым қолымдағы сарылмасын,  
Жүрегім жырлап тұрған жарылмасын.

\* \* \*

Есімде сонау жылдар, сонау күндер,  
Жүруші ем достарыммен еркін мүлде.  
Шуылдап бір адамдай күлетінбіз,  
Алматы жын қаққандай сілкінгенде.

Тауым бар — Алатауым, өзім бармын,  
Елім бар, ерлерім бар, кімге зармын?!  
Алауды жер шайқаған бұғалықтап,  
Асаудай шыңғыртып мен тоқтатармын.

Деуші едім: «Өзім батыр, өзім бимін,  
Ырғағын тоздырмаймын тартқан күйдің.  
Соқса да қара дауыл, қызыл алау,  
Шаңырағын шайқай алмас біздің үйдің!»

Апыр-ау, сол қайратым қайда кеткен?  
Шықпайды бүгін менің даусым өктем.  
Үміт пен сенімімнің азайғанын  
Сеземін жүрегіммен дір-дір еткен.

\* \* \*

Түсімде көрем торғындай аппақ көл бетін,  
Айдынға түскен ай жүзді қыздың келбетін.  
Айналып сол қыз ілезде мұңлы аққуға,  
Әнімен мені кетеді демде тербетіп.

Тербеле берем, тербеле берем түсімде,  
Туады бір күй аңыраған менің ішімде.  
Қараймын мұңды жас басқан көзімді ала алмай  
Айналған ана сағымға аппақ мүсіннен.

Айналдым мына сағымға кірген мүсіннен,  
Қобызым өксіп жылайды менің ішімде.  
Көтерші, сағым, махаббатымды көтерші,  
Көтере берші, қайтадан төмен түсірмей!

Түсімде көрем торғындай аппақ көл бетін,  
Айдынға түскен ай жүзді қыздың келбетін.  
Осы бір сурет екен-ау өзі Сәкемнің,  
Таппаспын қайта кезсем де бүкіл жер бетін.

\* \* \*

Ішімде жатыр айнымас әншім, байқадым,  
Бабына жетсе, сол әншім дәйім шайқалып,  
Домбыра менен қобызға кезек қосылып,  
Зарымды менің естіртіп елге айтады.

Сол даусым әмән естірткен менің мұңымды,  
Шертеді тынбай сырымды күймен бүгінгі.  
Жұлдызға, күнге, айға да бәрін шағады,  
Содан соң мұрша табады көзін ілуге.

Сескендің, әншім,  
Шыныңды айт, неден сескендің?  
Жыртылды қандай ұяттан сенің бет пердең?  
Дауысың неге қалтырап шықты жылардай,  
Шырағың жаңа жарқырап тұрған өшкендей.

Әрине, қорықпай қорқатын шақта қалмайсың,  
Ондайда сен де амалсыз әлсіз жандайсың.  
Жылағың келсе, жасырмай жұрттан, жылай бер,  
Атанба жалғыз, өтірік өксіп, алдаушы.

\* \* \*

«Болмайды, — деп, — жұрт алдында жазықты»,  
Тағдыр өзі маңдайыма жазыпты.  
Бірақ маған оңай өмір үйретпей,  
Босатпапты қасірет пенен бейнеттен.

Айырмапты бөліп мені қазақтан,  
Босатпапты рахаттан, азаптан.  
Жылайтын да, күлетін де етіпті,  
Сөйтіп жүріп сексеніме жетіппін.

Сөйтіп жүріп сексенге де жетіппін,  
Небір күндер, небір жылдар өтіпті.  
Білем тағы таңның қайта атарын,  
Бітеді енді менің дағы қатарым.

Сәкем де жоқ күнде Әбекем дейтұғын,  
Бір табақтан күнде бірге жейтұғын.  
Күнім түнге, түнім күнге ауысып,  
Оның да енді естімеймін дауысын.

Былырғыдан биыл көптеу жөтелім,  
Қалтыраймын, тоңамын ба, не етемін?  
Қойшы, қария, қайдағыны шығармай,  
Неге керек өзінді өзің бұғаулап.

\* \* \*

Айтып әлі болмаппын  
Өз ойымда не барын.  
Айта алмасам не барын,  
Кімге менің обалым?

Күнде шығып жоғары,  
Көтеремін кеудемді,  
Бар жұмысты доғарып,  
Тоғыта бір сөйлеуге.

Бірақ тілім күрмеліп,  
Ернім кебе береді.  
Тимей қойды мүп-мұздай  
Судың дағы көмегі.

— Жүйкенді күт, көкешім,  
Тірлік керек емес пе!  
Неге түсе бересің  
Бітпейтін бір егеске? —

Дейтін Сара. Ал мен ше?  
Айтып әлі болмаппын.  
Құрсауында қалыппын  
Ой деген бір толғақтың.

\* \* \*

Сүйем күннің, сәулелердің жарығын,  
Жарықта мен жүрем ойдан арылып.  
Қас қарая мұңға бата бастаймын,  
Кең дүнием кететіндей тарылып.

Қарттық шығар,  
Неге қорқам түннен мен?  
Жабық үйде жел үрлейді іргемнен.  
Кәдімгідей тітіркене қаламын  
Көршідегі кәрі төбет үргеннен.

Күн де орнында, белгілі,  
Кеміген жоқ дүниенің де кеңдігі.  
Домбырадай тиегінен айрылған  
Әлсіреген менің ғана ерлігім.

\* \* \*

Қиналма жалғызбын деп,  
Мен сенің қасыңдамын.  
Бар мейірім-ғышқымменен  
Қабіріңнің басындамын.

Қарыған қар менен мұз  
Өтсе де сүйегімнен,  
Қар басқан топырағыңды  
Жастанып, сүйемін мен.

Күңіренген дәл қасында  
Өзіңнің Әбекеңмін.  
Күн мен түн алмасуда...  
Бірақ мен бар екенмін...

\* \* \*

Мен де адаммын ғой,  
Жетеді әлсіздіктерім.  
Көтеру қиын  
Уақыттың ауыр жүктерін.  
Отырам мен де  
Әлсіздік жасап абыржып,  
Көрінбей қалса  
Алдымнан сеніп күткенім.

Мен де адаммын ғой,  
Көп екен әлсіздіктерім.  
Көп екен арман,  
Аз екен оның біткені.  
Көп екен шаттық,  
Аз емес екен қайғы да  
Күйретіп кейде  
Кететін адам үміттерін.

\* \* \*

Ауыр ғой жолдар,  
Ауыр ғой менің жолым да.  
Ауыр жол менің  
Рахатым, тағы сорым да.  
Анамның өні  
Тынымсыз мені бастайды,  
Ақ таяғымды  
Түсірмей өсте қолымнан.

Анамның өні  
Тербетіп мені бесікте,  
Ақ сүтін еміп,  
Адам боп адал жетістім.  
Сол әнмен міне  
Келемін ауыр жолдарда,  
Шаршадым демей,

Бір мезет тоқтап кешікпей.  
Далалар қалды,  
Қалалар қалды жолымда.  
Келемін тынбай,  
Қорқыныштардан қорынбай.  
Алыстан жеткен  
Анамның әні өлмесе,  
Түспейді менің  
Ақ таяғым да қолымнан.

\* \* \*

Алыстан келем,  
Алысқа беттеп барамын.  
Алдымнан күнде  
Үмітім жарық жағады.  
Алдымнан күнде  
Үмітім жарық жақпаса,  
Жүрегім талып,  
Әлсіреп қана қағады.

Тұрғандай күтіп  
Қорқыныш түйіп қабағын.  
Тұмандар төнсе,  
Зәремді тіпте алады.  
Сол кезде алдан  
Жарығым қайта жанады.  
Ол жанса, менің  
Арманым сөнбей қалады.

Алыстан келем,  
Алысқа кетіп барамын.  
Қинайды кейде  
Кенеттен туған алаңым.  
Жарығымды іздеп,  
Алдыма бойлай қараймын.  
Ол жанса, менің  
Жырым да қанат қағады.

Алыстан келем,  
Алысқа беттеп барамын.  
Алқынып кейде,

Әрең деп демімді аламын.  
Жалт ете қалса  
Алдымнан күткен жарығым,  
Кеудемде лаулап  
Тағы бір жарық жанады.

\* \* \*

Ағат айтсам, сыздап анам жүрегі,  
Мен үшін ол өкінді де жүдеді.  
Кешіргенге күнімді өзі асығып,  
Тәңірінің де кешірімін тіледі.

Жазғырған жоқ жаңсақ бассам Сарашым,  
Еркелігім тұрды оған да жарасып.  
Анам, жарым кешірімді болған соң,  
Кеткенім жоқ мен де ұямнан адасып.

Таусылған жоқ бересім де аласым,  
Енді ешкіммен болмақ емес таласым.  
Бүгін, достар, даусым қатты шықпайды,  
Барлығыңмен табу үшін жарасым.

\* \* \*

Миымда менің далалар жатыр ұласқан...  
Буалдыр күнде бұлыңғыр тартқан тұр аспан.  
Жондарым жатыр жоғалтқан жазғы жасылын,  
Жолдарым жатыр жүргіншілерге сыр ашпай.

Миымда биік тауларым жатыр ұласқан...  
Бұлттары қайнап, найжағай шайнап тұр аспан...  
Мұздарым жатыр мызғымай шашып ызғарын,  
Құздарым жатыр жаңғырықтары сыр ашпай.

Миымда қалың орманым жатыр ұласқан...  
Көктемім келіп, көгілжім тартқан тұр аспан.  
Кеудемде жырым күбірлеп қана сөйлейді  
Осы планетада барымды менің растап.

\* \* \*

Өзгертпеймін пендеге  
Өзім жаққан жарықты.  
Жарық маған танытқан  
Күңгірттер мен анықты.

Қалдырамын далаға  
Өзім жаққан жарықты.  
Сөндіре ме, жаға ма —  
Ол еркінде халықтың.

\* \* \*

Керек қой жарық,  
Жарықсыз өмір өмір ме?  
Мен үшін түннен  
Жарық күн қайда жеңілдеу.  
Ұйықтасам, небір  
Шытырман түстер көремін.  
Қиналып жүрем,  
Қабырғам әрең сөгілмей.

Керек қой жарық,  
Жарықсыз өмір өмір ме?  
Түн маған қазір  
Құрсаулап тұрған темірдей.  
Отырам түнде  
Шамымды жаққан өшірмей,  
Шошиды жаным,  
Қаламым қалса көрінбей.

Әйнектен көрем  
Көршімнің көбін бүгін мен.  
Жастардың жыға  
Танымайды екем түрін де.  
Біреулер күліп,  
Көңілді-ақ өтіп барады,  
Ал біреулердің  
Сыртынан түк те білінбей.

Қар қандай қалың,  
Аяз-ау деймін бүгін де.



Балалар қандай  
Омбылап қарға жүгірген.  
Әбуғали, өне,  
Үйіне қайтып келеді,  
Ажырасар емес  
Ойынан әлі үңілген.

Түссе де салмақ  
Тозығы жеткен сіңірге,  
Қараймын күндіз  
Қоғалыстарға түңілмей.  
Ауырлап бойым,  
Шегінем кейін әйнектен,  
Ауысып ойға  
Туатын міне іңірде.

\* \* \*

Талай жылды өткізіппін бекерге,  
Кешегіге бүгін қолым жетер ме...  
Қайда Сара? Қайда уақыт мейірімді  
Екеуімізді егізіндей көтерген?

Осы дүние бізге мәңгі мекен деп,  
Ойнап жүре беріппіз ғой секеңдеп.  
Мен айтушы ем сүйсінгенде Сәкем деп,  
Сен айтушы ең исінгенде көкем деп.

Сен айтушы ең Әбекең деп, көкем деп,  
Сенсіз маған өмір сүру бекер деп.  
Неге маған айтпағансың, Сәкем-ау,  
Көкешімді жалғыз тастап кетем деп?

Бір жасадық, бұл жарықты мекендеп,  
Ойламаппын сәулелі күн кетер деп.  
Қартайғанша қалай сезбегенмін мен  
Сенің жаның менен бөлек екен деп?

Менің денем сенікі емес, бөтен деп,  
Менің жаным сенен бөлек екен деп,  
Ессізбін бе, қалай ойламағанмын  
Сен өлгенде мен қаламын екен деп?

\* \* \*

Көңілімдегі сайтан ба әлде періште,  
Меніменен тайталаспай, келіс деп,  
Маза бермей, сыбырлайды күбірлеп:  
— Тышқан тірлік қартайғанда не керек?  
Думаннан без, елден кет,  
Күн шыққаннан жағынды  
Күн батқанша қарыстыр,  
Сөзден енді таба алмайсың сый-құрмет.  
Шашыңнан көп күнәң үшін  
Түні бойы кешірім тіле,  
Ішіндегі өзің сенген  
Құдайыңа тағат ет!

Көңіл күйің еркінді алып,  
Бара жатса шыдатпай,  
Шабытыңды қоза қалған  
Басқа соғып, кері айда!  
Білемісің қанша күнә  
Арқаладың тірлікте,  
Кете беріп көрінгенге сыңайға?  
Адам әсте оңбайды  
Өз нәжісін шаужайламай, тыңаймай.  
Өзіңе өзің ауыр жаза кеспесең,  
Арылмайсың жүзіндегі ұяты жоқ  
Жиіркенішті шырайдан.  
Бірақ, бірақ бұл сөзім де тал қармау,  
Әр тосқынға бір соғылу  
Қамаудағы құландай.  
Өмір бойы бір өкінбей,  
Өмір бойы жүрегінді лайлап,  
Жаныңның ақ көңілімен  
Жылаған даусын шығармай,  
Әр сұмырайға бір жалтақтап,  
Арсалаңдап аң қуатын құмайдай,  
Өлер шақта кешірім тілеп,  
Өкінгенмен, не жәрдем  
Ішіндегі оянбаған Құдайдан?!

\* \* \*

Ешкімнен сұрап  
Жаныңа жылу таппайсың.  
Өлген соң, қазақ  
Көмеді жерге тақтайсыз.  
Жеткенше күшің,  
Жаға бер жалғыз отынды.  
Өзгенің өртің  
Қайтесің, несін мақтайсың.

Тәңірінің күні  
Биікте, сонау алыста.  
Тап сондай жарық  
Берем деп бекер жарыспа.  
Бірақ та, досым,  
Тұтанған отың өшпесін,  
Сексеуілің дұрыс  
Жағуға жеңіл қамыстан.

Құдіретті сыйла,  
Құдіретке бірақ табынба,  
Жетекке кетпе,  
Жарамсақ болма, жағынба.  
Қартайғанда басың  
Есіктен төрге шықпайды,  
Күтпесең оны  
Құрметтеп жастау шағыңнан.

\* \* \*

Қағамыз кілең  
Жаңа жылдардың қақпасын.  
Бұл жаңа жылдар  
Жастардан гөрі  
Қартқа сын.  
Жаңадан туар  
Күндердің бәрі идеал,  
Тек, Тәңірім өзі  
Белгісіздіктерден сақтасын.

Келетін уақыт  
Қашанда жұмбақ, белгісіз,

Сол белгісіздіктер  
Үркітер жанның шерлісін.  
Жаңарған жылдан  
Сыбаға күткен күштілер  
Таба алмай тағат,  
Келеді тезірек көргісі.

Қашатын мен бе  
Келетін жаңа жылдардан!  
Жақындай берем  
Тоқталар жерге жылдамдап.  
Әр күнім менің  
Өзіме тиген сыбағам,  
Бұйырмағанды  
Алмақпын қайтіп, кімді алдап?!

\* \* \*

Тартсам да қандай бейнет жер бетінде,  
Бейнетім бұзған емес келбетімді.  
Жасымнан ата сыйлап үйренгенмін,  
Бесігін бөбектің де тербетуді.

Мезгілдің шошынғандай дабылынан,  
Таусылып көргенім жоқ сабырымнан.  
Тағдырым тірлігімді айырмайды  
Ата, ана, сүйген жардың қабырынан.

Жаратқан мені Тәңірім жерім деуге,  
Жерім деп жыр жазуға ерінбеуге.  
Қалғанда өмірімнің оннан бірі,  
Жатпаймын жасырынып көрінбеуге.

Тірі емес, өлгендердің қатарында  
Кеудемде жаным барда жатамын ба?  
Қалай мен өз жұртыма көрсетпеймін  
Қып-қызыл қанатымды батарымда...

\* \* \*

Алатаудың бауырында  
Менің ата мекенім.  
Мекенімнің біліндер  
Алтын ұям екенін.  
Жаққан отым жартаста  
Жарқырап тұр әнеки,  
Сол жарықты сөндірмей,  
Жағуменен өтемін.  
Алатаудың басынан  
Күн қуанып өтеді.  
Тауым мәңгі тұрады  
Қарын көкке көтеріп.  
Менің жаққан оттарым  
Түнде жарық төгеді,  
Бар әлемге танытып  
Әбділданың мекенін.

Алатаудың баурында  
Менің ата мекенім.  
Мекенімнің жырлаймын  
Алтын ұям екенін.  
Менің жаққан отымның  
Азаймайды жалыны.  
Аласартпай тауымды,  
Тұрады елім көтеріп.

\* \* \*

Келе жатқан жоқпын мен  
Белгісіз бір түнекте.  
Келем жарық үмітке  
Маңдай терім сүмектеп.

Болмасам да олжалы  
Жолымда алтын күректеп,  
Келем аппақ тілекпен  
Маңдай терім сүмектеп.

Шөберемді көрем деп  
Жаңа туған, шыр еткен,  
Іздеп соны келем мен  
Маңдай терім сүмектеп.

Тербетемін бесігін,  
Жаялығын жаямын.  
Сол үшін мен келемін  
Таяғыма таянып.

Сол үшін мен келемін  
Ақ таяққа таянып.  
Қайталаймын өжемнің  
Бесік жырын баяғы.

\* \* \*

Бораны қыстың ұлып тұр,  
Сәуірден күнді қызғанып.  
Сеземін оның сызданып  
Ызамен шашқан ызғарын.

Сапырар бүгін аспанды  
Қырсықса желдің сайтаны.  
Ертең ол қайта жуасып,  
Жылылық өнін айтады.

Мінезі желдің белгілі,  
Мезгілдің өні айтары.  
Жазды күн жұмсақ, мейірімді  
Шулатқан қыс та қаңтарын.

\* \* \*

Көздеріңе көрінсем әлсіз бүгін,  
Дей көрмеңдер ол менің қамсыздығым.  
Қызар жерде әдейі қызынбаймын,  
Біреулердің елемей арсыздығын.

Отырамын сабырмен, қызынбай-ақ,  
Түсім қашып, дегбірім бұзылмай-ақ.  
Суымаса халқымның жылы көзі,  
Аяқ асты болмайды айтқан сөзім.

«Сабыр түбі — сары алтын», сенем оған,  
Не бұйырса тағдырым, көнем оған.  
Інілерге тауфық бер, ар-ұят бер,  
Шыдамымды жасытпа, о, Жасаған!

\* \* \*

Түнгі дала тұтасқан қараңғылық,  
Әріректе аш бөрі барады ұлып.  
Бала күнгі ертектер елестейді  
Бірі жылап сақылдап, бірі күліп.

Сенем деймін, бәріне елендеймін,  
Сәби шақтың елесін көрем деймін.  
Кетіп бара жатырмын түнді аралап,  
Елестермен оралып келем деймін.

Осы дала — көз жетпес менің далам,  
Түнгі дауыс қашанда етеді лаң.  
Күндіз топырақ үйірген тілсімдермен  
Қосылам да, құйын боп шыр айналам.

Сондай кезде сөйлей қап атам менің,  
Бетті шарпып ентігіп алған демі:  
— Сабыр, балам, сәбиге неге айналдың? —  
Деп бастайды менімен әңгімені.

Суып сонда қанымның қайнағаны,  
Қайта түсіп қалпына ойлағаным,  
Болмысына өмірімнің көз жіберіп,  
Қарттығыма амалсыз айналамын.

\* \* \*

— Сен өзің кімсің, ата, түсіндірші:  
Дұрыстап айт, әншімісің, жыршымысың?  
Өлген соң қалай сені жоқтаған жөн,  
Аталмақ жұрт алдында қай жұмысың? —

Деп менен сұрап отыр өз немерем,  
Апырым-ай, не деп саған жауап берем?  
Атауға жұмысым деп жарар ма екен  
Қазаққа қазақшалап жазған өлең?

Қоя ғой, атауға олар жарамас-ты,  
Жарамас оқуына келер жастың.  
Өлгеннің өлеңін кім іздер дейсің,  
Өзінде тірілердің жоқ жарастық.

Жер тисе, көмерсіндер жоқтамай-ақ,  
Жалған сөз жарыстырып оттамай-ақ.  
Қабырыма соғып кетіп тұрарсыңдар,  
Басыма белгі орнатып сақтамай-ақ.

\* \* \*

Тоқтап бір кез кергенім жоқ тұманда,  
Ере бердім ерлік деген ұранға.  
Мүз төсеніп, қар кешсем де шыдадым,  
Шырқыраған жанның даусын шығармай.

Шырқыраған жанның даусын шығармай,  
Ере бердім ерлік деген ұранға.  
Бердім бәрін қуатымның шыдамға,  
Енді ақырғы күндерім кеп тұр алда.

Өттім қанша тұманнан мен, бұлттан мен,  
Өттім қанша танымайтын жұрттан мен?  
Ертең қанша белгісіздік тұр күтіп,  
Тұманынан бүгіндердің шыққанмен?

\* \* \*

Мен сені Құртқам дедім, кереметім,  
Сен маған жалт қарадың елең етіп.  
Содан соң Тайбурылды баптай бердің,  
Өзіңнің Қыпшағыңа көмек етіп.

Мен сені Құртқам дедім, кереметім,  
Өзіме өз Құртқамды керек етіп.  
Содан соң Құртқамды мен айта бердім,  
Қосылып домбырама өлең етіп.

Домбырам, қалай бүгін қағыласың,  
Жылайсың, кімді көксеп сағынасың?  
Зарлап бір қасіретіңнен босап алышы,  
Әйтпесе, шанағыңнан жарыласың.

О, Құртқам, айналдың-ау елеске сен,  
Тұрасың Бурылды ұстап белесте сен.  
Жөнейді аңырап әнім, боздап жырым,  
Белестен Бурылды ұстап елестесең.



Мен сенің айрылмаймын елесіңнен,  
Тұра бер Бурылды ұстап белесінде.  
Мен сені көз жұмғанша күтейінші,  
Жетектеп Бурылынды келесің деп.

\* \* \*

Мен туғанда далада жел шулаған,  
Көкте тырна, көлде аққу қиқулаған.  
Қырық күн бойы жасалып шілдеханам,  
Тау қыраны батасын берген маған.

Жолбарыстың еміппін емшегін мен,  
Айрылмаппын содан соң ер сенімнен.  
Жігіт шақта шөлдесем, су ішіппін  
Жұмбақ қыздың жасырын кеусерінен.

Болғаннан соң өз жұртым, өз әулетім,  
Айтқанымды қылмапты ешкім екі.  
Кең даламның еркесі атаныппын,  
Тәңірінің де елемей құдіретін.

Бейнет, өлім дегенді елемеппін,  
Өзім ғана дүниеде кереметпін  
Деппін де, мен әндете беріппін ғой,  
Бұзылмастай қаймағы берекеттің.

Енді міне ес кірді, көңіл тынды,  
Естір болдым, есірмей, шер мен мұңды.  
Өткенді айтып бұл күнде күңіренеді  
Жел мен ақын — кешегі екі жынды.

\* \* \*

О да жақсы, бұ да жақсы секілді,  
Сөзбен бәрі беріп жатыр кепілдік.  
Дастарқанда тастай берік татумыз,  
Ғажап сырлар айтылады не түрлі.

Іштік, жедік, құшақтастық, жаластық,  
Дастарқанда бұзылған жоқ жарастық.  
Жарастық та, тату-тәтті тарастық,  
Тарасқан соң, табыса алмай, адастық.

Сыртын беріп, ішін әсте берместер,  
Жасаған-ау, қалай маған кездескен?  
Маған күнде соғып кетіп жүреді  
Достықты айтып достасуға көнбестер.

\* \* \*

Өзеннен өттік  
Қайыққа мінген жолшылар,  
Кейбірі ғана  
Көрісіп жүрген қоңсылар.  
Тіршілік-тірлік,  
Әркімге тиген сыбаға —  
«Маңдайдан бәрі»  
Дейтініміз де сол шығар.

Қайбірін көріп,  
Қайбірін ертең көрмейміз,  
Көбінің түсін  
Еске де сақтай бермейміз.  
Біріміз төмен  
Құлдырай құлап барамыз,  
Біріміз өрге  
Жығылғанша әбден өрлейміз.

Қайықтан түстік,  
Өзеннен өттік, тарадық...  
Бүгін мен ертең —  
Білгенге жұмбақ аралық.  
Адамның өмірін  
Таусылмас дастан етеміз,  
Қып-қысқа мерзім  
Тіпті ұзақ тарих саналып.

\* \* \*

Сәби күнгі секілденіп мұратым,  
Аппақ шырақ күнде жанып тұратын.  
Көрдім десем сол бір аппақ шырақты,  
Оқып дұға, шешем ырым қылатын.

Сол шырағым, қайда барсам, бастады,  
Еркін бастым, адасам деп саспадым.

Көргенім жоқ қараңғыдан жасқанып,  
Жата бердім тасты да мен жастанып.

Сәби күннен жанған осы шырағым  
Әлі маған сәуле беріп тұрады.  
Сол ақ сәулем жана берсе, сөнбесе,  
Тастау қиын мені шетке шығарып.

Менің де бар өлшеудегі мезгілім,  
Менің де бар өз шырағым, өз күнім.  
Өз күнім мен өз шырағым өшкенше,  
Босатпаймын тағдырымның тізгінін!

Бұл жарықта әсте жарты емеспін,  
Ішіндемін заманалық кеңестің.  
Айтар ойым бола қалып көмескі,  
Кәрілік қой, кешіріндер демеспін.

\* \* \*

Төменде қалды қаланың сасық бұлттары,  
Келемін сергек, ұлымай итше жұрттағы.  
Алдымда көктем сыбызғы тарта бастады,  
Тыңдатып күйін бақыттыларға сырттағы.

Жасаған, мені қалдыра көрме төменде,  
Нұрлана берсін көктемнің күні төбемде.  
Жел жұтып еркін, сусыным тағы қансыншы,  
Табысар ма екем, әлденіп, тағы өлеңге.

Келемін қашып, қамаудан қашып келемін,  
Көтерген туын көктерге сәлем беремін.  
Тастадым, міне, иықтан ауыр тонымды,  
Жабындар маған ақ бұлттың жеңіл желегін.

\* \* \*

Адам біле бермейді жер қуатын,  
Тек топырақ деп атайды оның атын.  
Жерден сұра даналық, ізгілікті,  
Жер емес пе біздегі ең ұлы ақын...

Ол, әрине, сыр айтпас көрінгенге,  
Тазарып ал, әуелі ішінді өңде!  
Ақтарады ол ақ сырын ағыл-тегіл,  
Шалқып жатса махаббат өз кеудеңде.

Сүйіп сені ұлы жер мейірленсе,  
Өткенді айтса, ертеңнен хабар берсе,  
Мықты әулие көреген болдым дей бер,  
Арманың жоқ, ұлы жер саған сенсе.

Үміт қосып, алдыңнан жол ашады,  
Жер мен адам ғашық боп жарасады.  
Жастық қуат албыртқан алып ұшып,  
Небір ғажап өткерер тамашаны.

Тамашалар біткен соң аяқталып,  
Күңгірт тартып, сөнген соң жанған жарық,  
Ғашығына ұлы жер демалдырып,  
Мәпелейді өзінің қойнына алып.

\* \* \*

Аянатын несі бар керегінде,  
Отырам ба омалып өлемін деп.  
Кешегі күн өтті енді, бүгін де өтер.  
Күтем тағы ертеңім келеді деп.

Әр күнді мен ұзаттым аянышты,  
Таба беру оңай ма таянышты.  
Күн сайын бір жоғалтып қимасымды,  
Күн сайын бір менің де зәрем ұшты.

Дағдыландым үркіп те, қуанып та,  
Жұмбақ тағдыр мойнымда дұғалықтай.  
Бірде жылап, бір күлген белгісіздік  
Арамызда жүреді құдалыққа.

Дағдыландым жылап та, қуанып та,  
Көрдім талай қызарып, қуарып та.  
Белгісіздік мойнымда тұр асулы  
Бас білдірер асауды бұғалықтай.

\* \* \*

Түнде шешем ұйықтамай,  
«Шаһнамасын» қолға алып,  
Отырғанда толғанып,  
Ұмытатын тоңғанын.

Көзі ашылған кітапта,  
Көңілі сонау жылдарда.  
Жарқылдады майдандар,  
Күркіреді ойрандар.

Жабылған жоқ «Шаһнама»  
Апам көзін жұмғанша,  
Тіршілігі сынғанша,  
Алған демі тынғанша.

Жабылған соң «Шаһнама»,  
Бітті соғыс, қырылыс.  
Дүние тыныш, тым-тырыс,  
Естілмейді бір дыбыс.

\* \* \*

Алыстасың, сен менен алыстасың,  
Мен келемін уақытпен жарысқансып.  
Жарыссам да саған мен жете алмадым,  
Жолдан шығып сонда да кете алмадым.

Артым ыстық болғанмен, алдым суық,  
Мекеніңе мінеки келдім жуық.  
Көз жіберіп қарасам маңайынды,  
Алтын күмбезді көремін сарайынды.

Қақпанды аштым, әміршім, бұйрық етші,  
Бөгемесін жолымды сұм күзетшің.  
Қабыл етсін күмбезді кең сарайың,  
Тыншып мен де қасыңда демалайын.

\* \* \*

Сенейін бе көзіме, сенбейін бе,  
Көнейін бе көңіліме, көнбейін бе?  
Қиялыммен ұшып ем, тұрмын қазір  
Жастығымның бір биік деңгейінде.

Аспан ашық, жап-жарық, далам тегіс,  
Жасаған-ау, жан-жағым неткен кеңіс?  
Шоқ қайыңның жайқалған ортасынан  
Қыздар әнін есітемін еміс-еміс.

Бұлт жамылған тауларым заңғар-заңғар,  
Шоғырланып белесте барады аңдар,  
Сағымменен жарқырап көлдің беті,  
Ирелендер жай ғана жолда шаңдар.

Сенейін бе өзіме, сенбейін бе?  
Шықпаған сыр әлі көп көмейімнен.  
Адам ойы жаңғырған қызық екен,  
Ала қашқан жатсаң да өлейін деп.

Мен өзіме иемін қашан дағы,  
Тәтті қиял, әйтсе де, осал жағым.  
Аққу құсқа айналса ақ арманым,  
Қиын сонда қиялдан босанбағым.

Қиын болса қайтейін, болсын, болсын,  
Тастамасын тек мені қиял қоңсым.  
Кеудесінде ойы жоқ, арманы жоқ  
Әлсіз шалға өлең кеп қайдан қоңсын.

\* \* \*

Алданбасам, біреуді алдамасам,  
Өлер едім жарылып әлдеқашан.  
Өзіме ырза болмасам, сеземін бе  
Жүргенімді тірлікте неге жасап.

Бір күн адал, әділмін тура шапқан,  
Күнәм қалың, келер күн, қиянаттан.  
Бір жағым күн, көлеңке қарсы жағым,  
Жолым біреу жалғыз-ақ келе жатқан.

Бәрі өтеді, қалады жалғыз басым,  
Жын ойнақтың көбін сен ұмытасың.  
Адасқан ит секілді иесі жоқ  
Ұлып жұртта бір күні отырасың.

\* \* \*

Күнде кешке туасың  
Жұлдызым боп аспанда.  
Күліп маған тұрасың,  
Жүрегінді ашқандай.

Іздеп сені, қараймын  
Күнде кешке аспанға.  
Қалың ойлар қамайды,  
Қалың бұлт кеп басқандай.

Саған деген жырларым  
Қалмасын деп басталмай,  
Серпіп ойдың тұманын,  
Сені іздеймін аспаннан.

\* \* \*

Баяғы түрі,  
Нәресте күйі жап-жарық,  
Бейкүнә көзі  
Күлімдей қарап тұр жанып.  
Жапырағы жаңа  
Көгерген мөлдір ақ қайың  
Еркелеп желге,  
Қалады өнтек ырғалып.

Алдымда әлі  
Ақ қайыңымның тұрғанын,  
Еркелеп желге,  
Қалғанын өнтек ырғалып,  
Мен айта берем,  
Талмастан айта беремін,  
Ақ қайыңымды  
Көлеңкеден де қызғанып.

\* \* \*

Қыс өтті міне, көрдің ғой,  
Бүркенген бетін ашты жер.  
Ажары кірді жердің де,  
Көгере берді көңілдер.

Бусанып будан боз топырақ,  
Оянды тірлік тереңде.  
Менің де жаным жапырақтап,  
Жылуын берді өлеңге.

\* \* \*

Қашқақтайды думаннан көңіл неге,  
Кіріп барам бір бұлдыр көлеңкеге,  
Қорғасындай ауыр ой қозғатпайды,  
Елікпеймін шаршатар әңгімеге.

Сөздер қайда ұшқынды, кеміген бе?  
Ондай қуат жоқ па еді, тегі, менде?  
Қаламаймын я ыстық, я суықты,  
Екеуінен біржола жерігендей.

Қайран көңіл дауылды, от құмарлық,  
Керегінде гуледік, күйдік-жандық.  
Жайып салдық бәрін де, аямадық,  
Бөгет жасай алған жоқ іші тарлық.

Қанша білгір болсаң да, қанша ұқыпты,  
Шықпайды екен күйректен шыдам мықты.  
Тізгінінді қос қолдап тартсаң дағы,  
Ұстай алмай қаласың құмарлықты.

Жылап-жылап алмасам шаршағанда,  
Тіпті ұсамай қаламын тірі жанға.  
Жаңбырдан соң сәулелі күнге айналам,  
Босанғандай улағыш зығырданнан.



\* \* \*

Жасайды қара бояу қаралығын,  
Бұл бізде — күн мен түннің аралығы.  
Қайырымсыз қара көңіл, қара пейіл  
Адамның аздырады даналығын.

Ақ бояу — ақ пейілдің аналығы,  
Қайырым мен қаталдықтың аралығы,  
Жастық пен махаббаттың ғажайыбы,  
Сезімнің періште боп жаралуы.

Ақ бұлтым, ақ нажағай, ақ жаңбырым  
Жанымды жарқылдатып, тұр жаңғырып.  
Ол — менің ерке назды ақ гүлдерім  
Өсетін жүрегімді нұрландырып.

Ақ сәуле — менің мінген ақбоз атым,  
Жүремін ақбозыммен күнге жақын.  
Атқан таң, ақ қайың мен ақ жаңбырды  
Өлгенше ақ пейілімен сөйлейді ақын.

\* \* \*

Көктемнің алғаш шуағыменен, желімен,  
Шұғылалы күнде іздедім дәйім сені мен.  
Күлімдеп, кәні, қарсы алшы мені алдымнан,  
Қуанып, сені табайын Ақан серіндей.

Күлімдеп күндей көктемде маған қарашы,  
Ақ қайындармен шайқалып тұршы жарасып.  
Ақ жүзің сенің көңілімді күйге толтырып,  
Безеніп кетсін көгім мен жердің арасы.

Көктемде, күнім, күлімдеп маған қарашы,  
Жарықта сенен қалмайын тағы адасып,  
Сәулелі күнде өзіңмен бірге ғажаппын,  
Өзіңсіз түнде шаншиды жанның жарасы.

\* \* \*

Қазаққа керек емес мешіт мүлде,  
Қағба менің ішімде, есітiң бе?  
Тiлегiңдi тiлей бер маған келiп,  
Ешуақытта өкiнбе кешiктiм деп.

Жауып көрген емеспiн есiгiмдi,  
Адалдарға адалмын кешiрiмдi.  
Тигiзбесең жетедi махаббатқа  
Жиiркенiштi жексұрын кесiрiңдi.

Жауып көрген емеспiн есiгiмдi,  
Адамдарға адаммын кешiрiмдi.  
Арттырам деп келме тек өсiмiңдi,  
Бiтеймiн деп келме тек тесiгiңдi.

Қайырымсыз деп айтпайды өзiмдi ешкiм,  
Өзiз жанға әрқашан тiлеулеспiн.  
Маған жақсаң, жағасың құдайға да,  
Әулиенiң бiрiнен кем емеспiн.

\* \* \*

Мақтануға бола ма ұрымын деп,  
Адам жейтiн қасқырдың бiрiмiн деп?!  
Мақтануға бола ма арын сатқан  
Әдiлетсiз мезгiлдiң құлымын деп?!

Мақтануға бола ма жәлеппiн деп,  
Тойдыра алмай құлқынды, әлекпiн деп,  
Жақсыларды жылата күйелеген,  
Елдi үркiткен есiрiк, нәлетпiн деп?!

Осылар ғой қағынып сонау шақтан,  
Тергеушiге қағысып, қатар шапқан,  
Бiрiн тыңшы, бiреуiн жауымыз деп,  
Ақ жандарға әдейi күйе жаққан.

Ақ жандарға әдейi күйе жаққан,  
Туыстарын тоздырған, зар жылатқан.  
Бүгiн ендi қауымға не дер екен  
Өңшең қара беттiлер қарғыс атқан?!

\* \* \*

Әр күннің бір өзіндік өмірі бар,  
Біреу туар бейнеттен, біреу сынар.  
Таңертең жел, кешкісін тынық аспан,  
Күндізгі шу, түн басса, судай тынар.

Бір күнде мен неше рет таңырқандым,  
Неше рет мен егіліп, шамырқандым.  
Күтпес жерде киліккен күнде өзгеріс,  
Талайлардың дидары жабырқаңқы.

Жалтақ көздер, кілең бір жалтақ жүрек,  
Үркектердің талайы жүр тітіреп.  
Кім қысқармақ, орнында кімдер қалмақ,  
Әлсіздерге сүйенер бар ма тірек?

Әр күннің бір болған соң өзіндігі,  
Біреулерді өтеді безіндіріп.  
Айта берсем, әңгімем толып жатыр,  
Алайыншы әуелі көз ілдіріп.

\* \* \*

Күнде кешке жатарда қырынамын,  
Қалыңырақ жамылып, жылынамын.  
Содан кейін жарыққа алаңдамай,  
Бүркенем де, көрпеге тығыламын.

Жатқаннан соң, менің де еркім түнде,  
Түнде есікті ашпаймын енді әркімге.  
Қараңғыда енді бір көрі мысық,  
Мазалана бермеймін ішім пысып.

Тәтті қиял мені кеп аймалайды,  
Әлдилейді сәбидей, жатам жайлы.  
Түртінексіз тыныштықпен түн өткізсем,  
Ертеңімді онша мен ойламаймын.

Әр түн менің, толқымай, тынар түнім,  
Күнәм үшін кешірім сұрар түнім.  
Көне, досым, ішіңе үңіл сен де,  
Сенің дағы бар шығар сұрайтының.

\* \* \*

Анда-санда есікті өзім ашып,  
Байқап қана далаға шығам басып.  
Ақ сәуледен көрі көз шағылысып,  
Үйренгенше сәл ғана тұрам сасып.

Жыпылықтап жарықтан жасқанғанмен,  
Ең әуелі қараймын аспанға мен.  
Жақындаған ақ бұлтқа көз тігемін,  
Сәлем күтем  
Күткендей жастардан мен.

«Ассалаумағалейкүм, Әбекем!»— деп,  
Ақ бұлт маған алады бір еркелеп.  
Содан кейін айналып ақ кептерге,  
Дәл қасымнан өтеді төменге кеп.

\* \* \*

Алыс па әлде жақын ба алған бетім,  
Байқау қиын дәл қазір жолдың шетін.  
Жұртпен бірге басамын, кідірмеймін,  
Қимылдаймын жеткенше күш-қүдіретім.

Сарғылт таңды күнде мен атырамын,  
Батар күнді алаулап батырамын.  
Әдетімен өзінің күнде уақыт  
Ұзын жолдың бойына шақырады.

Уақыт жолға шақырсын, аямасын,  
Ол шақырса, көргем жоқ баяу басып.  
Тіршілігім тірлікте қандай қызық,  
Кейде тасып жүрсем де, кейде жасып.

Алыс па әлде жақын ба барар жерім,  
Болжау қиын маған да оны ілгері.  
Ақ таяққа асылып, баса берем,  
Тоқтағанша алқынып алған демім.

\* \* \*

Көтеріліп бүгін мен  
Биік баспалдақтармен,  
Көкжиегім кеңейіп,  
Жақындастым аспанмен.

Арманым тұр алдымда  
Ақ құшағын ашқан кең.  
Мені әкетіп барады  
Беттесуге аспанмен.

Алдымда тұр ақ оттар,  
Қызыл-жасыл жалындар.  
Аз ғой мына жарықтар,  
Көбейтіндер, жағындар.

Көтеріліп барамын  
Биік басқалдақтармен.  
Арманым тұр алдымда  
От құшағын ашқан кең.

---

## 1989 ЖЫЛ ЖЫРЛАРЫНАН

\* \* \*

Қанжарым жатыр қынапта,  
Жатырмын өзім төсекте.  
Қиялым қалды жырақта,  
Өзім де жоқпын есепте.

Ешкімге билік айтпаймын,  
Билейтін жан жоқ мені де.  
Таласып енді жатпаймын,  
Құрметтілердің төріне.

Жатырмын өзім төсекте,  
Қанжарым жатыр қынапта.  
Миымда жатыр сапырылып  
Жауапсыз мың-мың сұрақтар.

\* \* \*

Өлең айтам серпілсем, әндетемін,  
Ақ кептер боп аспанға ән кетеді.  
Көкжиекте кеудемнің күні жанып,  
Жап-жарық боп жатады жан мекені.

Бір мезеттік ләззәтім мың еселік,  
Бар қызығым тұрады түгенделіп.  
Жазықсыздай жаһанда сезінемін,  
Құдайға да, адамға бірдей сеніп.

Сену қандай тамаша адамдарға,  
Күдігім жоқ тырнақтай көңілге алған.  
Бәрі менің бауырымдай, ғашығымдай,  
Толып тұрған төңірегім көрікті арман.

Бір мезеттік ләззәтім мың еселік,  
Сол үшін мен өмірге жүрмін келіп.  
Махаббатсыз мерзімім қап-қара түн,  
Жаным өліп, жарығым қалған сөніп.

\* \* \*

Бүгін дейміз,  
Тындыр бүгін бәрін де, жүгір дейміз.  
Бүгініміз жетпесе, ертең бар ғой  
Дейміз де бір, тірліктен түңілмейміз.

Ертең де өтті, келер күн тағы да өтті,  
Әр күндікпен өлшеппіз келешекті.  
Ойласып біз, ағайын, отырмаппыз,  
Жетпепті ғой бізге әлі ересектік.

\* \* \*

Жақындаспай, ақылдаспай, сыр ашпай,  
Жүруші едік жай-күйді де сұраспай.  
Кездесіп ек, құшақтадың жайдары,  
Мені көріп, қуанғаның рас па?

Рас деші, тым болмаса алдашы,  
Жүрегімді сұмдық күдік жармасын.  
Өтеміз бе аңдысумен арбасып,  
Түсте тату, кешке қайта жауласып.

\* \* \*

Әңгіме көп, ішіміз толған роман:  
Оқиғалар, қатерлер, зарлы заман...  
Бір ғасырда он өліп, он тірілдік,  
Шүкір дедік бүгінге жеткенге аман.

Бір ғасырда қанша рет құбылды адам,  
Қанша тұрып, қанша рет жығылды адам?  
Ер де атанды, езілген құл да атанды,  
Жылуы жоқ жарықтан түңілді адам.

Ыңғайластық заманға, маска киіп,  
Күлмес жерде маскамыз тұрды ыржиып.  
Күйзелгенін көңілдің жасырдық біз,  
Секілденіп ой жетпес бір тұңғиық.

Әңгіме көп, ішіміз толған дастан,  
Жатыр бәрі жаңғырып қозғалмастан.  
Отыр жырау маскалы аузын ашпай,  
Ант ішкендей ақын боп ойланбақа.

Шеш масқанды, бетінді аш, кәрі жырау,  
Домбыраны қайтадан керек бұрау.  
Баста, кәне, болғанды айт, қалдырмай айт,  
Жиналған жұрт осыны отыр сұрап.

\* \* \*

Көруге көкейдегі жөнімді анық,  
Я, Тәңірім, болғай деймін жолым жарық.  
Адассам қараңғыда көзсіз қалып,  
Қалар ма титтей қасиет жұрт ұғарлық.

Салады бөрімізді сынға халық,  
Шабуға семсердей сын тұр тақалып.  
Қорқамын қалам ба деп қозғала алмай,  
Алдымда жөн сілтейтін жанбай жарық.

Тұтанам, от жанбаса, өзім жанып,  
Қалың ел ақ жолымды көрсін танып.  
Ризамын жанып тұрып жан беруге,  
Күлімді айдаған жел кетсін алып.

\* \* \*

Екеуіміз де жан едік салдыр-салақ,  
Көрістік те таныстық салқын қарап.  
Жиындарда кездессек, бас изестік,  
Кейде жылы ұшырасып, жылы тарап.

Асықпадық түзетіп жарасымды,  
Күлсек, күлдік кінәсіз бала сынды.  
Жүрегіме қосылды бір жылылық,  
Тапқандай-ақ өзіме жанашырды.

Салқын көздер жылынды, от тұтанды,  
Ұстар болдық сабырмен қызу қанды.  
Ол да, мен де іздейтін болдық қатар  
Кездесетін тағы бір сылтауларды.

Тездетуге тырыстық жарасымды,  
Уақытпенен бастадық таласуды.  
Көріспеген арада күндер өтсе,  
Жүрегіміз алқынып, алас ұрды.



Жүрегіміз, аңсасақ, аласұрды,  
Табыстық та қуандық бала сынды.  
Тілемеппіз қосылып бірақ біздер  
Бұзбағай деп Тәңірім жарасымды.

Уақыт қандай тез өткен, шапшандатқан,  
Жолдар қалай қысқарған келе жатқан.  
Кешегі өмір айналып ертегіге,  
Жолымызда аңдып тұр алтын қақпан.

\* \* \*

Батырлардай асындым қару-жарақ,  
Достарды да таңдаулы алдым санап.  
Көрегендік, көсемдік етпесем де,  
Қажетіне халқымның келдім жарап.

Астанамды ұнаттым ел тұратын,  
Кеш тұрмадым қамсыз боп, ерте жатып.  
Сарайларын қаламның мақтан еттім,  
Адамдарға ақылды жүрдім жақын.

Түнгі жарық шаһарымды жараттым мен,  
Түнде жарық жырларды тараттым мен.  
Түнде тауда шабытпен ұштым бірге  
Жаны жарық, жүрегі қанаттымен.

Ажал барын сезсем де ескермедім,  
Қатер-қауіп дегеннен сескенбедім.  
Жолды білдім, жүретін жөнді білдім,  
Жұртын бағып қалмадым көшкендердің.

Оңдырам деп оңбасты боямаймын,  
Сүйгенім, сенгенімді аялаймын.  
Өлгенше бір өзгермес Әбділдамын,  
Жақыннан — жан, дастан сый аямаймын.

\* \* \*

Келдім жарық әлемнен сый алуға,  
Шек жоқ менің шалқыған қиялымда.  
Кең аспанға үйренген қанатты едім,  
Тар дүниеге оп-оңай сыямын ба?!

Көрдім жастай қызығын ұяның да,  
Тау құздарын мен оңай қиямын ба?  
Сары даланы шаңдатқан сандақ едім,  
Тар қуысқа мен оңай сыямын ба?!

Көңілім менің ашылса, көзім де ашық,  
Көктеміне көбелек жүр жарасып.  
Жас дүниеден көзімді ала алмаймын,  
Құдай мені жастыққа қылған ғашық.

Жазда жарқын еркімше көсілемін,  
Жүрегіме өңшең гүл өсіремін.  
Қыстай маған қастасқан жауымның да  
Ит қылығын ұмытып, кешіремін.

Жазым барда жанымда жоқ уайым,  
Бақыттымын жазымды көрген сайын.  
Емендерім анамдай тербетеді,  
Ғашығымдай еркелеп балғын қайың.

Қыстай көрі болсам да, жазда Сері,  
Жүрегімді билейді сөнбес сенім.  
Ән бастайды көңілімді,  
Күй қостайды,  
Қимылдаймын достармен күнде ілгері.

\* \* \*

Сезінем кейде  
Қадаулы тұрған жалаудай,  
Қанбайды мейірім  
Биікке сонау қараудан.  
Күн қандай жомарт  
Күзеткен барлық ғаламды,  
Түн қандай жұтаң  
Ұстайтын мені қамауда.

Желпіп жел мені,  
Ертеңге болжам айтады.  
Тыңдаймын сөзін,  
Ұғамын сырын, байқаймын.  
Болжаушым емес,  
Жел менің жеңіл жолдасым,  
Көрген емеспін көңілін бір де қайтарып.

Жеткізер маған  
Алыстың сонау сарынын,  
Тербейтін кілең  
Жырымның тозған сабырын.  
Жанымды күнде  
Желім кеп желпіп тұрмаса,  
Өлер ем қашан  
Қасіреттен ішім жарылып.

\* \* \*

— Ажал қайда?  
— Жүр ғой ол арамызда! —  
Деген сенім орныққан санамызға.  
Өзіміздің таныстай сөз қыламыз,  
Сәлден кейін ұмытып қаламыз да.

Біз ұмытсақ, ол дереу сұстанады,  
Сезінеміз біреуді қыстағанын.  
«Мені қалай ұмыттың?» — дейді сілкіп,  
Бір жақсыны оп-оңай ұстап алып.

Шыға алмайсың онымен жекпе-жекке,  
Ерегісің тоқтайды көпке жетпей.  
Бір жақсыңды бермесең, тыншымайсың,  
Қорғанасың осылай ептеп-септеп.

— Ажал қайда?  
— Жүр ғой ол арамызда! —  
Деген сенім шықпайды санамыздан.  
Сәл сезілсе, жапырақ боп қалтыраймыз,  
Сәлден кейін ұмытып қаламыз да.

\* \* \*

*Інілерге*

Жаңылдым ба, білмеймін, жаңылмадым,  
Әйтеуір, мен сендердің жаныңдамын.  
Дамыл таппай қаламым қимылдайды,  
Сарғылт тартқан қағаздың шаңын қағып.

Құмартпаймын көрсем деп міндерінді,  
Шығармаймын есімнен түрлерінді.  
Үлкен бақыт өзіме деп білемін  
Өлеңдетіп ортанда жүргенімді.

Сендерді іні,  
Мені аға дейді халық,  
Айырмайды алалап, бөліп-жарып.  
Ортамызда күйлеулі бір домбыра,  
Ортамызда бір арман жыр қыларлық.

Жаңылдым ба деп едім, жаңылмаппын,  
Жылы орнымнан айрылып аңырмаппын.  
Аға дейтін қарындас, інісі көп,  
Ырысы әлі көп екен шал бейбақтың.

\* \* \*

Шашыңның ағын,  
Бетіңнің дағын бұлдама,  
Көрілік қой оның,  
Ағатайым-ау, құр ғана.  
Ағың мен дағың  
Қуатың бола алмайды,  
Өлеңінді қайтем  
Әлсіздігіңді айтып жырлаған?

Төсегің мұздай  
Денемді жылыта ала ма?  
Әлсіз құшақтап,  
Құмартқан мейірім қана ма?  
Құшақтаған соң,  
Сындыру керек емес пе,  
Аямай жаншып,  
Ит талағандай жаралап!

Мен қазір, аға,  
Құтырғандарға жатамын,  
Қанымда от бар,  
Өзіме де сол от батады.  
Маған ер керек  
Жанымды жалбарынтатын,  
Мен жастығымды  
Жастыққа ғана сатамын!

\* \* \*

Қара шашым  
Иығыма төгіліп,  
Қап-қара бір  
Қиялдарға көміліп,  
Күнде кешке  
Жалбарынам Иеме,  
Айтып барлық  
Мұң-зарымды егіліп.

Бағын дедің,  
Тәңірім, саған бағындым.  
Табын дедің,  
Қүдіретіңе табындым.  
Күт деп едің,  
Әлі күтіп келемін,  
Түк бермедің,  
Сарғайтқандай нағылдым?!

Тәңірім, мені  
Жарылқасаң, қиын ба?  
Бір сөз  
Бастап көргенім жоқ сыйынбай.  
Күтіп қанша  
Отырамын сарғайып,  
Жіберші енді  
Айналдырып құйынға!

Айналып бір  
Құйыныңа кетейін,  
Байқайыншы  
Дүниенің кең екенін.

Көріп мені,  
Қуансыншы сүйгенім,  
Жанған отын  
Жүрегінің көтеріп.

Мен сол отта  
Жалын атып жанайын,  
Тұрсын түнді  
Жарқыратып арайым.  
Жанайын бір,  
Күлге айналып қалайын,  
Жас дәуреннің  
Садағасы болайын!

## ҚЫЗЫҚСЫҢ-АУ, ӘБЕКЕМ

### I

Қызықсың-ау, Әбекем, қызықсың-ау,  
Қанша қағаз шимайлап, сызыпсың-ау.  
Талай рет дуылдап қызыпсың-ау,  
Талай рет қаныңды бұзыпсың-ау.

Қараймын да бетіңе, күле берем,  
Сенің талай сырыңды біледі өлең.  
Оңашада жатып ап жылаушы едің,  
Орындалмай қойғанда тілегенің.

Есінде ме, Әбеке, есінде ме,  
Ол бір сенің жастағы кешінде еді.  
— Ұмытпасқа, — дедің де, жұлып бердің  
Қыз қолына түймеңді төсіндегі.

Жалғыз түймең жұлынып төсіндегі,  
Шықпай жүрген сол бір қыз есіндегі,  
Бір жігітке қосылып кете барды,  
Ал сен оны есіңнен өшірмедің.

### II

Қызықсың-ау, Әбекем, қызықсың-ау,  
Мың-мың қағаз шимайлап, сызыпсың-ау.  
Талай жолды шаңдатып, бұрқыратып,  
Талай өзен, теңізде жүзіпсің-ау.

Қараймын да бетіңе, ойланамын,  
Бастағыш ең думан мен тойлар әнін.  
Тойдан кейін бақсыдай жынын алған  
Отырушы ең ойларың ойрандалып.

Есінде ме, Әбекем, есінде ме,  
Ол бір сенің досыңның кешінде еді.  
Ішкен сайын досыңмен достықты айтып,  
Шектен шыға шешіліп есіргенің.

Әлі есімде сондағы есіргенің,  
Досың бірақ өзіндей шешілмеді.  
Жиын бітті, дос кетті, қалдың жалғыз,  
Деген жоқсың сен бірақ «кешірмедім».

### III

Қызықсын-ау, Әбекем, қызықсын-ау,  
Мың-мың қағаз шимайлап, сызыпсың-ау.  
Талай рет бас білмес асау болып,  
Бас жібінді сан рет үзіпсің-ау.

Қараймын да бетіңе, таңданамын,  
Елуінде бастапсың шалдар әнін.  
Елуінде шал ақын атанғанға  
Сексендегі мен бүгін шамданамын.

Екеуміз де қызықпыз, енді ойлансақ,  
Бір күн сөніп жатыппыз, бір күн жансақ.  
Қанша пысық боламыз десек тағы,  
Талай-талай өтіпті жылдар жаңсақ.

Талай-талай өтіпті жылдар жаңсақ,  
Өкініштер де айтамыз, енді ойлансақ.  
Кеше жаман дегендер бүгін жақсы,  
Отырамыз өткен мен кеткенді аңсап.

\* \* \*

Қандай ауыр күн көру, өмір сүру,  
Қиын екен тірліктің жөнін білу.  
Біреу сені қолдаса, қолтықтаса,  
Екіншінің арманы өкіндіру.

Өлшеу ауыр мерзімнің өтер шағын,  
Бір жағы аппақ, қап-қара қарсы жағы.  
Мөлдiреген дүниені меншіктенсең,  
Алдап кете салады бұлдыр сағым.

Асықпа сен, жігітім, жылдамдатпа,  
Ақылшыңның әуелі тұзын ақта.  
Опық жесең қайтесің өкініштен,  
Бір қисықтың қимылын оңай жақтап?!

Бір қисайсаң, оңай ма түзелмегің?  
Адал олжа қолыңа түспес тегін.  
Күнә үстіне күнәні қоса берсең,  
Осы сенің жүрдай боп күзелгенің.

\* \* \*

Күндіз күнім, кешке үйде шамым жанып,  
Жетіп жатыр мейлінше маған жарық.  
Батқан күнге тағатын айыбым жоқ,  
Түнгі ұйқыға кірген соң құмарланып.

Ұлы есептің мен үшін керегі не,  
Бас қатыру бірдеңе береді ме?  
Асықпай-ақ, аптықпай, жасай берем,  
Есепшінің қызықпай көмегіне.

Үйренгенмін өмірге дағдыланып,  
Күнде орнымнан тұрамын ұйқым қанып.  
Түсте ондамын, кешкісін тағы мында,  
Өндіремін демеймін бұзып-жарып.



\* \* \*

Сөйлеп жатыр бәрі де,  
Мен де сөзге жазылдым.  
Трибунадан сайрауға  
Қайрат керек қажырлы.  
Ондай қажыр менде жоқ,  
Көрсетуге шығам-ау  
Ақ таяғыммен сүйенген  
Маңдайдағы әжімді.

Қойшы, Әбекем, бос сөзді,  
Қойшы қылжақ-өзілді.  
Трибунаға шығатын  
Тап қайтсең де қажырды.  
Қазір бізге ой керек  
Тасқа түскен таңбадай.  
Қазір бізге сөз керек  
Жолбарыстай азулы.

Ел бол дейік қазаққа  
Көгілжім ту көтерген.  
Мың жыл мына далада  
Жасадық па бекерге?  
Намыс қалған атаңнан,  
Шаңырақ қалған әжеңнен,  
Қарызың көп әруаққа  
Жатқан бүгін өтелмей.

\* \* \*

Мен жасымда көп көргем  
Дала кезген сайтанды.  
Талай рет сайтанды,  
Оқып дұға, тойтардым.

Әруақ десем, қашатын,  
Қуатынмын сайтанды.  
Сайтанға: «Сен оңбаған  
Сайқалсың!» — деп айта алдым.

Қазір сайтан әруақтан  
Сескенбейді, саспайды.  
Мен қашпасам сайтаннан,  
Сайтан менен қашпайды.

\* \* \*

Түсімде тыңдап отырмын  
Домбыра тартқан күйшіні.  
Емізіп жатыр жас келін  
Құлынын тұңғыш исініп.

— Бөпешім, — дейді келіншек,  
— Құлыным, — дейді күй сонда.  
Күй менен келін шошымай,  
Айта берсе екен осылай.

\* \* \*

Өз үйім деймін,  
Өрен төсегім деймін күнде мен.  
Стол, орындықтарыммен  
Келемін жасап бірге мен.  
Сынғандарын демде  
Шығарып тастай беремін,  
Бүтіндеп бер деп  
Айтуым керек кімге мен.

Тозығы жеткен  
Дүниені жамай алмаймын.  
Тоздың ба? Бітті!  
Береке сенен қалмайды.  
Сындың ба? Тындың!  
Үйіңнен қаусап шыға бер,  
Кешегі сөнген  
Шырағың бүгін жанбайды.

\* \* \*

Қызық қой осы дүние айналмалы,  
Жаным бір жәбір тартпай жайланбады.  
Бүгінгі жеттім деген жақсы күнім  
Кетеді ертең тағы ойрандалып.

Бірақ мен аяп оны қиналмадым,  
Ойран боп жата бердім, жиналмадым.  
Бас изеп, кім не десе, құптай бердім,  
Білмеппін күдік айтып, иланбауды.

Сонда мен кіммін осы, қандай жанмын?  
Өзімнің болмысыма өзім таңмын.  
Алдында айдағанның жүре бердім,  
Біреуі секілденіп аң мен малдың...

Иә, солай, менің өзім мен емеспін,  
Жаны бар, ойы барға тең емеспін.  
«Ол дұрыс» десе, мен де дұрыс деймін,  
Қосылып, қостай берем жән еместі.

Қызық қой осы дүние дөңгеленген,  
Тұрған жоқ ешім оған көлденеңнен.  
Жеңгендер жеңілгенге мәлімдейді  
Алам деп алдыменен сені жөндеп.

Дүние өтіп жатыр дөңгеленген,  
Жер қылып жығылғанды жатыр жеңген.  
Ештеңе жаңарған жоқ, жасарған жоқ,  
Адамның бәрі өзгерді менен өңге.

Мен ғана түк аңғармас күйімдемін,  
Белгісіз сүйенгенім, күйінгенім.  
Алдында айдағанның жүре берем  
Ырқына бастаушымның бейімделіп.

\* \* \*

Сынады екен, жоқ екен сынбайтын зат,  
Сынған дүние адамға қандай қымбат.  
Хрустальдар сынғанда қуантады  
Өлер кезде ғажайып бір сыңғырлап.

Төтеп бермей шабысқа майдандағы,  
Қырқып болып жаулардың басын қағып,  
Тынады екен семсер де үн шығармай,  
Жалт ете қап жеткенде сынар шғы.

Қандай ауыр семсердің сынған шағы,  
Иесінің егіліп тынған шағы.  
Ақ болатты жоқтайды аңыз қылып  
Қырғыннан соң жастардың ер жасағы.

Көру қиын жүректің сынған шағын,  
Қиянаттан жеңіліп, тынған шағын.  
Еркін адам езілген құлға айналып,  
Қалады екен танымай өз ошағын.

О, жүрегім, тоқташы, сынбашы тек,  
Аппақ туын жаныңның жықпашы тек.  
Жансаң отта, жана бер, еңіре, жыла,  
Жеңілгеннен құл болып бұқпашы тек.

\* \* \*

Ойында жоқ ақынның өлем деген,  
Жеңіл-желпі кеселге көнем деген.  
Мың жасайтын адамның сеніміндей  
Жазыла береді екен өлең деген.

Өлең деген жазыла береді екен,  
Кең дүниеде желмая желеді екен.  
Желмен бірге желмая желіп жүріп,  
Қыз ұзатқан тойға да келеді екен.

Қыз ұзатқан тойға да келеді екен,  
Жар-жар айтып тойында береді екен.  
Мұңлы қызға қосылса, мұңға айналып,  
Мөлтілдетіп көз жасын төгеді екен.

Ақ сәулеге бұл өлең ереді екен,  
Желмая боп дүниеде желеді екен.  
Қара туы еңкейген жаназада  
Жоқтау да айтып жұртына береді екен.

Өлең деген төгіле береді екен,  
Желмая боп желкілдеп желеді екен.  
Қашанғы ақын отырсын өлеңдетіп,  
Ол да бір күн болдырып, өледі екен.

\* \* \*

Ақ бұлт пенен қара бұлт арасында,  
Келем ұшып қобыздың қанатында.  
Кәрі атамның қобызы ыңыранады,  
Мені күнге өзі алып баратындай.

Мені ұшырып күй көкте барады алып,  
Кең әлемге қараймын құмарланып,  
Түпсіз терең дүние жатыр өне  
Менің ұшқырлығыма аң-таң қалып.

О, ғажайып бұл әлем кең екен-ау,  
Қүдіретіне Тәңірінің тең екен-ау.  
Кең әлемде құдіреттей еркін ұшқан  
Қобзымен атамның мен екем-ау.

Сескенбеймін биіктен, тереңдіктен,  
Жүректімін дегенді келем бүкпей.  
Мені қобыз баулыған ұшқырлыққа,  
Мені Қорқыт үйреткен өрендікке.

Ақ бұлттар мен қара бұлт қабатында,  
Келем ұшып қобыздың қанатында.  
Атам қазақ әруағы жарылқаушым,  
Қобыз бен күй мен үшін жаратылған.

\* \* \*

Болған ғой бұрын  
Болашақты болжар білгірлер.  
Ұсамаған олар  
Жандары жалған күлгірге.  
Аяпты олар  
Замандастарын, ұрпағын,  
Айтуға бәрін  
Данышпандар қалай үлгірген?!

«Еркектен ерлік,  
Әйелден ұят кетеді.  
Жаппайды, — депті, —  
Жас қыздары етегін.  
Ұрылар менен

Қарылар ғана билейді  
Осынау сұлу  
Адамның жарық мекенін.

Тозады ән-күй,  
Азады әсем ырғақтар,  
Саналады өнер  
Бұлғақтар менен ыржақтар.  
Өшеді талант  
Қыршынынан көктей қиылып,  
Үлгермей шығып  
Бесігіндегі құндақтан.

Женеді, — депті, —  
Даналықтарды қаралық.  
Өледі, — депті, —  
Сүйкімді сәби балалық.  
Өледі, — депті, —  
Жасына жетпей әділдік,  
Әделет жолы  
Өмірде заңсыз саналып...»

Болған ғой кеше  
Болшақты болжар білгірлер.  
Қалды ғой олар  
Қамалып сонау үңгірде.  
Өтемін мен де  
Жағынып жалғандықтарға,  
Замандастарыма  
Адалымды айтып үлгірмей.

\* \* \*

Айдап мені барады уақыт қайда?  
Бүгінгі ай ұсамайды өткен айға.  
Жалтаң-жұлтаң адамдар қарасады,  
Сөз таба алмай айтатын осындайда.

Айдап мені барады уақыт қайда?  
Ай мен ай, жыл менен жыл қосылмай ма?  
Күнде жаңа бір хабар таралады,  
Денем емес, жүрегім шошынғандай.

Қайда мені бұл уақыт барады алып?  
Көріп-біліп тұрғам жоқ жолымды анық.  
Тоқтай алмай келемін үлкен жолда,  
Ойланайын десем де сәл тоқталып.

Кәрі солдат секілді майдандағы  
Ойлануға мұрша жоқ, айдаудамын.  
Естіледі алыстан таныс үндер,  
Елестейді суреттер қай-қайдағы.

\* \* \*

Кеше ғана  
Лаулап тұрған құмарлық,  
Дұға сөздер  
Тағарлықтай тұмар қып.  
Бәрі соның  
Бүгін естен шығыпты,  
Жеңіп мені  
Жалғыз қалған сыңарлық.

О, сыңарлық,  
Ойға шомған сыңарлық!  
Қуатым жоқ  
Сенен безіп шығарлық.  
Аспан алыс,  
Өткен күндер өкініш,  
Ал ертеңнің  
Жолы тағы мұнарлы.

Кеше ғана  
Құмар едім, қызу ем.  
Талайлардың  
Қанын оңай бұзып ем.  
Кеше ғана  
Биіктерге бой созып,  
Кеше ғана  
Тереңдерде жүзіп ем.

Шаршайды екен,  
Талады екен жүрек те.  
Уақыт қандай

Ауыр еді жүдеткен.  
Тозады екен  
Үміт, арман, құмарлық,  
Тозады екен  
Болсам деген тілектер.

Бүгін маған  
Қарап, бауырым, аяйсың.  
Аяп мені,  
Жылауға да таяусың.  
Сенем саған,  
Сен мен үшін, бауырым,  
Жылауға да, күлуге де жарайсың.

\* \* \*

Жоқ дегенге бақыттылық  
Сенбегем.  
Сенбеген соң,  
Сендіргенге көнбегем.  
Мүмкін, мен-ақ  
Бола алмаспын бақытты,  
Сенгем бірақ  
Болады деп өңгелер.

Көп қой біздің  
Қызығымыз көрмеген.  
Аз ба біздің  
Күндеріміз шөлдеген?  
Мен жасымнан  
Аяушы едім адамды  
Бақытты өмір  
Бар дегенге сенбеген.

Мен соларды  
Аяушымын бүгін де.  
Адам өмір  
Сүру керек бүгілмей.  
Аз да болса,  
Бақыттылық емес пе  
Жарық күнге  
Қарағаның түңілмей?!



\* \* \*

Болам дедім бақытты,  
Айттым талай, есімде.  
Болсам, жазған шығармын  
Бір сөзін де өшірмей.  
Қандай еді сол бақыт  
Мен басымнан кешірген?  
Рас болса, сол бақыт  
Шыға қоймас есімнен.

Өз басымның шаттығын  
Көргенім жоқ жасырып,  
Өз басымның қайғысын  
Айтқаным жоқ асырып.  
Өз басымның шаттығын  
Бақыттылық демедім,  
Өлшенген жоқ онымен  
Менің құрдас ғасырым.

Кекті емеспін ешкімге,  
Кекті емеспін заманға.  
Көргенім жоқ жасқанып  
Күн көзіне қарауға.  
Мен бүгін де тілеймін  
Бақыттылық адамға!

\* \* \*

Сүйемесе, демемесе  
Інілер мен балалар,  
Жүру қиын өз бетіммен маған да.  
Тіпті ауырлап кетіппін,  
Біреу басып тұрғандай-ақ жағамнан.  
Дүние ауқымы  
Тарылғандай сезіліп,  
Еңсем мүлде езіліп,  
Алысымдай суық тарта береді  
Туысымдай жақын жүрген адамдар.

Сонда да мен ызалана қоймаймын,  
Аузыма да берікпін.  
Қарғамаймын күшімді алған жылдарды,

Айырды деп еркіндіктен, желіктен.  
Поэзия пернелерін басып мен,  
Жастарыммен отырамын сырласып,  
Сиресе де кешегі  
Құрбы-құрдас серіктер.

Не жоғалттым? Кімдерімнен айрылдым?  
Оның бәрі айтпасам да белгілі.  
Күнде есіме кезек-кезек түседі  
Біреуінің ерлігі.  
Ал мен бүгін соларды:  
Жалтағымды да, жүректімді де аңсаймын.  
Болмағандай достарымның  
Біреуінің де кемдігі.

Не жоғалттым? Нелерімнен айрылдым?  
Оның бәрі әмбе жұртқа белгілі.  
Күнде менің елестейді көзіме  
Бір досымның жуастығы,  
Бір досымның айқайы көп өрлігі.  
Еркін өмір, отты жастық,  
Қанатты армандар екен ғой  
Дейтініміз дүниенің кеңдігі.

Шаршау менен шалдығудың соңы не,  
О да жұртқа белгілі.  
Жас жеткен соң, көрінеді екенсің  
Өз үйіңнің қонағындай сен бүгін.  
Адам өмірі өлшенеді сағатпен,  
Бірте-бірте ойыңда да азайып  
Кешегі айтқан дүниенің кеңдігі.

## ТҮСІМДЕ

Түсімде көрдім өңімдей,  
Дәл бүгіндей:  
Өңшең құрдас балалар  
Жалаң аяқ ойнап жүрміз далада.  
Жарысамыз үлкендерге жоламай.  
Ағып жатыр Сырдың суы дөңбекшіп,  
Қазір шыға қашатындай жағаға.

Кейде қуып кетеміз  
Көжектерін қоянның,  
Одан өзге қызықтарға қарамай.

Баяғы жас жиделер  
Жуандапты, тіпті биік өсіпті.  
Көктем иісі сияр емес кеудеге,  
Әбділда деп айқайлаған  
Көкек даусын есіттім.  
Айқайлайсың неге, көкек, осынша?  
Жаңа ғана ұйықтаған  
Қырғауылдың балапанын шошыттың!

Үрікпей менен сауысқан,  
Қасыма кеп қонады да,  
Шықылықтап күледі:  
— Ұмыттың ба сен мені?  
Ал мен сені, Әбділда,  
Ұмытқам жоқ, білемін.  
Әлі есімде  
Сен құстарға тимейтін,  
Торғайларға тары шашып жүретін  
Балалардың бірі едің.

Жүр, ұшайық,  
Бірге ойнайық,  
Саған да мен  
Қанат тағып беремін.  
Қанат тағып алған соң,  
Ұша бергің, ұша бергің келеді.  
Ұшып жүріп айтасың  
Құстардың да өлеңін.  
Шырылдаған сенің  
Нәзік әніңді  
Өмір бойы ұйықтамайтын  
Сырдарияң да қуанып,  
Менше тыңдай береді.

Түсімде көрдім өңімдей,  
Дәл қазіргідей, бүгіндей:  
Күнәсіз сәби жылымды.

Күндей ыстық  
Зор бақытқа малындым,  
Арнасына сыймай жатқан  
Сырымды көрдім бұрынғы.  
Жүрегім қандай жылынды,  
Бұзбандаршы ұйқымды,  
Жақсы түс көрер түнімді.

\* \* \*

Біреудің күні батқанда,  
Біреудің таңы атады.  
Күнде өзгеріп жатады  
Адамдардың қатары.

Біреулер досын сатады,  
Біреулер алып жатады.  
Біреудің аты өшкенде,  
Біреудің өскен атағы.

Жасым да жетті тақалып,  
Қадірі кетті батаның,  
Сүйсінген жасты көрмедім  
Шалдардың сыйлап сақалын.

Тағы бір таңым атады,  
Тағы бір күнім батады.  
Бұзбандар енді ұйқымды,  
Оянбау үшін жатамын.

\* \* \*

Ағалап, айрылмайсың етегімнен,  
Сездің бе, тіпті алысқа кетемін мен.  
Қорқамын сені өзіммен әкетуге,  
Жүруге жарармысың жетегімде?

Қоштасу ауыр туған мекеніммен,  
Сонда мен туған елсіз өтемін бе?  
Шештім мен, мекеніме қош деген соң,  
Қайырылмай артыма бір кетемін деп.

Шақырған кім бар мені алысымда?  
Алыста жоқ қой менің танысым да.

Бел будым, бөгеле алмай, кетіп барам  
Белгісіз бірдеңемен алысуға.

Аты кім мен алысар белгісіздің?  
Ол — жұмбақ, тірліктегі белгісіздік.  
Білемін осы жұмбақ — белгісіздік  
Бұзатын адам сиқын көргісіз ғып.

Ағалап, айрылмайсың етегімнен,  
Қал, бауырым, тіпті алысқа кетемін мен.  
Мен барар белгісіздік мекенінде  
Жүруге жарамайсың жетегімде.

\* \* \*

Тынығам деп ойлама,  
Тынықпайсың тіріңде.  
Қолың тимей жүреді  
Екі күннің бірінде.  
Келсе біреу мұң айтып,  
Шерін шағып жылауға,  
Енді біреу келеді  
Бар-жоғыңды білуге.

Бүгін аяз ызғарлы,  
Ертең тұман тымырық.  
Тұман түршіктіреді  
Кеудеңе кеп тығылып.  
Жын ба, сайтан, әлдене  
Жүрегіңе сұғынып,  
Аласапыран ой басып,  
Жата алмайсың тынығып.

Тынығам деп ойлама,  
Тынықпайсың тіріңде.  
Қимылдата бергейсің  
Қиқым-сиқым жырыңды.  
Сен де бір күн тоқтайсың  
Ақ табытқа кіруге.  
Сонда демінді аласың  
Өлгендердің біріндей.

\* \* \*

Жетсін деп көзім  
Жете алмай келген аныққа,  
Күтемін келіп,  
Күтемін келіп жалықпай.  
Бүгін де күттім,  
Ертең де тағы күтемін,  
Жанады деймін  
Жанатын жаңа жарықтар.

Жанады деймін  
Тағы да жаңа жарықтар.  
Сенейік деймін,  
Күтейік деймін халыққа.  
Мына түн неге  
Бұлыңғыр тарта береді,  
Көрейін десем,  
Жарыққа көзді жарытпай.  
Ей!  
Қойындар деймін,  
Қойындар бос сөз шайнауды!  
Басымыз бүгін  
Болашақпенен байлаулы.  
Қазақ жері үшін  
Бәріміз жауап береміз,  
Тоқтату керек  
Отпенен оңай ойнауды.

\* \* \*

Түңілген шақта  
Қоянның көріп қалжасын,  
«Мен кіммін осы?»—  
Деп қалам сонда алжасып.  
Сексенге жетсе,  
Ақын да бала екен ғой,  
Еркектік жасын  
Өткізіп әбден алғасын.

Ұстадай көрі  
Жоғалтып алған балғасын,  
Көмірсіз, отсыз,  
Көрігімен ғана қалғасын,

Көрікті мен де  
Желдете басқан боламын,  
Нанатын нансын,  
Нанбаса мейлі, нанбасын.

\* \* \*

Өтемін мен де  
Арбасқыштармен арбасып,  
Алмаймын жәрдем  
Әркімге жағып, жармасып.  
Боламын қалай  
Өзімнен өзге Әбділда,  
Өзгертем қалай  
Кісілігімнің таңбасын?!

Өзгертем қалай  
Кісілігімнің таңбасын?!  
Кісілігінің  
Таңбасын сатқан оңбасын!  
Еңкейіп тұрып  
Елейтін сөздер есіткенше,  
Жатқаным жайлы  
Сақал-мұртымды шаң басып.

\* \* \*

Бітпейтін жол ғой  
Өмірдің шексіз арнасы.  
Бастайды жолды  
Басшылар дәйім алмасып.  
Қимылдап мен де,  
Соларға еріп келемін,  
Әлсіретіп алып  
Ағаларымның жалғасын.

Қанша күн батып,  
Қанша таң енді атады?  
Өседі жолда  
Жолаушылардың қатары.  
Әлсірей берсін  
Менің-ақ енді атағым,  
Тек, оң бола берсін  
Елімнің жаңа сапары.

\* \* \*

Кейде жатып төсегімде,  
Жердің ауыр күрсінгенін сеземін.  
Тереңінде қандай қайғы бар екен,  
Тұрған жоқ па безеріп?

Жаз шықты деп,  
Жасарды деп жеріміз,  
Жылда мәз боп жазамын.  
Аңғаруға қалай ақылым жетпеген  
Тереңіндегі азаны...

Тимендерші, жылатпаңдар тереңді,  
Ызалы жер қаһарланса, не етеміз?  
Ол долданса, әкемізді танытып,  
Күл-талқан боп,  
Күлге айналып кетеміз.

\* \* \*

Ел дейді ғой бізді де,  
Ел деген ғой бұрын да.  
Құс қарапты қырымға,  
Ит қарапты жырымға.

Болыпты ғой ақындар  
Бізге дейін бұрын да.  
Қарапты олар қырымға,  
Қарамапты жырымға.

\* \* \*

Көңілім кейде кең дала,  
Кеудемде жоқ мұң-нала.  
Өзім сәби бір бала,  
Күйге толы айналам.

Сондайда бір дарқанмын,  
Айдыны кең шалқармын.  
Кең дүниеде еркін жүр  
Тұлпар-ойым арқансыз.

Соқпашы, жел, соқпашы,  
Көңілімді шаң баспасын.  
Сәби жаным саспасын,  
Тұлпар-ойым қашпасын.



\* \* \*

Бүгін менің  
Даусым неге шықпайды?  
Өз үнімді естімеймін мен неге?  
Экспонат секілдімін қойылған  
Ақындарды көрсететін көрмеге.  
Миымда бір өрмекші жүр  
Ес-түсімді өрмегімен торлаған.  
Қырықаяқ па, немене,  
Сұмдық екен бұрын көзім көрмеген.

Бұл не қылған  
Бұлыңғыр хал?  
Адам бәрін сезеді екен өлмеген.  
Бала кезде мен  
Өрмекшіні көруші ем  
Бара жатқан шаңыраққа өрмелеп.  
Енді, міне, сол қырықаяқ  
Ұя салып миыма,  
Алып кетіп бара жатыр  
Алыстатып өңгеден.  
Мүмкін, осы дұрыс шығар,  
Өз даусымды  
Өзім есту керек пе?  
Өзімді өзім тындарлықтай  
Жоқ қой мүлде себептер.  
Мезгіл жетсе,  
Аққан өзен тоқтайды.  
Өкінбеймін үнім шықпай қалды деп,  
Ешкімді де шақырмаймын көмекке.

\* \* \*

Ойым менің — ішімдегі теңізім,  
Өзім жүзем кемеммен.  
Қанша жүздім, сонда да  
Шегін көрмей теңізімнің келем мен.  
Сол кемемнің үстінде  
Табыстым мен Тәңірім қосқан жарыммен.  
Сол кеменің үстінде  
Табыстым мен Тәңірім қосқан өлеңмен.

Теңізімде көтерілді  
Аппақ менің желкенім.  
Өз теңізім сақтамаса су сеуіп,  
Өлер ем ғой махаббаттан өртеніп.  
Дауылдарда толқындармен алысып,  
Құшағында өмір сүрдім еркемнің.  
Күйрейді деп  
Ойламадым кемемді,  
Не болар деп  
Қорыққаным жоқ ертеңім.

Қанша күйдім, қанша жандым,  
Күл болмадым  
Өз отыма өртеніп.  
Махаббатым мұздатпады,  
Көргенім жоқ  
Тірліктен мен жиіркеніп.  
Келем жүзіп  
Теңізінде ойымның,  
Жүзе берем, жүзе берем,  
Жығылғанша желкенім.

\* \* \*

Кедей де мен, бұл күнде бай да менмін,  
Қайдан келдім, білмеймін қайда келдім.  
Қайда түсем, білмеймін кімге түсем?  
Тапқаным жоқ атымды байлар жерді.

Ау, бармысыңдар?  
Атымды кім байлайды?  
Шәйім неге ішетін қайнамайды?  
Аяқ созып жантаяр жерім қайда?  
Шалдың қамын неге жұрт ойламайды?

Бай да менмін, бұл күнде кедей де мен,  
Демегенде кедеймін, не деймін мен?  
Жолға шығып, қонатын үй таба алмай,  
Айналам ба шынымен өгейге мен?

\* \* \*

Теңізден қорықтым,  
Сонда да жүздім тереңде.  
Тоқтаған жоқпын  
Тереңге батып өлем деп.

Қайтемін қорқып  
Теңізге кетіп өлем деп,  
Тереңсіз жерде  
Тумайтын болса өлеңдер.

\* \* \*

Желсіз, бұлтсыз, тып-тымық, ашық күнге  
Еліккендей масығып көңілім мүлде,  
Әфирдегі әлемдік үндерді естіп,  
Тап-таза боп отырмын ой түбінде.

Үні қандай әлемнің сыңғыр-сыңғыр,  
Мың түрлі боп ғайыптан естіліп тұр.  
Айналғандай лезде пайғамбарға,  
Алыстағы құдіреттен тартамын сыр.

Тыныштал, дүние, қиялым бұзылмасын,  
Желдетпесін қиялым — қызынбасын.  
Көбелектер гүлдердің өнін айтып,  
Қоршап мені тұрсыншы ызындасып.

Желсіз, бұлтсыз, тып-тымық, ашық күнде  
Сөбилікке айалып кеттім мүлде.  
Тыныштал, достар, қиялым бұзылмасын,  
Қалайыншы қозғаусыз ой түбінде.

\* \* \*

Сен алдамашы,  
Алданып әбден шаршадым.  
Алдануменен  
Қанша жыл өтті, қанша күн.  
Түп-тура қарап,  
Отырайықшы құбылмай,  
Дәл қазір менің  
Тек осы ғана аңсауым.

Мені алдайтындар  
Аз емес, өзің білесің.  
Қосылып маған  
Өзің де соған күлесің.  
Аз ғана уақыт  
Алданбай өмір сүрейін,  
Отырайыншы тыныш  
Өзіңе біраз ілесіп.

\* \* \*

Зорықтым мен де,  
Зорықтың сен де,  
Күйреді демде  
Жарастық тапқандарымыз.  
Аталап тұрған  
Жоғалттық ұл мен қыздарды.  
Шайқайды басын  
Діңкелеп қалған кәріміз.

Қаламыз қайда,  
Тауымыз қайда кешегі?  
Бұлт неге биыл  
Теріске қарай көшеді?  
Жұрт неге биыл  
Ызалы даусын шығарды,  
Табысымен нанның  
Туралай алмай есебін?

Шыдандар дейді,  
Күтіндер дейді, күтелік.  
Шыдайық тағы,  
Ашудың көзі бітеліп.  
Үйреніп ек қой  
Қолменен жұлып тастауды  
Ауыр жолдардың  
Табанға кірген тікенін.

Буындар белді,  
Даусымыз ащы шықпасын,  
Құйындар бөліп,  
Тыншырмыз аздап жұтқасын.

Күтпегенде неттік,  
Құлатамыз ба Отанды?  
Шыдаудың қажет екенін  
Ешкім ұмытпасын!

Ақындар қызық,  
Солардың бірі өзіммін.  
Бүгін мен бар ғой  
Дәрменсіз жандай сезіндім.  
Осындай кезде  
Ақылды сөздер айта алмай,  
Тарс жұмып алып  
Отыра берем көзімді.

\* \* \*

Сен мені тоқтат,  
Тоқтайтын жерден асырма,  
Шылауынан қақ,  
Ашу да көрсет, жасырма.  
«Асауға — тұсау»,  
«Тентекке — келтек» жарастық,  
Жуасымайды адам,  
Желігі оның басылмай.

\* \* \*

Қысық көз бірі менмін қазағыңның,  
Бұзбағам қысылсам да ажарымды.  
Сырласпын қырдың сұрғылт бөрісімен,  
Күн сайын кездесемін ажалыммен.

Астымда ат, асынғаным ақ садағым,  
Даламның тау мен тасын тұрмын бағып.  
Атамнан қалған маған ақиық құс  
Айналып аспанымда ұшады ағып.

Қарасам құдіретімдей Ұлытауға,  
Кеудемнен құйылады жырым заулап.  
Жас батыр сынға салып жүр тұлпарын,  
Кеңгірдің жағасында құлан аулап.

Сырласпын қырдың сұлу бөрісімен,  
Дайынмын жау кездесе өлісуге.

Жырыма айнымайтын алам ырғақ  
Жортымпаз ақ бөкеннің желісінен.

Белгісіз ертең менің не боларым,  
Тағдыры жырымның да емес мәлім.  
Даламның сағымы деп білсін жұртым  
Ақынның кейде алданып ойлағанын.

\* \* \*

Көңілім күңгірт тартса жабырқаңқы,  
Сөзімнен аңғарады оны халқым.  
Сол кезде маған әлсіз сүйеу болар  
Ақынның сәл көрініп өшкен даңқы.

Болғанда сыртым бүтін, ішім түтін,  
Күрсінем ойдың небір уын жұтып.  
Жүргендер мені Әулие деп біледі  
Отырған көктен Тәңірім сөзін күтіп.

Ал мен ше? Әулие емес, күнәкәрмін,  
Көп күнәм жігерімді құм етеді.  
Айтпаппын адамдарға адал бол деп,  
Айтпаппын алданыштан күн өтерін.

Беттесіп өз арыммен тұра алмаппын,  
Мойнымды әділдікке бұра алмаппын.  
Жазыппын жалған ән мен жалған өлең,  
«Ұял сен, ұят!»— десе, тіл алмаппын.

Көңілім күңгірт тартса жабырқаңқы,  
Айыру сөзден сөздің қиын парқын.  
Сондайда толғақ қысып тұнжырасам,  
Кешірет күнәкәрін өзі халқым.

\* \* \*

Қандай әсем: ойым бар, арманым бар,  
Әдемі ойға, арманға алдану бар.  
Жақсы арманның емес пе берген күші  
Жыл соңынан жылдарға қамданулар.

Арман-қиял құдіреті тірлігімнің,  
Жаптырмайды мезгілсіз түндігімді.

Тоңазыған жылдарға бергенім жоқ  
Арманға бай, қаны ыстық бір күнімді.

Өткен күндер жанданса қиялымда,  
Көрем бәрін қиялға жиямын да.  
Абылайдың жүремін жасағында,  
Қайратымды бойыма жиямын да.

Қандай әсем: ойым бар, арманым бар,  
Қандай қызық арманға алданулар.  
Жасыл белдер ойымда жасай бергей,  
Туа бергей сағынып толғанулар.

\* \* \*

«Өлу оңай,  
Өмір сүру қиындау.  
Өтеді өмір  
Соғып кеткен құйындай.  
Өлсе қайттім  
Өлеңдерім атаусыз,  
Туған жердің топырағы да бұйырмай?!» —

Десем, жаным  
Ауырады өлердей.  
Жүріппін-ау  
Өлмейтін жыр берем деп.  
Сену, достар,  
Оңай екен қиялға,  
Сену, достар,  
Қиын екен өлеңге.

\* \* \*

Табытта жатыр жас жігіт,  
Ажарлы және денелі.  
Табытты биік көтеріп,  
Қаралы қауым келеді.  
Ашулы жігіт осыдан  
Екі күн бұрын ызамен:  
«Өлемін енді!» — деп еді,  
Өліпті дарға асылып,  
Орындапты да дегенін.

Босатпайды адамды  
Өлімнің құрған көгені.  
Молаға сосын жөнейді,  
Кідірмей жолда бөгеліп.  
Табытқа ерген адамдар  
Біріне бірі айтады  
Жігіттің өлген себебін.  
Біреулер мақтап сөйлесе  
Өлімге барған ерлігін,  
Біреулер оның өмірден  
Қорыққанын аздап сөгеді.

Кім оны сатты, алдады?  
Кім оны өл деп қарғады?  
Кім оның жанын өртеген,  
Күйреді неден арманы?  
Жазықты ол қалай болмақшы,  
Көтере алмаса күйреткен  
Қайғының тастай салмағын.  
Қойыңдар сөзді, тыналық,  
Табытқа тәжім қылалық,  
Құрметтеп қыршын әруағын.

\* \* \*

Адам өмір сүрсе ғой жалтақтамай,  
Жалтақпенен жағынып жан сақтамай.  
Ақ көңілдер сыйласып өтер едік,  
Бірімізден біріміз алшақтамай.

Дейміз неге мадақтап: «Адам мықты»,  
Мықты болса, жоймай ма арамдықты?  
Әделет деп, ақтық деп сайрап туып,  
Неге аяқпен таптаймыз адалдықты?

Жұбатуға сараңбыз жылағанды,  
Жаратпаймыз бұл не деп сұрағанды.  
Ақ сөз сөйлеп, қап-қара іс ететін  
Қайда апарып қояйын бұл адамды?!



\* \* \*

Қайтара алмайды ешкім де  
Жарқ етіп кеше өткенді.  
Бұзбайық, достар, өткелді  
Жетегін ертең көктемге.

Ұйықтамайықшы біз түнде,  
Тоқтатпайықшы уақытты.  
Жеткізейікші ертеңге  
Өмірі қысқа бақытты.

\* \* \*

Ұмытшақтық не деген бүлік еді,  
Оларға мен жасымда күліп едім.  
Қиналамын есіме түсіре алмай  
Біреулердің кешегі түрін енді.

Ұмытшақтық барады меңдеп мені,  
Көрем кейде кілең бір көлеңкені.  
Бірақ оған қынжылып өкінбеймін,  
Өткенменен айырап жоқ есебім.

Есептесіп қайтемін кешегіммен,  
Кеше жатқан безем бе төсегімнен.  
Кеше жатқан безбеймін төсегімнен,  
Сен-ақ мені былғай бер өсегімнен.

\* \* \*

Түсім екен деймін,  
Қиялым қайда шығанда.  
Сөйлейді біреу  
Дауысын қатты шығармай.  
— Мен Тәжібаймын, — дейді  
Мына бір жуас, жас кісі.  
— Не деп тұрсың өзің?  
Келдің бе өзің сынауға?

— Олай деме, балам,  
Мен сені сынап не етемін,  
Көруге келдім  
Жалғыз ұлымның мекенін.

Қолайлы көрсең,  
Қасыңда бір күн қонамын,  
Қолайсыз көрсең,  
Көз көрмесіме кетемін.

— Мен өзім қазір  
Сексеннен асып барамын.  
Жассың ғой менен,  
Қалайша балаң боламын?  
Күтетін сені  
Шешемнің қашан өлгені,  
Соғыпсың, әке,  
Бұл үйге бекер оралып.

Кенеттен келіп,  
Кенеттен әкем жоғалды.  
Ол енді қайта  
Көз көрмесіне оралды.  
Сексеннен аса  
Түсімде көріп әкемді,  
Күлдім де қойдым,  
Әңгімені де доғардым.

\* \* \*

Шүкірлік керек,  
Һәманда керек шүкірлік.  
Мен де шүкір деймін,  
Күтпеймін асқан күтімді.  
Тілегім таза,  
Жүрегім таза, орнында,  
Бір рет мені  
Билеген емес күпірлік.

Қиналсам қанша,  
Қуандым сонша, есімде.  
Бір адам мені  
Қарғаған емес кешірмей.  
Мен сүйсем, сүйдім,  
Жаныммен сүйдім алдамай,  
Махаббатымның  
Жалғыз үшқынын да өшірмей.

Қарашы маған,  
Таза көзіңмен қарашы.  
Кәрі жүрегімнің  
Соғысын дұрыстап санашы.  
Жетектеп өзің,  
Жөніме қайта түсірші,  
Алжасса көңілім  
Білместігінен адасып.

Шүкірлік керек,  
Тірлігім осы жетпей ме?  
Артымда сонау  
Қалдырдым қанша өткелдер...  
Адамға, күнге  
Бүгін де Мәжнүн-ғашықпын,  
Арнаймын соған  
Махаббатымды көктемдей.

\* \* \*

Қырқылып кейде  
Шабыттың сұлу қанаты,  
Болады кезім  
Демімді өрең алатын.

Сол кезде мен де  
Ең жақындарымды іздеймін  
Жүрегіме титтей  
Ем болар дәрі табатын.

\* \* \*

Жарастық тауып  
Жаратылыспен арамыз,  
Ынтығып соған,  
Мәжнүндей ғашық боламыз.  
Сол тұста бізді  
Күйрете қайғы соққанда,  
Жылаудан өзге  
Түкті де білмей қаламыз.

\* \* \*

Жарық күннің бейнесі өзім деймін,  
Сәл бұзылса райы, безілдеймін.  
Қуануым, жылауым бір нәрседей,  
Ұзақ түнде дөңбекшіп, көз ілмеймін.

Әлем әсем, сүйемін деп жырлаймын,  
Неге сүйдім, мағынасын ұғынбаймын.  
Бүгін менің мақтаған қуанышым  
Өтеді де кетеді, бұрылмайды.

Жаңа күнге жыр керек тағы жаңа,  
Жаңа жырдың жаңа оты жағыла ма?  
Өлең берер, ой берер жарықты іздеп,  
Күннің көзін күнде мен сағынамын.

Күннің көзін күнде мен сағынамын,  
Бұлттан биік асам деп сабыламын.  
Бұлттан биік аса алмай, қалсам жолда,  
Ойдың бұлтын қап-қара жамыламын.

Жеңіл емес жүрекке ой салмағы,  
Жанның даусы естілер сарнап тағы.  
Кеше ғана шалқыған қанатты өлең  
Бүгін мұңын шертеді, айтып шағым.

\* \* \*

Мен жалғызбын жырымменен бүгін де,  
Отырамын аласұрмай, жүгірмей.  
Маған сенің алған демің жетеді,  
Одан өзге керек емес түгің де.

Үндемеші, үнсіз ғана қарашы,  
Үнсіз емдеп жазшы жанның жарасын.  
Сұрамаймын барлық махаббатыңды,  
Мейіріңнен тұрсаң болды қарасып.

Мейіріңнен қарас дедім, шақырдым,  
Түсіндің ғой оған өзің, ақылдым.  
Бұл жасымда көтеремін қалай мен,  
Алам қалай барлық махаббатыңды?

Қойшы, мұным не?  
Қорыққаным ба, не еткенім?  
Өз қолымнан қалай сынбақ откелім?  
Аяп мені тұрған жоқ па өзі кеп  
Арманымдай ақ жұлдызым коктегі?

\* \* \*

Көп айтыстым, тартыстым достармен де,  
Өзгеретін күндегі жоспар демде.  
Енді соның бәрі де тіпті алыста,  
Қайтып енді көрмеймін тосқанмен де.

Бақыт табам., жасаймын деп тілендім,  
Бағытымен шұбырған кеттім елдің.  
Көп жасадым, қатерлі қалды жолдар,  
Не екенін бақыттың білдім енді.

Бақыттымын деушіге таңданамын,  
Бақытсызбын деуге де арланамын.  
Бақыт деген сол екен —  
Домбыраңнан  
Ести берсең үзбестен арман әнін.

\* \* \*

Өлмейтін күй, сөнбейтін сәулелерден  
Бөлінгем жоқ, бөлінбей келем елмен.  
Бүгіннің де ортақпын індетіне,  
Жаза алмаппын өзімді өзім емдеп.

Айыра алмай қарадан ақ мұратты,  
Шаппас жерде қанша рет қылыш шаптым.  
Обал, ұят дегенді сатқан үшін,  
Жылтырақты жыртыып мен де тақтым.

Алғысқа да ортақпын, қарғысқа да,  
Жүрем кейде күн өтпей, таң қысқармай.  
Ой бұлттары ойыспай, түнергенде,  
Қиналамын басымды қан қысқандай.

Қанша айтсам да өмірдің сергелдеңін,  
Сөніп болды демеймін ойда сенім.

Ең болмаса шабуға өз күнәмді  
Жалаңаштап ұстаймын жыр семсерін.

Мен қазір тордағы құс секілдімін,  
Сезінем тозғандардың жетімдігін.  
Өлеңмен өтеймін деп айта алмаймын  
Қауымның қазақ деген өкілдігін.

Уақыттың бар өзгермес өз ырғағы,  
Өтер мұнар бұлдырап, өтер сағым.  
Отырамын Тәңірімнен тілек тілеп,  
Жарылқа деп халқымның болашағын.

\* \* \*

Менің саған тұрады сенгім келіп,  
Сенгеннен соң, соңыңнан ергім келіп.  
Теріп жүрем бақшамда қызыл алма,  
Жолыққанда өзіңе бергім келіп.

Сенсіз өмір сүруді түсінбеймін,  
Сенің ғана мен бүгін кісіндеyimін.  
Ойларым сен ояуда ішімдегі,  
Көрерім сен ұйықтасам түсімдегі.

Баламын ба, білмеймін, данамын ба,  
Ісін істеп жүремін шаланың да.  
Сағындым деп күнде мен өлең жазам,  
Оңашада өзіңнен қаламын да.

Сенем саған, тіпті мен шектенбеймін,  
Сенің барлық сыныңнан өткендеймін.  
Балалық па, мұным не, даналық па,  
Ештеңеден неге мен сескенбеймін?

Құдай мені жаратқан олпы-солпы,  
Бірде шалқып отырам, бірде толқып.  
Сенем саған, өзім де сенімдімін,  
Шегінбеймін күдікшіл ойдан қорқып.

\* \* \*

Балға табы кетпейді темірдегі,  
Сенің бейнең өшпейді көңілдегі.  
Іздеп сені сарылып табар жолда  
Таңдамадым бейнеттің жеңілдеуін.

Сенің бейнең өшпейді көңілдегі,  
Жұлдызым ең сен жанған көгімдегі.  
Кейде сенің ғайыптан даусынды естіп,  
Маржандарым мөлтілдер төгілгелі.

Төгілсінші маржаным, төгілсінші,  
Қабіріңе жаңбыр боп себілсінші.  
Топырағыңа гүл болып егілсінші,  
Айналаңа құлпырып көрінсінші.

Сенің бейнең өшпейді көңілдегі,  
Жұлдызымсың батпайтын көгімдегі.  
Күнде менің жырыма айналады  
Аңсап сені, жаным-ау, егілгенім.

Өтіп жатыр осылай күн дегенің,  
Есімдесің тірлікте күнде менің.  
Қайтер едік — толқынға бір батар ма ек,  
Жүре берсек үстінде бір кемеңің.

\* \* \*

Күнде қанша  
Өтіп жатыр жаназа,  
Күнде қанша  
Көміледі табыттар?  
Ажал келсе,  
Еріксіз жан береді.  
Әлсіздер де,  
Астым деген алып та.

Сондай тұста  
Саябырлап арпалыс,  
Сабыр тұтқан боламыз.  
Айналаға ақылы енген көзбенен  
Қаранып та қаламыз.

«Барға шүкір,  
Жоққа жүйрік жетпейді», —  
Деп үлгілі сөздер айтып,  
Демімізді де аламыз.

Алдамшы ғой  
Уақыт деген антұрған,  
Бүгін аяз, ертең жаз.  
Жаздың айдын көлінде  
Сұңқылдаған аққулар мен қоңыр қаз.  
Күндіз сансыз бояулар,  
Түнде тылсым сыңғыр саз.  
Қуанбасқа, мәз болмасқа  
Жоқ ылаж.

Қуанамыз, ол заңды,  
Елікпейміз сұлулыққа қалайша? —  
Жер жасарса,  
Жасыл дүние молайса,  
Жыртығымыз жамалса,  
Аш қарнымыз тоғайса,  
Жұттан қалған  
Арығымыз қоңайса.

Барға шүкір,  
Жоққа жүйрік жетпейді,  
Шүкір дендер, қазақтар!  
Рас болса,  
Жаңа ғана босандық қой азаптан.  
Шолақ ойлы,  
Балғын-бала мінезбен  
Адаспайық тағы да,  
Айналмайық мазаққа!

\* \* \*

Ашулысың деме,  
Кінәлап мені не етесің.  
Жараспайды бізге  
Мұқату менен кекесін.  
Сен түсін маған,  
Жаныма менің бойлашы,



Ызаланған аңнан  
Не жайдарлылық күтесің?

Кеше ғана біздер  
Ырза емес пе едік заманға?  
Қып-қызыл туға  
Бөленуші еді алаңдар.  
Өміріміз ортақ,  
Көңіліміз ортақ болған соң,  
Бейнетті де бірге  
Көтеруші еді адамдар.

Айбынымыз қандай  
Сәулетті еді әлемде,  
Қай кезде кімге  
Көріп ек болып тәуелді?  
Амалсыз біздің  
Айтқанымызды тыңдайтын  
Социализмді  
Құртамыз деген жау ел де.

Қандай ем сонда,  
Жабылып па еді қабағым?  
Қандай еді сонда  
Болаттай берік қоғамым?  
Бұзылды қалай  
Сонау бір жарастықтарым?  
Енді мен оны  
Іздеймін қайдан, табамын?

Сен түсін маған,  
Жаныма менің бойлашы.  
Иланшы маған,  
Есіңді жишы, ойлашы,  
Ойлашы досым,  
Жауап берші маған, ақылмен:  
Кеше қайда едің?  
Бүгін сен енді қайдасың?!

\* \* \*

Баршылық менде  
Мінезі сойқан бөрінің.  
Тұрамын кейде  
Белдерден қарап керіліп.  
Ішімді тартып  
Ұлығанды да қалаймын,  
Қараңғы түнде  
Жортуға бастап желігім.

Бөрі боп түнде  
Ұлығанды мен қалаймын.  
Бөрі боп түнде  
Талаймын тағы талайды.  
Қан соқта қылып  
Болған соң түгел маңайды,  
Жатамын жайлы  
Апанға кіріп қамаулы.

Мейірімді Тәңірім,  
Ынсап бер мына адамға.  
Ынсап бер, Тәңірім,  
Ниеті бұзық маған да.  
Бүлік кірмесінші  
Бүтінделем деген жұртыма,  
От тимесінші  
Тозығы жеткен заманға.

\* \* \*

Қояйықшы бөрің де,  
Шығайықшы далаға.  
Жатамыз ба қамалып  
Қоқырсыған қорада.  
Әнші қурай бауырымдап,  
Шақырып тұр далада.  
Тастайықшы бөрің де,  
Кетейікші қаладан.

Әнші қурай жалынып,  
Шақырып тұр далада.  
Қурай даусын зарлаған

Естимісің, жан аға?  
Кетейікші, ағажан,  
Кең далада жел болып.  
Тастайықшы бәрін де,  
Қош дейікші қалаға.

Не бар осы арада?  
Не бар осы қалада?  
Жатырсың ғой қамалып  
Қоқырсыған қорада.  
Тұршы орныңнан, жан аға,  
Қош дейікші қалаға.  
Шақырып тұр сыбызғы  
Өзің туған далада.

\* \* \*

Өзім дей берем,  
Өзімнен басқа кімді айтам?  
Ұзартып айтсам,  
Басымнан өткен күнді айтам.  
Дүнием мынау  
Құшаққа сыймас кең-байтақ.  
Кең-байтақ дүнием,  
Сыр қылып сенің неңді айтам?

Неңді айтам сенің,  
Опасыз едің дейін бе?  
Айтармын оны  
Құлаққа қалай бейімдеп?  
Білем ғой бәрін,  
Сенімен жүз жыл жасадым,  
Қалдырған нең бар  
Болашақ үшін кейінге?

Тасжүректік пе,  
Адамды адам демеу ме?  
Махаббат жолын,  
Мейірімнің жолын бөгеу ме?  
Әкені қорлап,  
Шешені зорлап жылатып,  
Ұл менен қызды  
Айналдыру ма өгейге?

Өзім дей берем,  
Жетісіп өзім болғандай,  
Бір өзім ғана  
Дүниеге пана-қорғандай.  
Буын жоқ тілде,  
Бөгет жоқ желдей көңілде,  
Мен сөйлей берем,  
Сенетіндерің ғана тыңдаңдар.

## СЫҢАР ЖАРЫҚ

(Топтама)

### 1-өлең

«Алдымнан бейнең кетпес мұнарланып,  
Қараймын елесіңе құмарланып».  
Жұбымыз екеуміздің қандай еді,  
Шынымен қалғаным ба сыңарланып?

Шынымен қалыппын ғой сыңарланып,  
Сүйермін енді кімді құмарланып.  
Бұлдырап қайран күндер өте берер,  
Алыстан аппақ сағым мұнарланып.

Сындырып арбамның бір доңгелегін,  
Мен келем сыңарланып, мен келемін.  
Кейде мен қызығам да, қызғанамын,  
Жұбына көзім түссе өңгелердің.

Алдымнан бейнең кетпес мұнарланып,  
Қараймын елесіңе құмарланып.  
Егіздің біреуі бар, біреуі жоқ,  
Қанша күн жанар екен сыңар жарық?..

### 2-өлең

«Асау торы жүрмейді шалдыққанда,  
Еркін даусым шықпайды қарлыққанда».  
Қалқашымның өзі жоқ, киетұғын  
Қамқалары жабулы сандықтарда.

Орамалың басында қызыл еді,  
Отырғаның қызарып қызық еді.  
Гауһарынан ақ-сұрғылт сәуле төккен  
Мен кигізген қолыңа жүзік еді.

Мен кигізген жақсы еді-ау білезігің,  
Жарастығы болатын бір езіңнің.  
Білезігің, жүзігің иесіз қап,  
Жылай берем жүрегім құр езіліп.

Аққуымнан айрылдым көлімдегі,  
Қайғы табы кетпейді көңілдегі.  
Жоқтағаннан өлем деп қиналмаймын,  
Сұрамаймын қасіреттің жеңілдеуін.

### 3-өлең

«Көрінер жақсы ат сұлу жарағанда,  
Әсемдеп жал-құйрығын тарағанда».  
Көзімді дидарыңнан алмаушы едім,  
Шашыңа сүмбіл қара қарағанда.

Көрдім-ау сол шаштың да ағарғанын,  
Шашыңа шашбауымды таға алмадым.  
Қалқам-ау, сақтап сені қала алмадым  
Сұғанақ көздерінен адамдардың.

Тағдырдан қалауымды ала алмадым,  
Қалқамды аман сақтап қала алмадым.  
Алыстан армандай боп мұнартады  
Қақпасы мен ашпаған қамалдардың.

### 4-өлең

«Көзімнің жанарындай сәулем едің,  
Көңілімнің қуанышты дәурені едің».  
Ойымнан, жатсам-тұрсам, бір кетпейсің,  
Басымды не сиқырмен әуреледің?

Айналдым сиқырыңнан әурелеген,  
Адам ба, сен шақырсаң, «әу!» демеген.

Аппақ күн — аппақ нұрлы сәулелім ең,  
Басыма бақ орнатқан дәуренім ең.

Көңілімдегі дидарың күлімдейді,  
Күлімдесең, жүрегім дірілдейді.  
«Күтпей-ақ қой мені енді, күнім», — дейді,  
Даусы қатты шықпайды, күбірлейді.

Дірілдесе жүрегім, дірілдесін,  
Өзгелерге дірілі білінбесін.  
Сыңар жанның сырласы кім болмақшы  
Оңашада отырар күбірлесіп?..

### 5-өлең

«Бұраң бел сылаң қаққан шыға келді,  
Қолымды өзімсініп сыға берді».  
Айтармын оған қалай тұрар жерді,  
Құдіретін қуатымның сынар жерді...

Қайтемін, тәуекелге бел байладым,  
Тұнығын көңілімнің лайладым.  
Бел кетер я болмаса белбеу кетер,  
Ойымнан шегінбеймін шыр айналып.

Бұраң бел сылаң қаққан тұр алдымда,  
Ұсайды шөлден қайтқан құладыңға.  
Жай ғана ақ маңдайын сүйдім барып,  
Кешірім сүйгеніме сұрадым да.

Бұраң бел сылаң қаққан тұр алдымда,  
Ұсайды су сұраған құладыңға.  
Сүйдім де ыстық ернін, қалдым қатып,  
Білмеймін қуандым ба, жыладым ба...

### 6-өлең

«Қарғам-ау, сен қандайсың мен дегенде,  
Құриды ынтызарым сен дегенде».  
Алаңдап ақиықтай қаранамын,  
Сағынып сымбатыңды көрмегенге.

Оянып күнде ертемен таранамын,  
Жалтандап жан-жағыма қаранамын.  
Бал татып бармағыңнан үйреніппін,  
Бүгінде сенен өзге жоқ алаңым.

Бүгінде сенен өзге жоқ алаңым,  
Сенсіз мен белгісізге жоғаламын.  
Неге сен қарап маған ағаладың?  
Неге сен жүрегімді жараладың?

Өзі жоқ аққуымның, дауысы бар,  
Әлсізбін жарықты да ауырсынар.  
Сені ойлап күнде бүйтіп тарыққанша,  
Есімді жоғалтқаным тәуір шығар.

#### 7-өлең

«Жасыл гүлдей жайнаған жайдарманым»,  
Кешегі уылжыған қайда арманым?  
«Ағалап, ағажандап» тұрушы едің,  
Көрініп саған қызық ойланғаным.

Қайдасың, қайда жүрсің, жайдарманым,  
Ағанның аңғардың ғой ойланғанын?  
Күндерде көріспеген күдер үзіп,  
Басыңның білмей қалма байланғанын.

Басыңның білмей қалсаң байланғанын,  
Келгені онда ағанды ойрандағың.  
Кәрі ақын тыяды де ойланғанын,  
Көрем деп ұмтылмайды жайдарманын...

#### 8-өлең

«Құлағыңа таққаның күміс сырға,  
Күмбірлетіп шығасың күнде қырға».  
Күмбірлетіп шыққанда күнде қырға,  
Кім бар екен алдыңнан күтіп тұрған?

Мен де аяндап сол қырға барсам ба екен,  
Өзім күтіп алдыңнан алсам ба екен?

Құлағыңнан сырғанды шешіп алып,  
Құлағыңа өзімнің салсам ба екен?

Мен де аяңдап сол қырға барсам ба екен,  
Өзім күтіп сәулемді алсам ба екен?  
Құшағымнан шығармай қысып тұрып,  
Қара түнді жамылып қалсам ба екен?

Қара мақпал — қара түн жамылайын,  
Қарғашымның сырғасын тағынайын.  
Қалайын да қайта алмай қыр басында,  
Бар мұңымды өзіңе шағынайын.

### 9-өлең

«Еркем-ау, дәнекерсің айнадағы,  
Шашақсың жалаулатқан найзадағы».  
Көркінді көргеннен соң, қиын болды  
Отыңды көбелек боп айналмауым.

Енді өмір сенен өзге жай қалады,  
Алдымда ақторғыным шайқалады.  
Ағаңның ақ ниетін аңғардың ғой,  
Демеші: «Ағатай-ау, байқамадым».

Демеші: «Ағатайым, байқамадым»,  
Сен ғана енді менің айтар әнім.  
Әнімнің басы да өзің, соңы да өзің  
Айтылар өмір бойы қайталанып.

Қалқам-ау, жылжып қана жақындашы,  
Ағаңның айтқан сырын мақұлдашы.  
Ашшы кеп күн бейнелі сәулетінді,  
Ақторғын ақ дененді жасырмасын.

### 10-өлең

«Ажарың ашық екен атқан таңдай,  
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай».  
Күйреген күйіктінің көрдім бәрін,  
Өкініп қасіретіңнен қаққан таңдай.



Күрсініп қақпаймын мен таңдайымды,  
Сынаймын сын кезеңде маңдайымды.  
«Қалқам деп, қарғашым» деп қол созамын,  
Қақпассың «қаңтарыл» деп шаужайымды.

Екі көз — екі отыңмен күйдіре бер,  
Жанайын сүйіп жатып, сүйдіре көр.  
Қалқашым, қалауыңның істе бәрін,  
Өзіңе билігімді бердім түгел.

Билей бер сезімімді, ақылымды,  
Ұмытпа күнде өзіңе шақыруды.  
Қалады төбем көкке тимей әрең,  
Баурыңа баса түссең жақыным деп.

### 11-өлең

«Жаз шықты жадыратып майдың айын,  
Әніне шырқап кетті Гүлдерайым».  
Гүлдерай, шырқай берші шығандата,  
Үніңнен сылдыраған айналайын.

Гүлдерай, Гүлдерайым, гүлдерім-ай,  
Жауқазын жаудыраған күндерің-ай.  
Жарысып көбелекпен жүргенің-ай,  
Жарасып бұлақтармен күлгенің-ай...

Гүлдерай, шуақтағы жасылымсың,  
Нөсердің алдындағы жасынымсың.  
Аспаннан түсе қалған асылымсың,  
Айтамын соның бәрін жасырынсыз.

Гүлдерай, көңілің сенің көгілдірде,  
Сенімен әндетіп жүр өмір бірге.  
Түсірші маған, Гүлдер, көлеңкеңді,  
Шашыңды түндей қара төгілдір де.

### 12-өлең

«Көкшетау, Баянауыл жер науаны,  
Елінен көктеп, гүлдеп шығады әні».  
Көкшеде әнмен бірге Ақан туған,  
Бүгінде сұңқылдап тұр шырқағаны.

Ақанның қандай еді салған әні,  
Өртте де, апатта да тоқтамады.  
Үстінде Құлагердің құстай ұшып,  
Бүгіннен болашаққа барады әне!

Бұл Ақан адам ба еді, қыран ба еді,  
Таңданып, қашан көрсең, тұрады елді.  
«Ақан!»— деп, «ағатайлап!» қолын созған  
Әкетті ол тағы да бір бұраңбелді.

Ақан келді — ақиық, қыран келді,  
Әкетті-ау тағы да бір бұраңбелді.  
Ақан аға, кешікпей қайта оралшы,  
Айналды қалған қыздар жылауға енді.

Ақан аға, күтеміз, қайта оралшы!  
Айсыз түнде әніңнің оты жансын.  
Тыңдап сені, ұлы ойдан босанайық  
Жанымызды кететін кейде жаншып.

### 13-өлең

«Еділдің арғы жағы, бергі жағы,  
Жайқалған жағасында жапырағы».  
Еділдің суын кешкен ерлеріме  
Дәрідей дәрмен берген топырағы.

Ен дария кіреді енді түсімізге,  
Еділ деп әндетеміз ішімізден.  
Сағынып қартайғанда іздеп барсам,  
Қалмапты ат ұстарлық кісіміз де.

Өткен шақ қайта оралмас бұлдыр сағым,  
Ен дария ертегідей жатыр ағып.  
Кеше ондай, бүгін мұндай дей береміз,  
Мезгілдің болжау қиын болашағын.

### 14-өлең

«Қарағайлы, ендеше, қарағайлы,  
Қарағайды көп жылқы аралайды».  
Жылқы аралап жүргенде қарағайды,  
Үйде отыру еркекке жарамайды.

Қалың ойым менің де қарағайлы,  
Қарағайды қиялым аралайды.  
Арман деген ақ сәуле жалтылдаса,  
Бұлдыр көзім қарауға жарамайды.

Бұлдыр көзім қарауға жарамайды,  
Бұлдыр арман жанымды жаралайды.  
Арман сұлу қасымнан өте шықты,  
Менің созған қолыма қарамайды.

Бұлдыр арман жанымды жаралайды,  
Отырғанды өкініп қаламаймын.  
Бұлдыр арман, сен ғана тірлігімсің,  
Сенсіз күнді өмірге санамаймын.

### 15-өлең

«Ей, қалқа, ғашық болдым жамалыңа,  
Қызықпас кімдер, көрсе, жанарыңа».  
Сәулем-ау, адамбысың, сиқырмысың,  
Тұрады екі көзің жанады да.

Тұрады екі көзің жанады да,  
Қарасам қанша, мейірім қанады ма?  
Жайтаңдап жанарыңмен жалт қарашы  
Сен үшін жаны ауырған жаралыға.

Не дейін, қай сөзімді мақұлдарсың,  
Не қылсам, құшағыма жақындарсың?  
Қай сұлу өмір сүріп көрді дейсің  
Ләйлі үшін Мәжнүн болған ақындарсыз...

Ләйлім — сен, сенің көрі Мәжнүнің — мен,  
Жүрегім өзге жанға етпейді елең.  
Сен барсың бұл жалғанда, мен-ақ бармын,  
Жолымда тұрмақ енді кім көлденең?!

### 16-өлең

«Біздің ауыл, сұрасаң, Белтұрғанда,  
Биік ағаш солқылдар жел тұрғанда».  
Екі көзім өзіңнен айнымайды  
Ақ теректің түбінде сен тұрғанда.

Айтпаймын саған бір сөз сырғақтаған,  
Жараспас жансыз тілмен құр мақтаған.  
Менің кім екенімді түсінесің,  
Сөл ғана ойлар болсаң бұлғақтамай.

Аппақ боп ақ терекпен табысасың,  
Балаша ақ лақпен де жарысасың.  
Желігің желмен ойнап қанған жоқ па,  
Енді қашан өзіме ауысасың?

Желді қойшы, ойланшы, желікпеші,  
Жеңілдерге айналып елікпеші.  
Келсең маған, біржола сеніп келші,  
Жүрегінді түп-түгел беріп келші.

### 17-өлең

«Біздің ауыл Ақсайдың қақпасында,  
Алтын жүген жылтылдар ат басында».  
Тізгінінді қолымнан босатпаймын,  
Өзің ғана болғайсың нақ қасымда.

Өзің ғана болғайсың өзімменен,  
«Ағатайым» дейтұғын сезімменен.  
Көрсем екен қолыңды созған маған  
Қуанғаннан жас толған көзімменен.

«Аға» деші, десейші «ағатайым»,  
Әр сөзінді дәріге жаратайын.  
Ынтығумен жолыңда демім бітсе,  
Мерт болды деп ойлама жазатайым.

Сағынарым, аңсарым бір ғана сен,  
Сенсіз жерде жатамын көңілім бәсең.  
Өтсе екен деп тілеймін бұлдыр күндер,  
Жетсе екен деп тілеймін күндер әсем.

### 18-өлең

*(Тәукенің әні)*

«Сәлем де, мұнан барсаң, Мәрияға,  
Тәуекел, салдым қармақ дарияға.

Айдалып бара жатып Сібір жаққа,  
Әні екен Тәуке салған жарияға».

Күштіге басымды имей, жүрдім жақпай,  
Айдалдым, жақпаған соң, Сібір жаққа.  
Аязда аяқ-қолым кісендеулі,  
Келемін айдауменен дамыл таппай.

Келемін айдауменен дамыл таппай,  
Қылышым қынабымды қалды шаппай.  
Қалдың-ау, қайран досым, жылай-жылай,  
Көзіңнің у боп аққан жасын бұлай.

Келемін қара жолда дамыл таппай,  
Мәрияның қолдан берер дәмін татпай.  
Қайран жар, қайраттан да есіңді жи,  
Көзіңнің жасын доғар сорғалатпай.

Мәрия, сүйгеніңнің ақылын ал,  
Көзіңнің көл боп аққан жасын доғар.  
Сарғайып мені, сәулем, сағынғанда,  
Күткейсің ызындаған желден хабар.

Тірімін, келем жолда кісендеулі,  
Ел үшін, у берсе де, ішем мейлі!  
Кеудемде жаным барда — намысым бар,  
Қайраулы қанжарға да түсем енді.

Мәриям, мен өлмеймін, өлме сен де,  
Ішінде сақта мені көрмесең де.  
Жарамды кісен кескен жазамын мен,  
Жыланның уыменен емдесем де.

Өлмеймін, қайтам елге Сібірден де,  
Сүйіктім, туыстарым, түңілмендер.  
Тос мені, мені ғана тос, Мәрия,  
Даланы дірілдеткен дүбірлерден.

\* \* \*

Қойшы енді, қалқам,  
Тасташы бәрін күдіктің.

Тамырын қию  
Керек пе бізге үміттің,  
Қажет пе бізге  
Ауыртар жанды күдіктер?  
Ұмытшы сен де,  
Мінеки, мен де ұмыттым.  
Ұмыттым бәрін  
Өзіңнен енді басқаның.  
Арналған саған  
Әнімді қайта бастадым.  
Үрікпеймін енді  
Бейтаныс болымсыздардан,  
Сұрмеймін өмір  
Көлеңкелерден жасқанып.

\* \* \*

Тыңдашы кәне,  
Осы бір күлкі жаман ба?  
Сыңғырлап тұр ғой  
Естіртіп бүкіл ғаламға.  
Көріп тұр қызық  
Менің де тыңдағанымды —  
Көңілім мен көзім  
Жарыса бірге алаңдап.

Үйренген күлкі  
Қағылған қоңырау емес пе?  
Қағылса қоңырау,  
Естимін сонау белестен.  
Жып-жылы даусы  
Еріксіз тарта береді,  
Өзіңдікі ғана,  
Тіпті өзгенікі еместей.

Күлкі де — көк құс,  
Лезде-ақ ұшып кетеді.  
Қаласың таппай,  
Жоғалтсаң оның мекенін.  
Ұстасаң, ұста,  
Шығармай ұста қолыңнан,  
Жарық дүниенің  
Аппақ туындай көтеріп!

\* \* \*

Мен туғалы қашан,  
Жарықтан мен де шаршадым.  
Шаршадым деймін,  
Жасырмай жұртқа жар салып.  
Кеудемде шоғым  
Жатқан соң, қалай сөнемін?  
Болады кейде  
Менің де іздеп, аңсарым.

Аңсадым дедім,  
Тура айттым саған шынымды.  
Жасыра алмадым  
Кеудемде жатқан мұңымды.  
Аңсадым десем,  
Сен неге сонша шамдандың?  
Сындыра жаздап  
Отырған ағаң тұғырды.

Жанбайтын отың  
Бықсығанымен жанбайды.  
Сынаққа түспей,  
Сынайсың қалай мандайды?  
Жастығыңды, жаным,  
Жастыққа ғана сата бер.  
Ол саудаң үшін  
Мен сені жазғыра алмаймын.

\* \* \*

Күн деген өтіп,  
Уақытымды менің қысады.  
Қозғайды келіп  
Ішімде жатқан құсаны.  
Мен қайда қалдым?  
Құр асыққаннан пайда не?  
Қалдым екен деп,  
Қанатсыз қайда ұшамын?

Пайдасыз өткен  
Жылдарым менен күндерім.  
Түк бермей маған,

Кетіпті бәрі ілгері.  
Өткен өмірі үшін  
Өкініп отыр екен деп,  
Қайырымы тиіп,  
Жарылқай қоймақ кім мені?

Ой деген — ұйық,  
Тартады мені тереңге.  
Сыймайды соның  
Барлығы түгел өлеңге.  
Қалмауым үшін  
Айналып тастай кереңге,  
Дауыстап кейде,  
Айтамын: «Мен де келем!» — деп.

\* \* \*

Күн қандай әсем,  
Тарапты бұлты аспанның.  
Жаңа бір жылы,  
Шуақты шағым басталды.  
Кешегі суық,  
Жауыннан кейін сергіліп,  
Тосамын құлақ  
Күлкілеріне жастардың.

Күлкілер қандай,  
Көңілді күйге бөлейді.  
Қағады қоңырау  
Сиқырлы күміс көмейлер.  
Әнеки, маған  
Жалт қарады ғой қара көз,  
Аға деді ғой,  
Тағы да маған не дейді...

Не дедің маған?  
Қайталап айтшы, қарғашым,  
Естіртші түгел  
Ойыңның сұлу жағасын.  
Күтемін сенің  
Аузыңнан тағы отты сөз,  
Күлкіңнен сөзің  
Салқындау шығар болмасын.



\* \* \*

Қолымда қамшым,  
Белімде белбеу жарасып,  
Жігіт боп мен де,  
Жүргенмін жолда адасып.  
Кісінейтін еді  
Тақымымдағы сұр дөнен,  
Мен түскен жолға  
Түскісі келмей, таласып.

Түн қандай еді,  
Мен қандай едім ондағы.  
Бұталар маған  
Қалатын сөйлеп жолдағы.  
Періште қыздар  
Ақ сәуле болып ойнайтын,  
Қобызбен бірге  
Сарнайтын бақсы толғанып.

Түнімен жүрем  
Күшігін іздеп құмайдың.  
Жондарыма да,  
Жолдарыма да өзім ұнаймын.  
Мен жүрген жаққа  
Бұлақтар бірге ағады.  
Сол даладағы  
Еркесі менмін Құдайдың.

Қайда екен менің  
Сондағы қамшы, белбеуім?  
Әперіндерші,  
Керексінбейін өңгені.  
Кісінеді ғой, өне,  
Беріндерші ерттеп жануарды,  
Шығайын жолға,  
Көрсінші тағы ел мені.

\* \* \*

Мөлдiреп тұрсың,  
Елжіреп маған қарайсың.  
Мені де мөлдiр,

Күнәсіз жанға санайсың.  
Сен, сәулем, мүлде  
Мен емессің ғой, бөлексің,  
Сен мені ұмыт,  
Есіңнен шығар алаңсыз.

Мен ғана сүйіп,  
Сыртыңнан сені бағайын.  
Онымды тағы  
Сезбей-ақ қойсын ағайын.  
Ақ сәуле болып,  
Алыстап кеткен шағыңда,  
Аңсағанымды мен  
Жырыма ғана шағайын.

\* \* \*

Қайда жүрсең де,  
Елесің менің алдымда.  
Бір өшпей қойдың,  
Қиялымда менің жандың да.  
Жап-жарық болып,  
Жанасың да кілең тұрасың,  
Ойымда түк те  
Көлеңке болар қалдырмай.

Таң болып аттың,  
Ай болып тудың түнде сен.  
Мен қалай өмір сүрер ем,  
Сені білмесем?  
Айналар едім  
Қараңғы қара дүниеге,  
Ағалап қана  
Ойымда өзің жүрмесең...

\* \* \*

Күл десең, күліп,  
Гүлдене берем алдында.  
Орындамай, сірә,  
Өміріңді сенің қалдым ба?  
Жеңілдетем десең,  
Жеңілінді де көтерем,

Қаласаң, бауырым,  
Арта бер жүгін нардың да.  
Көрсетпен саған  
Қиналған аға қабағын.  
Қолымнан келсе,  
Ойынды сенің табамын.  
Сен үшін, жаным,  
Іздеуге бүгін әзірмін  
Ертектер айтқан  
Теңіздің алтын шабағын.

\* \* \*

Мен темір емеспін ғой шаршамайтын,  
Шаршасам, ауырлықтан кетем тайқып.  
Сол шақта маған шымшық әл береді,  
Жел күнгі боз қурайдың әнін айтып.

Ән тыңдап, әлсіздіктен босанамын,  
Қурайға жаным менің қосады әнін.  
Тербеткен бесігімде ырғағынды  
Сағынып, көз жұмғанша тосам әлі.

Кең дүние көңілім бе екен, далам ба екен?  
Далама сағынғанда барам ба екен?  
Қурайға құлағымды салам ба екен?  
Әйтпесе, таскерен боп қалам ба екен?

Ой, қиял қандай жылдам ауыспалы,  
Мүмкін бе бұл екеуін тауыспағым?..  
Тындасам боз қурайдың боздағанын,  
Тұрады жақын келіп алыстарым.

\* \* \*

Өлерінен бір күн бұрын кешінде  
Атам айтқан мына сөздер есімде:  
— Мен өтемін, жыламаңдар, — деді, —  
Көз жастарыңды бұламаңдар, — деді, —  
Денемді жерге беріндер, — деді. —

Малға қарандар, қорасын жөндендер,  
Күн суып кетпей, шөп әзірлеңдер.

Отпенен ойнап, орт шығармаңдар,  
Кеселмен ойнап, дерт шығармаңдар,  
Алдағыш пен арбағыштан сақтаныңдар,  
Ар-ұятын жалдағыштан сақтаныңдар.

Доңғалағын майлап, арбаны күтіндер,  
Атқа жем салар дорбаны күтіндер.  
Мүзбенен өтер өткелді күтіндер,  
Жер шабатын кетпенді күтіндер.  
Ұраға көмген азықты күтіндер,  
Арқан мен шылбыр, қазықты күтіндер...  
Айтқандарының ұмыттым көбін,  
Көп айтты атам, тоқтатты демін.  
Тапсырғандай өзі, қабірін қазып,  
Бергенбіз жерге денесін оның.

Қанша жыл өтті осыдан бері,  
Өзгерді қанша ойдағы сенім...  
Қыстауы қирап, жайлауы тозып,  
Жоғалып та бітті атамның жері.

\* \* \*

Көгерді міне,  
Жапырақтар жаңа боянған.  
Күн қандай жылы,  
Тіршілік түгел оянған.  
Көктемнің жайын  
Көкек те сөйлей бастады,  
Аспан мен жердің  
Бояуларына тоя алмай.

Көшелер жатыр  
Жаңбырмен жаңа шайынған.  
Созылып күнге  
Қарайды терек, қайыңдар.  
Жапыраққа ғашық  
Баһардың күйшіл құстары  
Жақындап қапты  
Әндерін жаздың дайындап.

\* \* \*

Суында жүздім  
Сыр менен Ертіс, Есілдің.  
Бәрін де көрдім,  
Бәрін де бастан кешірдім.  
Ду менен шудан  
Айналып басым көрген жоқ,  
Атанған жоқпын  
Кешірімсіз, яки кесірлі.

Келемін бұзбай  
Сезімім менен санамды.  
Үйрендім жастан  
Мезгілімді де санауды.  
Көремін мақтан  
Аға, жеңгемнің алдында  
Ұялмай тұрып,  
Жүздеріне еркін қарауды.

Үйрендім жастан  
Күндерімді өткен санауды.  
Достарым ғана  
Санаулыларым мен қалаулым.  
Ел болу бізге  
Қиын да соқпас дер едім,  
Ұстасаң жықпай  
Адамдық атты жалауды.

\* \* \*

Тоқтар емеспін әлі мен,  
Артымда қалды көп жылдар.  
Түнерді көкте күмбезім,  
Сөнетіндей боп жұлдыздар.

Артымда қалды жасыл бел,  
Артымда қалды ақ таулар.  
Артымда қалды өлгендер,  
Жадымда қалды жоқтаулар.

Уақыт — жел, мен бір қаңбақпын,  
Тоқтамай келем айдауда.  
Кідірер титтей мұршам жоқ,  
Зығырданым ғана қайнауда.

\* \* \*

Жатыр менің  
Жырларымды шаң басып,  
Мен әуремін  
Жазып соның жалғасын.  
Кімге керек  
Қадыры қашқан ақындық,  
Жазғаныңды  
Ит иіскемей қалғасын?  
Қиын екен  
Атамекен азғасын,  
Қиын екен  
Ана тілің тозғасын.  
Тілсіз қалған  
Халық ақыны атандым,  
Қырсық Құдай  
Маңдайға әкеп жазғасын.

\* \* \*

Шіренбеймін,  
Сүймеймін шіренгенді,  
Шіренгіштер сүйенген тіреулерді.  
Сүттей ұйып отырған жұртты бұзып,  
Қашырды олар тәп-тәуір іреңдерді.

Шіренгеннен біз неге жасқанамыз?  
Себебі, олар жасалған тастан нағыз.  
Ішіп қанбас, жеп тоймас сол тастарға  
Толып кетті емес пе астанамыз?

Тас жандарға толған соң астанамыз,  
Тас дәуірдің дәстүрін бастағанбыз.  
«Қазақ» деген әуелі сөзден қашып,  
Шала өлтіріп тілін де тастағанбыз.

Атамыздан бездік те, анамыздан,  
Дегізбедік «қазақпын» баламызға.  
Тау менен жер, көлдердің аты өзгеріп,  
Жұрдай болды тоналған даламыз да.

Қазаннан да безгенбіз, қасықтан да,  
Ата-анамыз үйреткен машықтан да.

Жылқы менен түйені бірдей құртып,  
Жетісе алмай қалыппыз қашықтарға.

Шіренбеймін,  
Сүймеймін шіренгенді,  
Шіренумен жоғалттық күрең белді.  
Шіренгендер ауысса, отырамыз  
Біреу кетті дейміз де, біреу келді.

Бұл немене, білмедім, паңдық па екен?  
Есі ауысқан, әйтпесе, шалдық па екен?  
Жылауды да ұмыттық, күлуді де,  
Тасқа айналып шын-ақ біз қалдық па екен?

\* \* \*

Жыланнан қорқам,  
Суық қой түсі жыланның.  
Тұманнан қорқам,  
Ауыр ғой демі тұманның.  
Сескенем неге  
Қараңғы менен суықтан?  
Неге мен сонша  
Жылылыққа ғана құмармын?

Неге мен сонша  
Жарыққа ғана құмармын?  
Күтерім менің  
Батар күн емес, шығар күн.  
Егер мен күнсіз,  
Қалатын болсам тұманда,  
Ертеңге жетпей,  
Өлетін бүгін шығармын.

Жылы мейіріммен  
Маған да, достар, қараңдар.  
Бәрің де мені  
Бауырым деп қана санаңдар.  
Нәзік махаббат  
Жапырағын қалай ашады,  
Айналып кетсе  
Жыланға біздің адамдар?!..

\* \* \*

Мен де сенем маңдайыма жазмышқа,  
Бірақ оны сөз қылмаймын қазғыштап.  
Бақыт пен сор бірге туған адаммен,  
Айтқан соның бәрін түгел жазғыштар.

Жаза беру соның бәрін керек пе,  
Маған соның қосары не көмекке?  
Ойсыратып арманымды кетпей ме  
Жалаңдаған өңшең сұрғылт деректер.

Қорқыныштар жетіп жатыр менсіз де,  
Көп аурулар аталып жүр емсіз деп.  
Сондай тұста қаңғып кеткің келеді  
Жол бармайтын, сөз жетпейтін елсізге.

Бейнет те бар, өлім де бар, белгілі,  
Сол ортада жасайды адам ерлігі.  
Туса біреу, өліп біреу жатады,  
Өлмесе екен тек қазақтың елдігі.

\* \* \*

Июнь дейді-ау бұл айды,  
Жаз дегенің осы ма?  
Күнге қарай алмайсың  
Қара бұлттан шошымай.  
Кешкі ызғардан тоңамын,  
Күздегідей қалтырап.  
Береке жоқ қалада,  
Өте ме жаз осылай?

Жаңбыр құйса қалада,  
Қар жауады тауында.  
Кетірді әбден мазаны  
Суы мұздай жауындар.  
Жаз дегенің осы ма,  
Қай жері жаз бұл айдың?  
Отыруға мұрша жоқ  
Бір мезет те дамылдап.

Жаңбыр құйса қалада,  
Қар жауады тауында.



Күнде үрейлі әңгіме,  
Береке жоқ қауымда.  
Кетем дер ем қаладан,  
Жайлауым жоқ баяғы.  
Түсіме әрең енеді  
Алтын ұям — ауылдар.

### ЗҰЛҚАРҒА

*(Ең кіші немереме)*

Жатайықшы енді,  
Жүгіре бермей, Зұлқарым.  
Неге айғайлайсың,  
Найзанды сілтеп, бұрқанып?  
Ұйықтайықшы, көне,  
Қойнына кірші атаңның,  
Көбейте бермей  
Ұйықтамаудың ғана сылтауын.

Екеуміз жатып,  
Қосылып бір түс көрейік:  
Сен Абылай хан бол,  
Қосынға қосыл көбейіп.  
Ал мен бар ғой  
Айналып Бұқар жырауға,  
Домбыраменен  
Дастанды қызық төгейін.

Тыңдасын жұртың,  
Тыңдасын қалың қосының.  
Мен жырлай берейін  
Домбыраменен қосылып...  
Ұйықташы, күнім,  
Ұйықташы, ханым — Абылайым,  
Оянып кетпей  
Даусымнан менің шошынып.

\* \* \*

Үндемеші, қайың,  
Үндемеші, емен, тыңдашы.  
Келеді әне

Орманның шетін түн басып.  
Мен де үндемейін,  
Естиік түннің сөздерін  
Сыбырлап айтқан  
Жапырақтарменен сырласып...

Үндемеңдер сендер,  
Мен де үндемейін, тынайық.  
Мөп-мөлдір түннен  
Мөп-мөлдір бір ән сұрайық.  
Сол ұзақ түннің  
Мөп-мөлдір әнін үйреніп,  
Күн шыға біз де  
Сол әнді айтып шығайық.

Шырқандар ерте,  
Ақтерек, қайың, емендер.  
Қосылам мен де  
Үйренген түннен өлеңге.  
Ормандар, таулар,  
Адамдар шырқап жатпаса,  
Бүкіл планета  
Айналар еді кереңге.

\* \* \*

Қиялымда мәңгі ұйып тұр  
Өзімнің аппақ жалауым.  
Жалауым тұрса биіктеп,  
Жадырап демімді аламын.  
Қуанышым менің, мақтаным  
Махаббатымның жалауы.  
Қуанған шағым қас қағым  
Есімде мәңгі қалады.  
Бұзылса кейде бұрқанып  
Ішімде гулеп бораным,  
Жығыла жаздап жалауым,  
Әрең деп демімді аламын.  
О, сақта, Тәңірім, әрқашан,  
Ішіме боран кіргізбе.  
Теңізіңнен сақта шайқалған,  
Желқайығыңа мінгізбе!

\* \* \*

Келе жаттың, келе жаттың жолда сен,  
Бұрылмадың оңға да сен, солға сен.  
Ақ нұрына аппақ күннің шомылып,  
Жанарыңнан жанған сәуле төгіліп,  
Иесіндей таудың, орман, дарияның,  
Келе жаттың, келе жаттың, арманым.

Келе жаттың, келе жаттың, арманым,  
Жарқыраған жасыл дүние жан-жағың.  
Кейде қайың жапырақтарын тағынып,  
Кейде жібек ақ бұлттарды жамылып,  
Келе жаттың, келе жаттың, арманым,  
Көңіліңе бір титтей күдік алмадың.

Келе жаттың, келе жаттың, арманым,  
Көңіліңе бір титтей күдік алмадың.  
Жер жанады дегенге сен нанбадың,  
Көк күйрейді дегенге сен нанбадың,  
Махаббат пен сұлулыққа таңқалып,  
Келе жаттың, келе жаттың, арманым.

\* \* \*

Оралдым ұзақ жолдан мен,  
Іздегенімді таппадым.  
Қонбадым шаршап жолда мен,  
Жат қақпаларды қақпадым.  
Жат қақпаларды қақпадым,  
Жат үйлерге де соқпадым.  
Жасырып жұрттан жыладым,  
Жоғалтқанымды жоқтадым.  
Жоғалтқанымды жоқтадым,  
Жоқтадым, іздеп таппадым.  
Жоқтаған зарлы үнімді  
Ішімде ғана сақтадым.  
Оралдым түнде үйіме,  
Алдында тұрмын қақпаның.  
Естілер ме екен соққаным,  
Соғайын десем, батпадым.  
Жатыр ғой ұйықтап балалар.  
Қақпама келіп тоқтадым.  
Іздегенімді таппадым,  
Есігімді де қақпадым.

\* \* \*

Менің де өмірім  
Бір кісілік қана өмірдей.  
Жасалған жоқпын  
Еменнен, яки темірден.  
Менің де жайнап,  
Әйтпесе, жасып жүруім  
Сезімін, ойын  
Жасыра алмаған көңілден.

Сезімін, ойын  
Жасыру қиын ақынға.  
Өсіре алмайсың  
Гүлдерді сусыз тақырға.  
Әр сөзім менің  
Мұңы мен шерін шағады  
Сенбеушілерге де,  
Сенетін маған жақынға.

\* \* \*

Өзім, міне, көк шамның қасындамын,  
Үйреншікті столдың басындамын.  
Ал жаным ше?  
Қайдағы қиянда жүр  
Ойды-қырды аралап жасымдағы.

Келем тұтас өткізіп бір ғасырды,  
Талай-талай жоғалттым сырласымды.  
Ақ табытқа жатқызып әшекейлеп,  
Жерлеп қайттым тағы бір қимасымды.

Жоқтау күйін тартатын еңіреп күнде,  
Тойдым әбден жыламсақ оркестрден.  
Отырайын десем мен демімді алып,  
Кетіреді мазамды ойым мүлде.

Жалғыз туып дүниеге, тұрақтадым,  
Ағайын, дос қостады, құлатпады.  
Оркестрден қорқатын болдым қазір  
Тартылатын қарттарды жылатқалы.

\* \* \*

Ауылда жүрмін,  
Баяғы жолдарды іздеймін.  
Есімде қапты,  
Үстінен өттім күздеудің.  
Адаса берем,  
Адамдар таппай танитын,  
Таппаймын іздеп,  
Сонда да күдер үзбеймін.

Көлдерім қайда?  
Шынымен кеуіп қалған ба?  
Тұнады көзім  
Жел құйындатқан шандардан.  
Мен айқайлаймын,  
Жаңғырық қайталамайды,  
Қарайды маған  
Сауысқан ғана танданған.

Отырмын міне  
Арнасында ескі өзеннің.  
Су ұрттағым келді,  
Бірнеше рет кезендім.  
Үйіріліп құйын,  
Күледі сайтан сақылдап,  
Шөлдеген мені  
Одан да бетер безер қып.

Қарайды маған  
Құйрықты сайтан жақындап.  
Айтасың дейді  
Қонбайтын сөзді ақылға:  
Су қашан біткен,  
Өзенің қашан қураған,  
Өлу ғана қалды  
Шөліккеп жүрген ақынға.

Ойнайды құйын,  
Билейді сайтан даламда.  
Мен жүрмін қаңғып,  
Бір жұтым су да таба алмай.

Кесіліп жатыр,  
Құм болып жатыр өзендер,  
Тұз болып жатыр,  
У болып жатыр Аралдар.

\* \* \*

Көзден жасым тамады,  
Күңіренбеймін бекерге.  
Күнәм ауыр көтерген,  
Өкінумен өтем мен.

Жастық деген мастықты  
Жеңе алмаппын ертерек.  
Орман уақытым өтіпті  
Ойсыздықта өртеніп.

Ете алмаппын ағалық,  
Ете алмаппын аталық.  
Жылап күнде тұрамын,  
Күнде жылап жатамын.

ОЛ

*(Тоқашқа)*

Ешкіммен ол  
Таласқан жоқ,  
Ешкіммен ол  
Санасқан жоқ,  
Өмір кешті өзінше.  
Қызық көрді ол  
Бұл дүниенің  
Құлпырғанын көзінше...

— Әлем қандай,  
Көп бояулы.  
Өзім айтам өзім жайлы,  
Оған араласпандар!  
Бірде жүрем  
Басып жерді,

Бірде жүзем тереңдерде,  
Бірде ұшамын аспанға.

Өз мекенім — өз құдіретім,  
Поэзиям — жаққан отым.  
Соның бәрі  
Өзінше бір патшалық.  
Тәттілерге көп құмартып,  
Жыр ырғағын күнде сатып,  
Көргенім жоқ ақша қып.

Сындырған жоқ  
Мені қайғы,  
Өзім айтам  
Өзім жайлы.  
Өзімше өмір сүремін.  
Өзім туған ақ топыраққа  
Көмерсіңдер у-шусыз-ақ,  
Тоқтағанда жүрегім! —

Деуші еді Ол,  
Тынды міне,  
Өмірдегі бітті күні,  
Жатыр үнсіз төсекте...  
Құлаған жоқ  
Ой тұғыры,  
Бізбен бірге қалды жыры,  
Өлді өтірік, өсектер...

\* \* \*

Күн салқындап келеді, түн суынып,  
Ай туыпты ілмиіп таңға жуық...  
Ерте оянған тентек жел гуілдейді,  
Маңайымнан жүргендей түнді қуып.

Мен де ояндым, қарандым сауысқандай,  
Құс сақтығы маған да ауысқандай.  
Тұрды ма екен аңдушым, жатыр ма екен,  
Мені жыға беретін шалысқанда?

Тереземді аштым да, жел кіргіздім,  
Қандай рахат самалы қоңыр күздің.

Шығар күнге тағы да жыр арнадым  
Әуенімен қазақтың өзіміздің.

Андушым да тыңдайды, қалаулым да,  
Екеуі де құмар-ақ алау жырға.  
Әр сөзімнен андушым пәле іздейді  
Күйе жағып, жаламен салар сынға.

Ән қалаған қауымым, жыр қалаған,  
Тартсам бейнет, қосылып арқалаған.  
Әсем ән мен тыңдаса сұлу жырды,  
Өмірінде құмары тарқамаған.  
Тереземді аштым да, жел кіргіздім,  
Жұттым желін қанғанша алтын күздің.  
Шығар күнді өлгенше жырлай берем  
Әуенімен қазақтың өзіміздің.

\* \* \*

Даламның даусын тыңдашы,  
Не дейді далам, білдің бе?  
Далам менің — ұлы махаббатым,  
Далам менің — ұлы махаббаты күннің де.  
Бармысың дейді ол маған,  
Өлме сен дейді ол маған,  
Кең кеудесінен  
Жарып шыққан даусы күңгірлеп.

Ол маған ғашық,  
Мен де оған мәңгі ғашықпын.  
Мен бірақ қазір  
Әлсіредім білем, жасыппын...  
Жел ғана кейде  
Даланың даусын жеткізіп,  
Жақындатқандай  
Болады маған қашықты.

\* \* \*

Бүгін кімбіз?  
Кім боламыз ертең біз?  
Ертең қалай  
Домбыраны шертерміз?



Мүмкін, бүгін  
Өртегендей кешені,  
Ертең тағы  
Бүгінгіні өртерміз!

Батырмын деп  
Айта алмаймын бүгін мен.  
Қалмапты ғой  
Кешегімнен түгім де.  
Үн қатпастан  
Отыруым керек пе,  
Көрілердің  
Бірі атанып түңілген?

\* \* \*

Әркімнің бар өз төбесі шығатын,  
Әркімнің бар өз бояуы жұғатын.  
Әркімнің бар аңдысатын өз жауы,  
Я жығылып, я алысып жығатын.

Ең қиын жау адамның өз ішінде,  
Қиналады ол өзіне өзі түсінбей.  
Шық майданға, өлтір арам пейіліңді,  
Жүрегіңе сасық жара түсірмей.

Жасау оңай, өлу де оңай адамға,  
Ажал ортақ саған да, дос, маған да.  
Күнөң болса, қалай бетің шыдайды  
Табытыңда жатып жұртқа қарауға!?

## СҰРАУ

Біреулері сұп-сұр,  
Біреулері ойда мүлгіген...  
Бәрінің қамы  
Бір күннің ғана тірлігі.  
Қанша өмір сүрдім,  
Бір рет көрген емеспін  
Он үй көршінің  
Тәп-тәтті болған бірлігін.

Аңдысқан көздер,  
Айтысқан кілең ауыздар.  
Жеңгендері өне  
Жеңілгендерін «бауыздап»,  
Сыңғырлап жатыр  
Қуанған суық бокалдар,  
Бір тамшысын да  
Бекерге жерге тамызбай.

Осылар да жан ба?  
Осылар да, бауырым, адам ба?  
Қай қылықтарын  
Ұқсатар едің адамға?  
Осылар да жан ба?  
Туыс па бізге, қазақ па?  
Қандай мұрат үшін  
Қазақ боп олар жаралған?!

\* \* \*

Жатсам да қашан өз еркім,  
Төсегім менің жаюлы.  
Отырмын ұстап қасымда  
Күзетшім қызыл аюды.

Жатамын жалғыз төсекте,  
Күзетшім көзін жұмбайды.  
Жел неге бүгін тынбайды?  
Аюым соны тыңдайды.

Әйнекті қаққан кім екен?  
Еріккен мына жел ме екен?  
Әйнекті неге қақты екен?  
Қорқытам мені дей ме екен?

Әйнекті қаққан кім екен?  
Еріккен мына жел ме екен?  
Әйнекті неге қақты екен?  
Қуантам мені дей ме екен?

Жатсам да қашан өз еркім,  
Төсегім, міне, жайылды.  
Тынықсын дедім, босаттым  
Күзетшім қызыл аюды.

\* \* \*

Жел тоқтағалы қашан,  
Жолдың да шаңы басылды.  
Қалыппын қарап,  
Көтеріп алып басымды.  
Әндеткен біреу  
Дариганы айтып қақсаған  
Қуантып мені,  
Есіме салды Қасымды.

Қараймын жолға,  
Қараймын жонға, белеске.  
Көзіме оттай  
Басылар ыстық елестер.  
Қараңдаршы ана  
Әндеткен жолда жігітке,  
Дариганы айтқан  
Қасымның өзі емес пе?

Не деген дауыс,  
Не деген әсем жыр еді.  
Осы өлең тынбай,  
Жолдарда күнде жүреді.  
Қасым ән салса,  
Жүгірген жел де басылып,  
Тыңдайды соққан  
Ақынның өлмес жүрегін.

\* \* \*

Домбырам деуші ем,  
Табынушы едім оған мен,  
Бар сырымды да  
Айтушы ем бүкпей оған мен.  
Домбыраға ғана  
Қосылып бірге сөйлеуші ем,  
Тілдесер кезде  
Сырластарыммен, қоғаммен.

Ал мен бүгін бар ғой  
Қобызға дауыс қосамын.  
Қыл ішек менің

Айнымас енді қосағым.  
Қара қобызбен  
Бастаймын жаңа гимнді,  
Еліммен бірге  
Туғанда қайта жасарып.

Оркестр қайда?  
Гимнге дауыс қосыңдар!  
Дирижер қайда,  
Қаласың қалай жосылмай?  
Шырқырата шығар  
Қуанған бүгін даусыңды,  
Қазағың кеше  
Ел болып па еді осындай!

Күркіре, көңілім,  
Қобызым, гуле, бұрқыра!  
Күн жаңа туды  
Ерлікке ғана ұмтылар.  
Ездікті қарға,  
Елдікке бастар ерлікті айт,  
Сарының сенің  
Рух берсін мына жұртыңа!

\* \* \*

Күз келді, көк тал күзелді,  
Көрісе алмаймыз біз енді.  
Қыс бойы жалғыз жатамын,  
Құшақтап суық тіземді.

Қалыңдай түсіп қапалық,  
Қыс бойы шал боп жатамын.  
Ұзарған түндер өтеді,  
Қызармай таңдар атады.

Тарылып өріс күндегі,  
Ұя ғып үйді, іргені,  
Жатамын жаным жуасып,  
Мүсәпірлерше күн көріп.

Қысылған шақта зерігіп,  
Домбырам болар серігім.

Сырымды соған айтамын,  
Ішімнен айтам егіліп.

Домбырам, маған қосылшы,  
Қосылып, біраз жосылшы.  
Тағы да қысым өтсінші,  
Тағы да жазым жетсінші.

Сен ғана менің мұңдасым,  
Сырымды тағы тыңдашы.  
Сырымды тыңдап, құпташы,  
Құпташы, сағым сынбасын.

Тезірек қысым өтсінші,  
Тезірек жазым жетсінші,  
Тезірек жапырақ жарылып,  
Тезірек бүрін төксінші!

\* \* \*

Бәрін айтып  
Болдым десем, болмаппын,  
Арнасы әлі толмапты.  
Ойым жанып  
Бітті десем, бітпепті,  
Жаным солып  
Бітті десем, солмапты.

Неге жанып  
Болдым екен дедім мен?  
Біткен жоқ қой  
Жанып менен бөтендер.  
Ертең жақсы  
Көрінуге жағынған  
Жүр ғой анау  
Тілін сатқан көкендер!

Сексен деген  
Сарқылмас жас екен деп,  
Менсіз қалай  
Қызық дәурен өтер деп,  
Күштілерге қошаметім көрінсе,  
Ертеңге де

Ерке шал боп жетем деп,  
Жүр ғой анау  
Жұртын сатқан көкеңдер!

Тоздық, біттік  
Демейінші, жарандар,  
Қашпайықшы өмірден біз, жарандар!  
Сақ болайық  
Махаббатқа сараңнан,  
Сақтанайық  
Сатқыштардан, жарандар!

Азайған соң  
Қанымдағы жел-құйын,  
Бұл жасымда  
Мен де бармын деу қиын.  
Бірақ бармын! —  
Деймін жұртқа үн беріп.  
Ішіндемін әңгіменің күндегі,  
Мен, ағайын, өздеріңмен біргемін.

### ОСЫ БІР ҚАРТ

Осы бір қарт ұнайды тіпті маған,  
Дүр секілді кәдімді жұрт аңсаған.  
Тарта берер түрі бар тарланымның  
Күні қашан жеткенше күрт қаусаған.

Тозған қайың секілді түр шалқайып,  
Көріңгісі келмейді тым қартайып.  
Сына-сына сиреген бұтақтары  
Көктем сайын кетеді жапырақ жайып.

Іздемейді ол рахат тыныштықтан,  
Күйзелер деп көңілім, емес бұққан.  
Көрген емес жырылып, жұбын жазып  
Қарапайым кәдімгі күйкі жұрттан.

Сәл қуанса, қалады жасарып-ақ,  
Сәл түңілсе, қалады қасарып-ақ.  
Оқта-текте шертеді домбырасын,  
Жанжалынан жақынның босанып ап.

\* \* \*

Жер айналып тұрғанда зырылдаған,  
Көзді неге жұмбақпын жұмылмаған?  
Күркіреген күйлерге айналады  
Ішімдегі нәзік үн ыңылдаған.

Тарта берем, ағайын, тартынбаймын,  
Анау-мынау өртіңе шарпылмаймын.  
Жасағанша жасаймын еркім жетіп,  
Еркім жетпей болдырсам, шарқ ұрмаймын.

«Өмір бізді алдайды» дейтіндер бар,  
Тозған ойдың тулағын жейтіндер бар.  
Сенбейтіндер өмірге сөне берсін,  
Күл-көмірін шаң-тозаң көме берсін.

## СЕЗІМДЕР

### I

Қыстың ұзақ түнінде борайды қар,  
Қалтыратып қайыңды қысады ызғар.  
Тымауратқан түрім бар — түшкіремін,  
Көктемнің көгін аңсап түс көремін.

### II

Есігім кілтте, терезем жабық,  
Тесіктің бәрі бітелген,  
Тынши алмаймын жүрегім қағып,  
Кімді аңсап, нені күтем мен?

### III

Ойым менің ауыр жүгім көтерген,  
Шаршатқан сол...  
Сонда да көтерумен өтем мен.  
Ойсыз қалсам, жеңілденсем, не етер ем?  
Онда ма? Кәдімгідей  
Жынданар да кетер ем.

### IV

Күшігім менің түнімен үрді,  
Түнімен бойым сыздады.

Жүрегім менің неге алас ұрды,  
Сеземін ненің ызғарын?

Мазасыз алаң бермейді тыным,  
Түршігіп бойым мұздады.  
Сөйлей де алмаймын күрмеліп тілім,  
Сағынып, тағы қызғанып.

\* \* \*

Кей күндері жазда да қалтыраймын тоңғандай,  
Кей күндері өрттен де отырамын қорғанбай.  
Кейде айналам ду-думан қалың базар секілді,  
Сезінемін кейде мен жапа-жалғыз қалғандай.

Жайлы күннің бойында — жарқын мінез  
жақсымын,  
Жайсыз күннің бойында — жын ұрған бір  
бақсымын.  
Жарқын шақта мейірімім жарық күндей  
жап-жарық,  
Сөйлеуге де әзірмін қара қылды қақ жарып.

\* \* \*

Қартайғанда ауыр жүк  
Ауырлығы денемнің.  
Ұйытқып кете бермеймін  
Ұйқасындай өлеңнің.

Асылмашы, көкешім,  
Өзім әрең келем мен.  
Алмақпысын менен күш, —  
Алам десем сенен мен.

\* \* \*

Сөйлеп жатыр су сылдырап,  
Сыбырлайды жасыл құрақ.  
Сыңсып қана жылайды аққу,  
Жылайды аққу жалғызсырап.

Күмбез аспан түр жарқырап,  
Жатыр жерде көл қалтырап.



Судырайды жасыл құрақ,  
Сыңсиды аққу жалғызсырап.

\* \* \*

Тіпті алыс жатса да іргеміз,  
Көріспей жүрсек те күнде біз,  
Көңіліміз бөлініп көрген жоқ,  
Күндіз де, түнде де біргеміз.

Болмайды шыққан із, кірген із,  
Сонда да бір үйде біргеміз.  
Үнсіз-ақ сөйлесе береміз  
Өзгелер ұқпайтын тілде біз.

### ОСЫ АДАМ

Қандай қызық осы адаммен кездесу,  
Қуанам мен қараймын да таңданып,  
Ажарында я жанында кірбең жоқ,  
Ішінде оның тұрған шығар шам жанып.

Ішінде оның тұрған шығар шам жанып,  
Қашан көрсең, төңірегі оның жап-жарық.  
Қандай екен, қандай екен жүрегі,  
Көреп ме еді көкірегін қақ жарып!

### УАҚЫТ ҚУЫП

Уақыт қуып айдайды күнді ілгері,  
Алыстайды өткеннің күмбірлері.  
Елу жылда ел менен жер жаңарып,  
Ұмытылар адамның көргендері.

Көзге кірген көлеңке арылмайды,  
Өшкен оттар қайтадан жағылмайды.  
Жарқын, жасыл жайнаған суреттерді  
Бұлдыр ғана шырағың қабылдайды.

Құлап кетіп қалғандай бір күз жарға,  
Айрылып қап жүресің жұлдыздардан.  
Жазды күтіп жаурағыш жұқарған жан,  
Қалтырайды қыстағы ызғарлардан.

Кәрі арқардай түсе алмай шында қалған,  
Айналаңа қарайсың бал-бұл жанған.  
Батар күндей маужырап бара жатыр  
Бір-бір ұшқан көзіңнен дүние жалған.

## ӘН ТУРАЛЫ

Мейлі дүние жанып тұрсын өрт болып,  
Өрт-жалынның ортасында  
Жанып жүріп ән шырқырай береді.  
Бейне тұлпар құлап жатсын мерт болып,  
Талып жатып, жүрегінен қан сорғалап,  
Ән шырқырай береді.

Оқ тиген ән әлсірейді,  
Кәдімгідей ол да зарлап жылайды,  
Бірақ оның өксігені үзілмейді,  
сөнбейді.

Ән де оқ тиген құс сияқты,  
Жоғарыдан құлайды,  
Бірақ оның мұңлы даусы кесілмейді,  
өлмейді.

Әннің өмірі ұзақ өмір,  
Ән аулаған мергендерде ақыл жоқ!  
Әнді, достар, қадірлеңдер, аяңдар,  
Әннен бізге жанашыр жоқ, жақын жоқ.

\* \* \*

Күндерге де,  
Жылдарға да  
Дамыл берер түрім жоқ.  
Күндер қалай дамылдамақ,  
Өзімде де тыным жоқ.

Сынғанша әбден, қаным тоқтап,  
Мезгілді мен қимылдата беремін.  
Күнде кешке жарығындай үйімнің  
Жанады бір өлеңім.

Күндерге мен,  
Жылдарға мен...

Қалай дамыл беремін?  
Өміріме өлшеу күндерімнің  
Азайғанын көремін.

Күнде кешке жарығындай үйімнің  
Жалт етпесе өлеңім...  
Күнде кешке тереземді бағатын,  
Күнде ертемен өлең сұрап есігімді қағатын  
Достарыма не деп жауап беремін?!

### ЖЕҢГЕ ӨЛІМІНЕ

Елу жыл еріменен бір жасаған  
Бар еді бәріміз бір қимас адам.  
Оны біз жеңге деуші ек, еркелеуші ек,  
Жеңгеміз үйдің әсем көркі деуші ек.

Біз соны бүгін жерге көміп қайттық,  
Біз бүгін кешегіден кеміп қайттық...  
Көмгендер үйді-үйіне кетті тарап,  
Қайран боп қалды ағамыз жерге қарап.

— Мен шын-ақ айрылдым ба алғанымнан...  
Шынымен жылап жалғыз қалғаным ба?  
Мен қалай сиям мына үй дегенге,  
Шын-ақ мен жалғыздыққа үйренем бе? —

Деп тұрды ол тәлтіректеп, басы айналды,  
Құлатпай, немересі сүйеп қалды.  
Жіберді ол өксіп-өксіп, шыдамады,  
Болғай-ды осы ақырғы жылағаны.

\* \* \*

Иілме, жас, иімпаздар игенге,  
Өз ойынды айт, айқайлап айт, именбе.  
Үйрен бүгін сұмдықтарды сүймеуге,  
Ертең төтеп берем десең күйреуге.

Иілме, жас, иімпаздар игенге,  
Күштілерге сен де күш айт, именбе.  
Бүгін үйрен жалаң аяқ шоқ басып,  
Ертең өртке лақтырса да күймеуге.



## ТӨЗІМДЕР ТУРАЛЫ

Сыйламай болмайды  
Әйелдің сезімін.  
Мақтамай оңбаймыз  
Әйелдің төзімін.

Еркектер, білгірміз,  
Сөйлеуге ұстамыз.  
Ақылға ұзынбыз,  
Төзімге қысқамыз.

Ал әйел бастың да,  
Қанның да ыстығын  
Бұғаулап ұстайды  
Сабырымен күштінің.

Көздердің не түрлі  
Сиқырын қайтарып,  
Сөздердің не түрлі  
Қиқымын тойтарып,

Тежейді құлқынын  
Құмарлық дегеннің.  
Кетпейді ырқымен  
Жеңілтек өлеңнің.

\* \* \*

Достар!  
Мен бұлбұл да емеспін,  
Дүлдүл де емеспін,  
Аспанмен тілдескен  
Алатау да емеспін.  
Біреуімін кәдімді көп дөңестің.

Алдында жүремін  
Әдемі елестің,  
Ішінде боламын  
Жұрт қостар кеңестің,  
Сыртында боламын  
Ырылдасқан егестің.

\* \* \*

Келмейтін қайта оралып  
Көрінген түстей балалық,  
Көңілде қапты-ау сәулесі,  
Қызуы тарап жоғалып.

Балалық сәулем, сөнбеші,  
Суық жел соқса, көнбеші.  
Қараңғы тартып кетпесін  
Ақынның көрі кеудесі.

\* \* \*

Күллі әлемнің сан жетпейтін күндері  
Құшағыма сия қалса бір менің,  
Бәрін соның құшақтауға көнер ем,  
Бар жылуын достарыма берер ем.  
Өйткені біз тудық емес пе арналып  
Жасау үшін жарастықтың заңдарын?!

\* \* \*

Достар келді, достар бүгін жиналды,  
Достарға біз әзірледік сыйларды.  
Мен жырыммен ой тынысын қайтарып,  
Ақ шашыммен ақ тілеулер айтамын:

— Өміріміздің көркін ызғар шалмасын,  
Көңілімізде күй қанаты талмасын.  
Бақыт туы еңкеймесін биіктен,  
Бір де сәби жыламасын күйіктен.

Адам көркін ешкім қорлай алмасын,  
Адам еркін ешкім зорлай алмасын.  
Ән-күйіміз аспанды да шарласын,  
Жатсын жермен қанаттары жалғасып.

Туған жердің топырағы жанбасын,  
Өссін күлкі, өссін гүлдер, қауласын.  
Достарымның бастан бағы таймасын,  
Жүздерінен шаттық шұғыла аумасын!

\* \* \*

Ойым менің тыпыршиды тыншымай,  
Аңғарады әлем сырын тыңшыдай.  
Мен жылдарды өткен сонау санаймын,  
Мен жолдарға қалған сонау қараймын.

Ауыр еді-ау жеңістердің жолдары,  
Болдырған жоқ бірақ адам қолдары.  
Сол қолдарда құдіреті бар алыптың  
Сақтап қалған шұғылаларын жарықтың.

Сұмдық еді-ау соғыс...  
Сонда да өмірді  
Демедік біз қансырады, жеңілді.  
Өрт-апаттан қорғап оны қалдық біз,  
Сұлулыққа жалғастырып алдық біз.

Өткенді мен еске алмаймын мұңданып,  
Өткен жолдың оттары әлі тұр жанып.  
Мен бүгінгі алтын таңды сүйемін,  
Мен бүгінгі тірлікке бас иемін.

## ДОСТАРЫМ

Кейде мен созған қолымды билей алмай,  
Әлім келмей, жинай алмай қаламын.  
Білмеймін, бұл не, түсім бе,  
Жоқ, кәдімгі өңім бе?..  
Ой шіркінді қайта-қайта бөледі...  
Аласапыран мазалағыш алаңым...

Ол алаң не?  
Жаным неге қыңсылайды байлаудағы тазыдай?

Кімді іздеймін, нені күтем  
Келешектен — алдымнан?  
Өткенді ме өрімталдай  
Айбатымен, ажарымен  
Жұртты есінен тандырған?

Жоқ! Ол келмейді  
Өрттей лаулап алас ұрған жылдарым,

Бірақ сөніп біткенім жоқ, бармын әлі,  
Бармын мен!  
Арманым мен жарыққа бір тоймайтын,  
Жүрегіммен қуанғанын, жылағанын  
қоймайтын  
Сүю үшін өздерінді, достарым,  
Бұл өмірде қалдым мен.

\* \* \*

Толып жатыр, толып жатыр тапқаным,  
Толып жатыр, толып жатыр шығындар.  
Толып жатыр орнын тауып айтқаным,  
Толып жатыр тесіктерім тығындар.

Өткен өтті, кетті қайта келмеске,  
Қызықпаймын көзім қайта көрмеске.  
Құлатқанша өмір мені жаңқалап,  
Тарта берем ой бұлттарын арқалап.

\* \* \*

Миым, қолым, жүрегім, екі көзім  
Аман болса, билеймін өзімді өзім.  
Жасай берем жалтақсыз кең әлемде,  
Жұмысым жоқ жұғымсыз әңгіменде.

\* \* \*

«Әбділда!» — дедім айқайлап,  
«Әбділда!» — деді жаңғырық.  
Жанымның атты жалыны,  
Дауысым жатты жарды ұрып.

«Әбділда!» — дедім айқайлап,  
«Әбділда!» — деді жаңғырық.  
Кеудемде тұрды от лаулап,  
Жер менен көкті жандырып.

«Әбділда!» — дедім айқайлап,  
«Әбділда!» — деді жаңғырық.  
Кеудемде бір күй салды ойнақ,  
Жақсылық жанға салды ұрық.



## ҚАРТ АНА МӨНШҮК ЖАЙЫН ОЙЛАҒАНДА

— Тап-таза, мөп-мөлдір... көгілдір  
Жан еді-ау жапырақтай көктемгі.  
Шырқайтын жыр қылып осынау өмірді,  
Әнсіз бір жарылып кетердей от кеуде.

Жан берді жалғызым өрт-топан майданда!..  
Соғыс қой ақмарал аруды сындырған.  
О, бүгінге жауапты адамдар,  
Ертеңге жауапты адамдар,  
Сақтаңдар ұрпақты  
Апаттан,  
Қырғыннан!

\* \* \*

Білмеймін, шыным, себеп не,  
Сырымды түгел ашпаймын.  
Жатады тынып ішімде,  
Шідерлеп көбін тастаймын.

Келемін күліп жайрандап,  
Алаңым жоқтай бөгелер.  
Ой шіркін жатыр ойрандап  
Арманды небір көгерер.

Ақтарар едім сырымды  
Сергіту үшін сезімді,  
Ұғынбайтындар мұңымды  
Етеді күлкі өзімді.

Аяймын ұғар жақынның  
Жарасыз, дақсыз жүрегін.  
Серігі қасірет ақынның,  
Көтеріп өзім жүремін.

\* \* \*

Мықтымыз темір ғой  
Оп-оңай сынбайтын.  
Темірді көмір ғой  
Жандырып шындайтын.

От болса тағдырым,  
Онда мен темірмін.  
Сынбастан жасаймын  
Үстінде жерімнің.

\* \* \*

Асыға берем сабырсыз,  
Ұмтыла берем әр неге.  
Әндете берем дамылсыз,  
Арыным сыймай кеудеге.

Тауларым жатыр заңғарда,  
Бұлттарым жатыр төменде.  
Бораным у-шу даламда  
Айқайын қосқан өлеңге.

\* \* \*

О, қайран жер, қайырымды жер,  
Күшті едің ғой, берші жігер.  
Жаралғансың адам үшін,  
Бір өзіңсің таянышым.  
Әжем де сен, атам да сен,  
Төсегімсің — жатам десем.  
Сабырыңнан бер сарқылмайтын,  
Отыңнан бер жарқылдайтын!  
Теңізіндей тереңдік бер,  
Теміріндей берендік бер.  
Мен де өзіңше көтерейін ауырды,  
Қиналғанын білдірмейін жанымның.

\* \* \*

Еш уақытта іш пысқанға төзбеймін,  
Ән менен күй, дырду-думан іздеймін.  
Болдырғам жоқ, еңбекке де икеммін,  
Ауыртпаңдар арзан сөзбен жүйкемді.

Ал айтқым келсе, айта аламын аямай,  
Ажарымды арамдарға боямай.  
Ондай кезде өткір қанжар секілді  
Тіліп отем етіңді де бетіңді.

## МЕН ҚАЛАЙША ҚАРА СУДАЙ ТЫНАРМЫН

Жүрегім әлі ұрып тұрса,  
Қаным әлі жүріп тұрса,  
Қара судай тына қалу оңай ма,  
Оны қалай дей қоярмын қолайлы?  
Адамға адам алыс емес қашанда,  
Біреулер бар туған мәңгі жасауға.  
Маған сонау Қара Қыпшақ Қобыланды  
Келген басып он ғасырлық жолдарды  
Ең жақыным, ең қимасым секілді,  
Ең асылым, ең сыйласым секілді.  
Қарашы, әне, айбарлым-ақ емес пе?  
Жапа-жалғыз жау тосып тұр белесте!

Бурылын қара астында шапшып ойнаған,  
Көрсем деп тұр күркіреген майданды.  
Кіреді қазір қап-қара бұлтқа қайнаған,  
Ағызып қанды, салады жауға ойранды.

Күн батса да, ол батпайды, сөнбейді,  
Қас қарая өзі де қан боп қайтады.  
Қыз Құртқасын құшақтап қана отырып,  
Қиналғанын күбірлеп қана айтады.

Ал Құртқа ше?

Қара көзі мөлдіреп,  
Қызыл ерні елбіреп,  
Сүйейді де сүйгенін,  
Көрсетпейді көлегейлеп ақ жүзінің  
Ыстық жасқа күйгенін...

Мен қалайша ойламаспын бұларды,  
Мен қалайша қара судай тынармын!

## СЕН МЕНЕН ӘЛДІ ЕКЕНСІҢ

Мен сенен әлсіздеумін,  
Сен менен әлді екенсің.  
Қанша рет сөнді екенсің,  
Қанша рет жанды екенсің.

Қанша рет сөнді екенсің,  
Қанша рет жанды екенсің.  
Қанша рет сынды екенсің,  
Қалайша қалды екенсің?!

Жүрегің неткен мықты,  
Мен неткен жүрексізбін.  
Өрмегін өрмекшінің  
Зорланып әрең бұздым...

Сен болсаң, асаулардай  
Әл бермей байлағанға,  
Биіктен биікке асып,  
Жөнелдің әлдеқайда.

Жөнелдің әлдеқайда,  
Тынысың тарылмай ма?  
Сәл ғана аянсайшы,  
Жүрегің жарылмай ма?

Сен сонша шарықтадың  
Биіктен биіктерге.  
Тек сенше ұша алады  
Оттарда күйіп көрген,  
Оттарды сүйіп көрген.

\* \* \*

Түн ұйықтаған қара мысық бейнелі,  
Жұмсақ қана жылытады денемді.  
Әлдебіреу көрінбестен тербейді  
Ішімдегі ызындаған өлеңді.

Көңілім тұнған желсіз күнгі жалаудай,  
Әлдилеймін сезімімді үркітпей.  
Қиялым да қасымда отыр қамауда  
Тұғырдағы томағалы бүркіттей.

\* \* \*

Күн еңкейді, созды жерге қолдарын,  
Ұзартты ол қысқа көлеңкелерді.  
Мен ұзарттым жамап-жасқап жолдарын  
Бітпей қалған кешегі бір өленді.

Қысқаларым, жыртықтарым қандай көп  
Киіміндей, бұйымындай кедейдің.  
Содан болар, ішім азан-қазан боп,  
Дәл өзіндей сезінемін өгейдің.

## ЖЕР

Байланысын қара жер мен адамның  
Баяндайды баяғысы бабамның:  
Жатыр мөрі тақырларды таңбалап  
Тірлік үшін тынбай басқан табанның.

Үгітілген бор сүйегі бабамның  
Ішінде жүр жел үйірген тозаңның.  
Жатыр олген күмбездердің сынығы,  
Жатыр орны жанып кеткен базардың.

«Жерде тіл жоқ, мылқау» дейді, сенбендер,  
Жалған сөзді жалған деңдер, көнбендер!  
— Жасасын, Жер, атамекен Жер! — деңдер,  
Жерден, достар, жырақ кете көрмеңдер!

\* \* \*

Кезіп-кезіп Қорқыт атам Бетпақты,  
Кең даладан өлмейтін жер таппапты.  
Таппаса да арман бетін қақпапты,  
Желмаяның жез бұйдасын тартпапты.

Қорқыт атам аралапты тау-тасты,  
Сонда бір күй безілдеген бастапты.  
Сол күй ұзақ өлімді айтып қақсапты,  
Қорқыт атам сонда дағы саспапты.

Қорқыт атам сонда дағы саспапты,  
Туған жерін тастамапты, қашпапты.  
Бар арманын қобызына тапсырып,  
Қалдырыпты қазаққа сол аспапты.

## ТАҒЫ ДА ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Таңсәріден, түннен кейін,  
Күннен бұрын ояндым.  
Жастығымда жатыр басым жып-жылы  
Көжегіндей қоянның.

Шүкір, Құдай, бар екенмін бүгін де,  
Сексеуілге айналмапты қолдарым.  
Біреуі ұзын, бірі қысқа аяғым  
Сөйлеп жатыр әлі жүрер жол барын.

Тозған көрік кеудемдегі кезінде  
Дем беріп тұр тірлігіме тынбастан.  
Күңгірт тартқан хрустальдар көзімде  
Таң сәулесін қабылдайды сынбастан.

Шүкір, Құдай, бар екенмін бүгін де,  
Көк теңізден күн шықса деп тілеймін,  
Кешке дейін қанша өмір бар алдымда,  
Оған дейін керегі не жүдеудің.

## ТОСТАР

\* \* \*

Күтетін мені ғана жолдар үшін,  
Сүйейтін мені ғана қолдар үшін,  
Сүйетін мені ғана жандар үшін,  
Көнекей, тартып жібер, жолбарысым!

\* \* \*

Ойды турап тастаймын «бес бармақтай»,  
Правом жоқ құрттай да кеш қалмаққа.  
Жағым түсіп қалғанша қақсай берем,  
Той-думанын достардың бастай берем.

\* \* \*

Менің де өз жалауым, өз туым бар,  
Астында өз туымның жыр шуылдар.  
Жарамын жырдың жаңа бомбаларын,  
Достарым, қойны-қонышты толтырыңдар!

\* \* \*

Жан күйттер шақ емес,  
Жалқаусып жататын.  
Өлеңге оқ керек  
Күнде үзбей ататын.

\* \* \*

Мен де жұрттай «мен!» деп келем,  
«Мен!» деп келем айтып өлең.  
Мен айтпайын десем дағы,  
Қалмай қойды жойқын өлең.  
Айтпай өлең, қайтіп өлем!

Соқсын құйын кең даламда,  
Жырдың өрті жансын, жансын!  
Аспанымда бұлт тұтансын,  
Нажағайлар жарқылдасын,  
Жырсыз өмір адыра қалсын!

\* \* \*

Көпті көрдім, көп жасадым,  
Көрдім Сәкен, Бейімбетті.  
Қатар тұрып жыр қашадым,  
Мені олар да құрмет етті.

«Інім» деген олар маған,  
Сарқыттарын сан асағам.  
Қайда солар, о, Жасаған!  
Қайда Қасым шоқ асаған?!

\* \* \*

Ортасында орманның,  
Өркешінде таулардың  
Қыран бүркіт болғанмын,  
Құздарға да қонғанмын,  
Мүздарда да тоңғанмын.

Торабында жолдардың  
Талай-талай қалғанмын,  
Талай керней шалғанмын,  
Жырын шерткем арманның,  
Жасын сүрткем сорлардың.

## МЕН СЕНДЕРДІҢ БІРІҢНЕН КЕМ ЕМЕСПІН

Қандай еді сыңғырлаған дауысым,  
Жаңғыртатын ормандар мен тау ішін.  
Қыздар сонда қуана маған қарайтын,  
Шоқ шашыратқан от көздерін қадайтын.

Қызық дүние тұнығында жүздім мен,  
Қыздар үшін қызыл алма үздім мен,  
Қыздар үшін қан төгердей қыздым мен,  
Қаймықпастан қанжарластым құзғынмен.

Қыздар үшін қызыл маржан тіздім мен,  
Қыздар үшін қызыл алма үздім мен,  
Қыздар үшін қанжарластым құзғынмен,  
Жігіт-ақ ем, айрылмадым тізгіннен...

Айтсын енді Тұманбайлар асырып,  
Мен тұрайын жырларына бас ұрып.  
Тек айтсыншы Әбділдадан асырып,  
Қалмасыншы құдіреттерін жасырып.

Тек айтсыншы айғай сала ашынып,  
Зәрелерін сұмдықтардың қашырып.  
Қалмасыншы моншақтарша шашылып,  
Аяқтардың астарында басылып.

Менің де бар өз құдіретім тозбайтын,  
Қаһарлансам, тауларыңды қозғайтын.  
Менің де бар өз бораным, құйыным,  
Көл жасаймын өз селіммен құйылып.

Айдың селдір сәулесіндей емеспін,  
Өлгенімше тартпас көңілім көмескі.  
Ән мен жырдың арасында тел өстім,  
Мен сендердің біріңнен кем емеспін!



\* \* \*

Ырғақ, ұйқас иілмейді әлсізге,  
Жеңгізбейді сом темірше қасарып.  
Жетегіңе ермейді өлең, көрікте  
Балқымаса оттан қорқып босанып.

Соққан кезде шоқ шашырасын,  
Шыжылдата күйдірсін ол қолыңды.  
Сонда да сен тоқтатпа, дос,  
Сом болғамен сыңғырлата соғуды!

### ЖОЛ ТУРАЛЫ

Асфальтты, асфальтсыз жолдарды білеміз,  
Асфальтты, асфальтсыз жолдармен жүреміз.  
Бірақ біз жолдағы міндетті білмейміз,  
Жолдарды, жолдастар, жазықсыз кірлейміз.

Жолдың да құлағы, көзі бар, тілі бар,  
Жолдың да қуанар, қайғырар күні бар.  
Сол жолдар жатса да ойпатта, белесте  
Сүймейді адамды ойлары өрескел.

Таси бер жүктерді ең ауыр салмақты,  
Жолдастар, жүк тартқан жол үшін ардақты.  
Сүйеді ол бораннан ықпайтын батырды,  
Сүймейді ол жеп-жеңіл жел қуған қаңбақты.

Сүймсиді ол қашқынды көздерден ұрланған,  
Қорқады ол жол тосқан жортымпаз сұмдардан.  
Күтеді ол көрсем деп кеменгер ерлерді,  
Сол жолмен өткен соң аңыз боп жырланған.

Бейнетпен өткенде ең биік шыңдардан,  
Жол хабар береді алдағы жылдардан.  
Ендеше, баспа сен қасиетті жолдарды,  
Қалдырма ізіңді нәжіске былғанған.

## АЛПЫСҚА КЕЛГЕНДЕГІ СӨЗ

Байқаймын,  
Осынау мол топқа ағамын,  
Ал мына үркердей аз шоққа інімін.  
Жасырман: қуансам, еңтігіп те қаламын,  
Көрсеткім келгендей қарттықтың ырымын.

Ұққанға алпыс та аз емес, білемін,  
Шүкірлік, иә, солай... бармын ғой, тірімін.  
Шашымды ақ басса да, көнеріп реңім,  
Шашылып жатқан жоқ көшеде сынығым.

Демеймін мен сонша мықты-ақпын, ірімін!  
Демеймін қазақтың айымын, күнімін.  
Демеймін күн шалмас, шаң жұқпас дүлдүлмін,  
Кәдімгі күпшек сан күреңнің бірімін.

Асқан жоқ өзгеден өнер мен білімім,  
Мәлім ғой... кенже өскен егденің бірімін.  
Келемін сүйретіп жегілген соқамды,  
Үзіліп кетпесе болғаны сіңірім.

Алмастан кейде мен көздің де шырымын,  
Санаймын уақытымның олжасын, шығынын.  
Кейде мен еріксіз шүкірлік те етемін  
Ішінде жүргенге жер басқан тірінің.

Бірақ та сол үшін мәз-мейрам емеспін,  
Өлген жоқ ешкім де бізден кем болғанға.  
Не керек қуанып кәрі бүркіт секілді  
Қайта бір ұшпастай тұғырға қонғанға.

Өлген жоқ ешкім де бізден қор болғанға,  
Шүкірлік демеймін тек тірі қалғанға.  
Ризамын қашанда осы кең жалғанға,  
Жап-жарық армандар жалғасса арманға!

Армандар алдымда тұрған жоқ алдауға,  
Әлде де үміт бар жстарша таңдауға.  
Жатпаймын көміліп жолдағы шаңдарда,  
Жараймын мен әлі абыз боп сарнауға.

Жараймын мен әлі абыз боп сарнауға,  
Жараймын жырыммен жер-көкті шарлауға.  
Жараймын ерлікке ақ бата арнауға,  
Жараймын сұңғыла сұмдықты қарғауға!

Жараса қанатым тағы бір қомдауға,  
Жетеді қуатым жырларды сомдауға.  
Қалғанша тамырымда ең соңғы тамшы қан,  
Жасаймын халқымды арыстарша қолдауға.

## КӨДІМГІ ӨЗДЕРІМІЗ ТУРАЛЫ

### I

Бір өре киізді төсеніп,  
Бір өре киізді жамылып,  
Жатушы ек жалаңаш жетімдер,  
Жаздағы шуақты сағынып.

Сыртта жел ысқырып іңірде,  
Әйнектер сықырлап қыраудан,  
Қаланың жарықсыз түнінде  
Жылайтын теректер қуарған.

Жатушы ек жалаңаш жетімдер,  
Шыға алмай жамылған киізден.  
Қорқушы ек ашулы аяздан  
Сүзетін сүңгілі мүйізбен.

Беруші ем бойымның жылуын  
Өзіммен бір жатқан жетімге.  
Алушы ем оның да жылуын,  
Айрылмас туыс боп кетуге.

### II

Сондағы сәбилер бірге өстік,  
Көктемнің көгіндей жетілдік.  
Жоғалды көрген түс секілді  
Жаураған жаны ауру жетімдік.

Міне, енді тірілер келеміз  
Жұлып жеп жылдарын ғасырдың.

Сан рет жайылдым, ашылдым,  
Сан рет жиналдым, шашылдым.

Міне, енді тірілер келеміз  
Күндерін бұтарлап ғасырдың.  
Сан рет тасыдым, басылдым,  
Сан рет тағдырға бас ұрдым.

Көп есту жақпайды адамға  
Күңіренген жаназа күйлерін.  
Бір мінез жабысты маған да:  
Жалтақтау...

Ажалдан имену...

Қаншасын жоғалттым құрдастың,  
Кейде олар таусылған секілді...  
Қанша рет қайнаған көз жасым  
Күйдірді таңбалап бетімді...

Тірілер әлі де бар екен  
Сынбаған сұмдықтар күнінде.  
Мінеки, сол қарттар мыналар,  
Жетіпті кешеден бүгінге.

### БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Бүркіттей тұғырда отыр сілкінбеген,  
Шал бопты көкірегі күркілдеген.  
Айдындай ақ маңдайын әжім торлап,  
Көзінің алды да аздап кілкілдеген.

Кез қайда тасқа шапса іркілмеген,  
Көрші емес қазір ойын-күлкіңменен.  
Күн ұзақ ой-арманын айтып-айтып,  
Түндерді өткізеді ыңқылменен.

Тарылып, күйкі тартқан кең кеудесі,  
Секілді тозған тұлға көлеңкесі.  
Ойласа от күндерді, алады өксіп  
Қазақтың ай мүйізді ақ серкесі.

Ойласа от күндерді, қан майданды,  
Қаймықпай қасіретсіз сөз айта алмайды.  
Елестеп қансыраған қайран достар,  
Соларға «қайдасың!» деп айқайлайды.

Кешегі темірдей қол дірілдеген,  
Дауысы жоқ жауар бұлғтай күрілдеген.  
Жай ғана салқын сумен шаяды ол  
Көздерін кейбір түнде ілінбеген.

Есінен қанды жорық бір шықпайды,  
Қарт жанын қатер-қауіп тыншытпайды.  
Мезгілсіз көктей солған көрсе жапырақ,  
Жүрегін ауыртады шымшып қайғы.

Сол кезде ұмытып ол жұмыс қамын,  
Сәл серпіп ойдың суық зымстанын,  
Бокалмен тартып-тартып жібереді,  
Бойының жазбақшы боп құрысқанын.

\* \* \*

Өз жүйрігің болмаса  
Құйқылжытар құйындай,  
Жүйрігімен басқаның  
Қимылдауың қиындау.

Өз семсерің болмаса  
Жастай шауып үйренген,  
Найзасымен басқаның  
Не шығады түйреуден?

Өз домбыраң болмаса  
Жастай шертіп үйренген,  
Күйін тартып басқаның,  
Не шықпақшы билеуден?

Қолдан келмеске ұмтылып,  
Қажеті не киреңдеп.  
Кемпіріңе одан да  
Көмек көрсет күйбеңдеп.

\* \* \*

О, құмарлық, аңсамасты аңсаттың,  
Бәйгесіне қостың жұртты мансаптың.  
Талайларын қоздырдың да оздырдың,  
Талайларын тоздырдың да қаусаттың.

Әр адамның бұл өмірде орны бар  
Орынындай қолындағы саусақтың.  
Әр адамның қуанатын жөні бар,  
Қуынбаса сұмдық жолын мансаптың.

\* \* \*

Ойлама сен еш уақытта ақтауды  
Кеше ғана дәл өзінді сатқанды.  
Жөнделмейді ол, тазармайды ыластан,  
Жақындама, оған қайта сыр ашпа.

\* \* \*

Асасың шаршап қыраттан, сонау биіктен,  
Білесің сонда маңдайдан тердің ағарын.  
Теп-тегіс жолда шаршаған жаман күйіктен —  
Қасіретіменен ең жақын іні, ағаның.

\* \* \*

Барымды берем,  
Жетпесін кімнен аламын?  
Барымды берем,  
Жетпеген жерде қаламын.

Барымды берем,  
Болмайды басқа алаңым.  
Бар тұрып бермес  
Сынса екен қолдың сараңы!

\* \* \*

Туғаным жоқ күнсыз боп жалпақтауға,  
Қызықпаймын жел қуған қаңбақтарға.  
Е, қаңбақтар, қаңбақтар, есінді жи,  
Барарыңа жүріп бар, аунап барма.

Дөңгеленсем, дөңгелек табар едім,  
Заулар едім осынау тау жақтарға.  
Қала берем қасында құрбылардың,  
Достарымнан, хақым жоқ аулақтауға.

## АДАМ

### I

Өтіп жатыр күндер жосып бөгелмей,  
Уақыт шіркін ағытылған көгендей.  
Тозса да адам тұрып бағар жығылмай,  
Қирағанша қасарысқан емендей.

### II

Адам түк те сезбейді күн ілгері,  
Бірден әрі болғанда, бірден бері.  
Түсіп жүріп әркімнің ізіне біз,  
Тозып біткен жапырақтай үзілеміз.

### III

Адам тозса, аянышты-ақ сымбаты:  
Кетеді екен көнін уақыт құрғатып.  
Қалқан құлақ, қонқақ мұрын мүжіліп,  
Қалады екен тілі ғана кіжініп.

### IV

Аңсап көрсең бір сағынған жаныңды,  
Толқын ойдан туады өлең жалынды.  
Іштен дұға оқығандай үнсіз-ақ,  
Айтып-айтып жібересің есте барыңды.

\* \* \*

Қайтем мен тасбақа боп көп жасайтын,  
Көрмейтін көңілім шарлар көгімді айқын.  
Осы бір қысқа өмірімнің өзі қызық  
Өткізер достарыммен өлең айтып.

## АШУ ҮСТІНДЕ

Сендер мені санамаңдар өлгенге,  
Айтарсыңдар «өліпті» деп көмгенде.  
Айтарсыңдар «жеңілді» деп жеңгенде,  
Жеңбейсіңдер жаным барда кеудемде.

Ақылым жоқ айта қояр сендерге,  
Дәлелім көп сендерге де сенбеуге.  
Құдай мені жаратқан ғой өлмеуге —  
Сендерге де жем болуға көнбеуге!

## ӨЗ АТЫМНАН

Драмашы боламын да,  
Таңдандырам театрды демеймін.  
Тапқан жоқпын таңдап әлі  
Тарихын да таңғажайып геройдың.

Іздегенім — трибуналар,  
Іздегенім — ұғушылар сөзімді.  
Өзім айтам сезгенімді  
Құлағы сау тыңдаушыға төзімді.

Бар сенгенім, сүйенгенім  
Оркестрі Жұбанұлы Ақаңның.  
Қосып соған сиқыры жоқ үнімді,  
Орнын басам Жамбыл деген атамның.

Айта берем алдарында тұрам да,  
Ұйығанын ой шіркіннің күтпеймін.  
Ал тыңдай бер, мен жырымды бастаймын,  
Әйтпейінше, автор сөзі бітпейді.

## КЕЙ КЕЗДЕ

### I

Жаным менің жас шағымдай түлейді,  
Жасағаннан жалынды оттар тілейді.  
Шығар күннен сөнбес шырақ сұрайды,  
Батар күннен өлмес мұрат сұрайды.



## II

Сыртым тозса, тозған шығар, қайтемін,  
Ішім әлі ескірген жоқ әйтеуір.  
Жүрегімнің оты өшпесе болғаны,  
Ақынмын ғой, амалдармын қалғанын.

## III

Қарамаймын бұдан былай айнаға,  
Сынсын айна жарамайтын пайдаға!  
Жетеді осы атанғаным қайын аға,  
Бұдан нашар болады деп ойлама!

## IV

Ұйқым қанса, көңілдімін күнде мен,  
Сөйлеп кетем неше түрлі тілде мен.  
Ойнап кетем баламен де бірге мен,  
Сайрап кетем бұлбұлмен де бірге мен.

\* \* \*

Қалай-қалай десек те,  
Білген дұрыс есепті.  
Мінген жақсы жүйрікке,  
Мінген жаман есекке.

Қалай-қалай десек те,  
Жүрген жақсы есепте.  
Мінген жаман табытқа,  
Мінген жақсы есекке.

## АТАМ — АНАУ, МЕН — МЫНАУ

Атам атқа мініпті арқыраған,  
Атам сауыт киіпті жарқыраған,  
Жекпе-жекке, долданса, сұраныпты,  
Шығады екен аузынан ұран мықты.

Мен келемін көшеде жаяулаған,  
Жас ақындар жүреді таяу маған.  
Ал қалпағым басымда күн қағарым,  
Көрінуге көңілді-ақ тырбанамын.

Атам мерген болыпты — жамбы атыпты,  
Атам шауып даланы шаңдатыпты,

Күреске де түсіпті, бөгелмепті,  
Ерегіссе, «қаныңды төгем» депті.

Мен келемін сүйеніп таяғыма,  
Көңіл бөле бермеймін баяғыма.  
«Қайрат» жеңсе, желігем қиратқандай,  
Тағдыр маған талғаулы сый тартқандай.

Атам мақал жаттапты, дау қуыпты,  
Атам найза саптапты, жау қуыпты.  
Қартайған соң қоңырқай күй қағыпты,  
Өткен күнін аңсапты, қиналыпты.

Мен отырмын үйімде қалам ұштап,  
Ұйқым қанса, қаламды қалам ұстап.  
Жарамсақтар мақтаса, мәз-майраммын,  
Тастағандай тындырып  
жайраңдаймын.

## ӨТІРІК ПЕ

Тыпыр-тыпыр дамыл жоқ, бір тынбаймыз,  
Кешке жуық шаршаймыз, ыңқылдаймыз.  
Ұйықтап тұрсақ тынығып — қылтындаймыз,  
Сәл жұтсақ ше?  
Сөзшеңбіз — сұңқылдаймыз.

Сәл бақытты сезінсек — жырқылдаймыз,  
Тарсыл-тұрсыл қайнаймыз —  
бұрқылдаймыз.

Сәл бақытсыз сезінсек — қылпылдаймыз,  
Қоразымсып қойқандап құлпырмаймыз.

## СЫРДАРΙΑ

Білем сені, сүйем сені,  
Сырдың суы қарт анам.  
Сенсің мені әлдилеген,  
Туған сенен мен балаң.

Сүйсе Гейне, анам десе  
Сүйген суы Рейнесін,

Сырдың суы туған ол да  
Өз ақынын — Гейнесін.

Жазса Тарас Днепрді,  
Жазса Пушкин Еділді,  
Неге маған жырламасқа  
Сырда туған елімді!

Ел анасы — менің анам  
Сырдың сұлу өзені.  
Қуан, ана! Ақыныңның  
Келді жырлар кезегі.

Келдім бүгін, көрдім сені,  
Сүйсең, міне маңдайым,  
Құшағыңда отырмын мен  
Көріп көзбен ел жайын.

Жасарыпсың, қадірлі ана,  
Ақ түспепті шашыңа.  
Емшегіңнен сүт кетпепті,  
Жетсең дағы жасыңа.

Қарт Днепр — ескі достың  
Көремісің айбатын,  
Электрлі мың моторлы  
Асқан алып қайратын?!

Сен де маған, жаным ана,  
Днепрдей жарық бер.  
Қол жетпеген көк жұлдызын  
Құшағыма алып бер.

Сол кезде де, жаным ана,  
Өзіңменен тең болам.  
Сырда туған Сырдың ұлы —  
Жаңа Гейне мен болам!

1936

\* \* \*

Келші, сәулем!  
Бір болайық.  
Егіз гүлдей  
Ырғалайық,  
Қос жұлдыздай  
Бір жанайық.  
Бірге ұшайық  
Қанат жайып...

Өтсін жылдар,  
Өтсін, өтсін.  
Бір қартаяр  
Мезгіл жетсін.  
Тек жүректен  
От кетпесін,  
Махаббатты  
Кемітпесін.

1945

## АҚ ҚАЛПАҚ

(Өзіл)

Басыма кидім ақ қалпақ  
Оюлап шетін сырғызған.  
Менің де бетім жап-жалпақ,  
Айырмам қайсы қырғыздан.

«Қоқи!» дей көрме, бикешжан,  
Қалпақсыз да өзіңмін.  
Отынан ұшқын алып қал  
Жалт еткен саған көзімнің.

Ақкөңіл жанмын, бар шыным,  
Қырғызбен мені бірдей көр.  
Тұтансын от боп ұшқыным,  
Өшіріп алмай, үрлей бер!

1949

\* \* \*

Өрістен қайтқан інгендей  
Мезгілін сезген сауынның,  
Шудасы жерге тигендей  
Келеді бұлты жауынның.

Келеді боздап жануар,  
Желіні сызып жер бетін.  
Қаласаң, қанша сауып ал,  
Жылы екен биыл төгетін.

1960

\* \* \*

Күлкі ме, бұл не, қылмыс па:  
Көлеңкем ұзын, мен қысқа.  
Өзіңе сөзің үйлеспеу  
Кездесе бермек тұрмыста.

1955

\* \* \*

Асығу керек, асығу керек, достарым!  
Жұмыстар қанша, жұмыстар қанша бітпеген.  
Орындау керек тіріліктің жоспарын,  
Адам ба, тәйірі, алдынан үміт күтпеген!

1957

## ПОЧТАЛЬОН ЖЫРЫ

Ұясынан шықты күн,  
Мен де шықтым үйімнен.  
Күн батқанша түспейді  
Сұр қапшығым иіннен.  
Тапсырамын достарға  
Қапшық толы хаттарды,  
Таратамын достарға  
Ыстық махаббаттарды.  
Күн жөнелді көгімен,  
Мен жөнелдім жеріммен.  
Бойым әрең асады  
Бұйра толқын егіннен.  
Тапсырамын достарға

Қапшық толы хаттарды,  
Таратамын достарға  
Ыстық махаббаттарды.  
Достар өнін есітемін  
Қызыл таудай қырманнан.  
Асып ән-жыр барады  
Ормандардан, қырлардан.  
Тапсырамын достарға  
Қапшық толы хаттарды.  
Таратамын достарға  
Ыстық махаббаттарды.  
Күн де шаршап батады,  
Мен де аламмын демімді.  
Күнмен бірге шығамын  
Қуантуға елімді.  
Тапсырамын достарға  
Қапшық толы хаттарды,  
Таратамын достарға  
Ыстық махаббаттарды.

#### ҰШЫП БАРА ЖАТЫРМЫН

Қиялы емес қиналмайтын ақынның,  
Ұшып бара, ұшып бара жатырмын.  
Қош деді де, қошаметтеп қалды жер  
Құшағында жиырмасыншы ғасырдың.

Оздырып мен уақыттан от кемемді,  
Келем білмей бөгелу не дегенді.  
Қандай қызық шығып алып космосқа,  
Шырқай айту жерде туған өлеңді.

Артымда жер,  
Алдымда күн алабы,  
Кең жаһанда кемем заулап ағады.  
Елсіз түнде ескірген бір вокзалдай  
Ай да менен кейін қалып барады.

1958

## ТЕҢІЗБЕН БЕТПЕ-БЕТ

«Теңіз деген осы ма, — деп қараймын, —  
Шарқ ұрғызған шабыттарын талайдың?».  
Міндім десем кереметтей кемеге,  
Шыққандаймын елдегі бір төбеге.  
Айналам кең айдаламдай өзімнің,  
Сыпырылды томағасы көзімнің:  
Толқындары ысқырып жел қайырған  
Қой секілді өзіміздің жайылған.  
Деуші еді ғой теңіз сыры тереңде,  
Қазақ оны қоса алмас-ты өлеңге.

1957

## СТАМБҰЛ ТҮНДЕРІ

Айтылды азан, кешкі намаз басталды,  
Еңкейтті ауыр ақ сәлделер бастарды.

Қол кеудеде, бет құбылада,  
Тіл ағузы, бісмеллада,  
Күндіз жұққан күнәлардың  
Алла атымен жуып бәрін,  
Жарық көздер жасаурады, жұмылды,  
Түрік қауымы сәждесіне жығылды.

Дәл сол кеште ресторанда арнаулы,  
Жерлігі мен ішерлігі таңдаулы  
Америкалық адмиралдар,  
Офицерлер, генералдар  
Соғыстырып бокалдарды,  
Арақтарды аса нәрлі  
Жұта берді жұтқыншақтар талғанша,  
Маңдайлардан мөлтілдеп тер тамғанша.

Бойшаң сұлу бөтелкелер түр қаптай,  
Самсап келіп сапқа кірер солдаттай.

— Құй, көнеки, тағы да құй,  
Стамбұлда өзіміз би.  
Тоқтатпаңдар гитара әнін,  
Келтіріңдер түрік қыздарын! —  
Дейді әмірлі ішкіштердің үндері,  
Қандай ғажап Стамбұлдың түндері.

## БАЛЫҚШЫ

Жағасында аралдардың,  
Балықшылар құрған аудын  
Шыр айналып төңірегінде,  
Қанаттарын төсеп күнге,  
Шырқырайды шағалалар,  
Содан шабақ қағады олар.  
Ортасында көкпеңбек сел  
Үрлеп баяу желкенін жел,  
Борандарға бас имеген,  
Тұзға піскен, күнге күйген  
Жас балықшы ән шырқайды,  
Шағалалар шуылдайды.  
Теңіздің жай толқығаны  
Секілді тек соның әні.  
Желдің есіп сыңғығаны  
Секілді тек соның әні.  
Зарлы бастап, ащы аяқтап  
Аңыратқанын алдым жаттап.  
Кемеміздің тосып жолын,  
Тұр балықшы созып қолын.  
Тұлғасынан сом болаттай,  
Жанарынан жанған оттай  
Тани қалдым ер гректі,  
Елжіретті ет жүректі.  
Мен де создым қолымды оған,  
Мен де ұсындым жанымды оған.  
Дедім: «Жолдас, сүй жерінді,  
Сүй Никосша мекенінді,  
Болашаққа баста жырды,  
Жу теңізбен зар-мұңынды!».

1957



## РИМДЕ

Аспаны қандай, хрустальдай көгілдір,  
Жапырақтардың жасылы қолға жүкқандай.  
Кең алаңда фонтандар меруерт төгіп тұр,  
Көз жасын жердің тереңнен алып шыққандай.

Колонналар қайратты құлдай арқалап  
Салтанатты соборын сонау Петрдің,  
Тәңірілерден тілекпен алып қолқалап,  
Болашаққа әкеле жатқан секілді.

Мүлгіген кілең әулиелер мүсіні,  
Мұңлы ойларын баяндар мұңлы көздері.  
Тұрғандай түгел дәуірін еске түсіріп,  
Танитын емес өздерінен өзгені.

Көтерердей қабырдан қазір бастарын  
Қалдықтары қираған көне Римнің,  
Сөйлетердей кезекпен сынық тастарын  
Алдында мынау алыстан келген жиынның.

Ақын ба әлде қайыршы ма екен дарынды, —  
Кенеттен біреу әндете сарнап жөнелді.  
Тындырып судай лезде жұрттың дабырын,  
Тыңдатты бізге еріксіз мына өлеңді:

### Б і р і н ш і ө л е н

Қайғы арқалап қорғасындай,  
Нанға зар боп қол басындай  
Қалғандардың жаршысымын,  
Көз жастың бір тамшысымын.

Әулиелер мүсіндері  
Секілді елес түсімдегі.  
Тұрады тек, тіл қатпайды,  
Көз жасымды құрғатпайды.  
Баспанасыз күйде қалдым,  
Тағылыққа қайта оралдым.  
Қанша қақсам, қақпа жабық,  
Жатар едім, қайда табыт?!

## Екінші өлең

Қызу еді жаным қандай,  
Қызыл еді қаным қандай,  
Неге қазір мрамордай сұрғылтпын?  
Безгектеймін көп ауырған,  
Тек сүйретер сұлдем қалған,  
Шыққандаймын танауынан сүліктің.  
Банкир мырза құйып апты қанымды,  
Қалдырыпты шалажансар жанымды.

Қалтыраймын ыстық күнде,  
Сарқылыпты терім мүлде,  
Таудай ауыр түскен салмақ төзімге.  
Қарау үшін қол жетпеске,  
Сақталыпты көзім ғана өзімде.  
Банкир мырза сығып апты терімді,  
Қалдырыпты қансыз-сөлсіз көнімді.

— Қайда терім, қайда қаным?  
Қайтарындар ұрлағаның! —  
Деп жүрсем мен тінтіп түнімен жарықты,  
Айналдырып байлығына,  
Салып темір сандығына,  
Банкир мырза кілтін берік жауыпты.  
Өлтірмесем иесін сол байлықтың,  
Ала алмаймын кілтін темір сандықтың.

## Үшінші өлең

Римнің рухы әлдеқашан күйреген!  
Жат аяқтар кір балшықтай илеген.  
Үрдімсіз Европаша көдімгі:  
Банкирлерге табынамыз,  
Жандармға жағынамыз,  
Сатыламыз, сатып та оңай аламыз.  
Римнің рухы әлдеқашан күйреген!

Римді сүйсең — мені сүй!  
Мен күйреген Римнің ұлымын.

Тауды бұзған, тас қашаған,  
Қолдан Құдай жасаған,

Мраморға жан бітірген,  
Алтын күмбез көтерген  
Ұрпағымыз арғы заман құлының,  
Римді сүйсең — мені сүй!

Мен қайтадан туған Брутпын!<sup>1</sup>  
Жүрегіме кек толтырдым өлмейтін,  
Көкірегіме шоқ толтырдым сөнбейтін,  
Мүз басамын жанды өртеген күйікке,  
Көтеремін теңдік туын биікке,  
Тірілтемін күйреген Римді бұрынғы,  
Тазартамын кірлеген Римді бүгінгі.  
Мен қайтадан туған Брутпын!

### ВЕЗУВИЙ

Везувиймен ойнамаңдар,  
Сөнді екен деп ойламаңдар.  
Жатыр жалын кернеп ішін,  
Сыйлау керек оның күшін.

Құс ұшпайды төбесінен,  
Бұлт та өтеді шыр айналып.  
Баяғыша кеудесінде  
Құдірет оты жатыр жанып.

Қас емес ол католикке,  
Сүймейді тек «Пиді»<sup>2</sup> жаны.  
Жақпайды оған арбап жұртты,  
Құдайды өзі алдағаны.

Қайда діні ардақтаған,  
Римді қалай жанышты доллар?  
Имандарын Америкаға  
Сатты неге кардиналдар?

Кардиналдар, кардиналдар,  
Везувийді еске алыңдар!

<sup>1</sup> Брут — ескі Римнің халық геройы.

<sup>2</sup> «Пи» — XII Рим Папасы.

Сілкінсе бір баяғыша,  
Қызыл топан от жаудырса,  
Қайталаса Помпей сыйын,  
Ұстау оны болар қиын!

1957

## ПАРИЖДЕ

Париж. Вокзал. Экспресс тоқтады.  
Күн орнында Юпитерлер оттары.  
Түнгі ауадан тамылжыған  
«Париж, Париж!» дейді бір ән.  
Ал халайық бізді күткен  
Жарқын тілек, жақсы үмітпен  
Майыстыра перрон белін тұр қаптап,  
Россияның ұл-қыздарын ардақтап.  
Жаудыраған көздер қандай мейірлі,  
Жасырмайды жарықшақсыз пейілді.  
Қыстық, қыстық талай қолды ып-ыстық,  
Айтар сырды алақанмен ұғыстық.  
Саусақтарды бұтағындай еменнің —  
Тоты сіңген темір менен шөгеннің,  
Көбірек ұстап, қаттырақ қысып қаламыз,  
Көріскендей ініміз, яки ағамыз.  
Кірдік міне Парижге енді,  
Автовождар тартып бізді жөнелді.  
Алдымызда рекламалар —  
Қызыл-жасыл бояулар  
Жар салады жарығымен алапқа:  
Қызықтырып шампандарға, шарапқа.  
Манекендер тіпті әдепті иілген,  
Ең ақырғы модалармен киінген, —  
Витриналар әйнегінен қарайды,  
Ұсынады фасондарды қолайлы.  
Бұл қаланың ең зәулімі, заңғары —  
Эйфиль салған темір діңгек шамдары  
Бір көрініп жалт-жүлт етіп,  
Бірде бұлтқа сүңгіп кетіп,  
Сақшысындай астананың тұр қарап,  
Париж түнін, тымырсыған арқалап...  
Ертеңіне Луврға кірер алдында,

Киоскадан үш-төрт газет алдым да,  
Аялдадым, көз жүгірттім шетінен,  
Дуылдайды жаңалықтар бетінен:  
Княгиня алпыстағы уыз келіншек күйінде,  
Құмар екен жас жігітке тиюге.  
Лондондағы банданың бір бастығы  
Есіне түсіп Құдайды сүйген жас күні  
Римге көшіп келіпті,  
Сопылардың қатарына еніпті.  
Зоопарктың тіл білетін маймылы  
Палатада сөз сөйлепті қайғылы:  
Таңдап тізіп бастыларын қатенің,  
Әсіресе «коммунизм қатерін»  
Көп талдапты, бізді де қоса айтыпты,  
Содан кейін мекеніне қайтыпты.  
Мына газет кезегімен ашылған,  
Өзіміздің «Правдаша» басылған,  
«Юманите» — көзге қандай сүйкімді!  
Сөз қылмапты қоқырсықты, қиқымды.  
Әрбір әрпі жарқыратып шындықты,  
Әрбір сөзі жандырады сұмдықты.  
Баяндаушы міндеттерін бүгіннің  
Жұмысшының портретіне үңілдім:  
«Француздар, алданбаңдар,  
Ги Моллеге нанбаңдар!  
Жалданбаңдар, қан төгуге бармаңдар,  
Африкаға бармаңдар!..» —  
Деп жұмысшы бүкпей шынын,  
Тұншықтыра Париж шуын,  
Айқайлап тұр бар даусымен қарлықпай,  
Соңғы айтылған ең күдіретті жарлықтай.

1957

## КӨКТЕМ

Көтеріп күннің от лебін,  
Көгімнен түсті көктемім.  
Жылыта келді елімді,  
Жібіте таудың бөктерін.

Көтеріп күннің от лебін,  
Көгертте күнгей шөптерін,  
Шулатып аққу, қаздарын,  
Көліме қонды көктемім.

Көтеріп күннің от лебін,  
Әндете жетті көктемім.  
Соқасын сүйреп шықты да,  
Даламда байтақ екті егін.

Бақшама кірді — гүл берді,  
Кеудеме кірді — жыр берді.  
Жаңбырмен жуып тазартты  
Кірлеген қыстай үйлерді.

Әзірлеп спорт алаңын,  
Ажарын ашты қаланың.  
Қадады мықтап биікке  
Футболдың жаңа жалауын.

## ЖАСТЫҚ ТУРАЛЫ

Қызық қой жастың мінезі,  
Қызу ғой оның жүрегі.  
Әлемге жалғыз бір өзі  
Иедей болып жүреді.

Лебізі жаздың лебіндей,  
Ғажайып дүние сұлуы,  
Көзі де күннің көзіндей,  
Жылуы қандай, жылуы!

Көңілді жүрсе жайдары,  
Кеудесі толы сенімге.

Арманын іздеп қайдағы,  
Талпынар тынбай көруге.

Күнге де ғашық, Айға да,  
Құмартпай бір де жүрмейді.  
Келмейді қауіп ойға да,  
Қатерлер барын білмейді.

Ғашығын тапса болғаны,  
Ұшады жаны биікке.  
Таба алмай қалса, қорланып,  
Жатады жанып, күйіп те.

Қызық қой жастың мінезі,  
Қызу ғой оның жүрегі,  
Әлемге жалғыз бір өзі  
Иедей болып жүреді.

### ЕРКЕЛЕ, ЖАС

Еркеле, жас, еркеле сен, еркеле  
Күнге толы, гүлге толы өлкеңе.  
Шық далаға желмен бірге жарысып,  
Кетші қуып қырда ортқан тағысын.

Еркеле, жас, еркеле сен, еркеле,  
Шырқап берші бір әдемі ән өлкеңе.  
Шықшы тауға ақ бұлттармен таласып,  
Алысқа бір бүркіт болып қарашы.

Еркеле, жас, еркеле сен, еркеле,  
Бір әсем күй шертіп берші өлкеңе.  
Салшы құлаш салқын көлге, бойлашы,  
Аққулармен ақ тұнықта ойнашы.

Еркеле, жас, еркеле сен, еркеле  
Күнге толы, гүлге толы өлкеңе.  
Сүй еліңнің анасы мен атасын,  
Ал ұмытпай ағаңның да батасын.

## БАЛАЛАР

Әнекей біздің балалар,  
Әндетіп тағы оралар.  
Әндетіп өтіп барады  
Қуантып ата, ананы.

Үстінде мөлдір аспаны,  
Алдында гүлдер алаңы.  
Балалар өтіп барады,  
Қуантып бүкіл қаланы.

Сәбилер жолы ашылды,  
Алдында гүлдер алаңы.  
Қуантып біздің ғасырды,  
Балалар өтіп барады.

Кетер ем мен де әндетіп,  
Кетер ем бірге, балалар,  
Қалыпты-ау бойдан әл кетіп,  
Қуат жоқ қайта оралар.

## ЕРТЕҢ

Келеді ертең жарқырап күндей жаңа адам,  
Келеді бізге қуаныш-шаттық көтеріп.  
Тұрындар, достар, берейік орын арадан,  
Ғажайып жанға қошемет, құрмет етелік.

Әзірлеу керек сәбидің шілдеханасын,  
Әншілер қайда, күйшілер қайда? Жиналсын!  
Жырласын ақын ананың туған баласын,  
Оттысын таңдап сөздердің, әбден қиналсын.

Кеңейсін мектеп, көбейсін тұрғын үйлер де,  
Тазарсын ауа, көгере түссін гүлдер де,  
Ұзарсын жолдар — сәбидің жүрер жолдары,  
Көбейсін кітап оқитын барлық тілдерде.

Бүгінді сүйем, жүрегім бірақ ертеңде,  
Ертеңім мені тағы да күтіп алады.  
Тағы бір жұлдыз туады жанып әлемге,  
Тағы бір үміт жалтылдап тұрып жанады.



## ҚАЙЫҢ

Тынымсыз соқты жел борап,  
Шайқады биік қайыңды.  
Сұлуды белден алды орап,  
Қайыңның шашы жайылды.

Тынымсыз құйды сел борап,  
Нөсермен жуды қайыңды.  
Қайың тұр, міне, жадырап,  
Тастаған шайып уайымды.

\* \* \*

Ақ шаңдақ ақсаңдап барады  
Оқ тиген жаралы қояндай.  
Бір жүріп, бір демін алады,  
Жатыр жел жүгіртер оянбай.

Ақша бұлт мүлгіп тұр төбеде  
Аспанға жағылған бояудай.  
Ұсайды ол жығылған желкенге,  
Жатыр жел желпінтер оянбай.

Орман тұр жапырағын бүркеніп,  
Сәждеге маңдайын қоярдай.  
Амалсыз тағдырға тұр көніп,  
Жатыр жел сілкінтер оянбай.

Тұршы, жел, ұйқыңнан қозғалшы,  
Шулатшы орманды сілкумен,  
Жосылта тағы бір айдашы  
Шыңдарды, бұлттарды іркілген!

## ҚҰМ

Құм менің құндағым ғой, бесігім ғой,  
Өмірге бірінші ашқан есігім ғой.  
Көктемде қозыменен бірге туып,  
Ботамен ойнап бірге өсіп ем ғой.

Қиялды жетектейтін ерте күнге  
Тыңдадым тасбақаның ертегін де.  
Ызындап құрай әуел ән бастайтын  
Өз сырын оңашада шертерінде.

Қарқылдап кәрі қарға сексеуілде  
Айтатын көргендерін өз тілінде.  
Айтатын сүрен жайын — сүргін жайын,  
Айтатын қан төгіскен қырғын жайын.

Жататын өлген іздер, туған іздер,  
Жататын қашқан іздер, қуған іздер.  
Жаттадым соның бәрін, оқыдым мен,  
Жазғандай жүрегіме тоқыдым мен.

Естігем жылағанын бұлақтың да,  
Естігем сыңсығанын құрақтың да.  
Көргенмін қара түнде әлсіз жанған  
Сәулесін алыстағы шырақтың да.

Сол сәуле кеткен алып мені алысқа,  
Бермепті бір минут та демалысқа.  
Кетіппін егде өмірін бастаппын да,  
Кетіппін жас шағымды тастап құмға.

## МҰҢ ТУРАЛЫ

### 1

Мұндымын деп шағынбаймын қашанда,  
Қорқам бірақ тіпті мұңсыз жасауға.  
Мүмкін бе екен шексіз сүйіп өмірді,  
Сол өмірдің мұңдарынан босауға?!

Сүйем жаздың көбелегін, гүлдерін,  
Сүйем жаздың жылы, жібек түндерін.  
Сүйем жазда періштедей сәбидің  
Көбелекпен ойнап бірге жүргенін.

Күз келеді, көбелектер өледі,  
Күз келеді, гүл солады, семеді.  
Жоқтап гүлін, жоқтап көбелектерін,  
Күрсінеді ақынның да өлеңі.

### 2

Әнмен айтып, әнмен жырлап кетерлік  
От мінездер, отты көздер жетерлік.  
От мінездер, отты көздер үшін деп,  
Толтырып біз бокалдар да көтердік.

Кейде қасірет күзгі бұлттай төнеді,  
Мұң басады, отты көздер сөнеді.  
Сонда баяу домбыраға қосылып,  
Күрсінеді ақынның да өлеңі.

Мұндымын деп шағынбаймын қашанда,  
Қорқам бірақ тіпті мұңсыз жасауға.  
Мүмкін бе екен шексіз сүйіп өмірді,  
Сол өмірдің мұңдарынан босауға?!

### 3

Удай болсын — ащы болса,  
Судай болсын — тұщы болса.  
Жылымшыны жаратпаймын, жарандар,  
Жылымшыны жартылау деп санандар!

Маған жарты керек емес бақыт та,  
Маған жарты керек емес уақыт та.

Мен жартылай ала алмаймын айды да,  
Маған жарты керек емес қайғы да.

Маған тұтас жарық керек, күн керек,  
Маған тұтас жұлдыз толы түн керек.  
Маған тұтас теңіз керек, тау керек,  
Маған тұтас алысатын жау керек.

Мен жартылап махаббатты да алмаймын,  
Мен жарты дос шақырса да бармаймын.  
Маған тұтас жүрек керек берілген!  
Сұрайтыным осы ғана өмірден,  
Тілейтінім осы ғана елімнен.

### МЕЙІРІМІМ

Мейірімімнің шегі жоқ  
Сенгенім мен сүйгенге.  
От боп жанғым келеді  
Жылуы жоқ үйлерде.

Мейірімімнің шегі жоқ  
Сенгенім мен сүйгенге.  
Шам боп жанғым келеді  
Жарығы жоқ үйлерде.

Мейірімімнің шегі жоқ  
Сенгенім мен сүйгенге.  
Сүйген үшін ризамын  
Күюге де күйреуге.

Жансыз қара тастаймын,  
Қалса көңілім сүйгенге.  
Мұздай ызғар жатады  
От жанатын кеудемде.

Жабылады жүрегім,  
Қалса көңілім сенгенге,  
Санаймын да қоямын  
Сенгенімді өлгенге.

## АДАМҒА

Жыласа біреу, қосыла мен де жылаймын,  
Болмеймін оны қара деп, яки сары деп.  
«Жылайды неге?» — деп қана іштей сұраймын,  
Болмеймін оны жас па екен, яки кәрі деп.

Ұғамын іштей, түсінем тілін жылаудың,  
Өйткені адам жылайды дайым бір тілде.  
Жүрегі бір ғой жылайтын барлық адамның,  
Болар ма жасын көздердің күштеп іркіуге!

Жылаған үнді домбыра тағы қайталар,  
Егіліп сонда, сөгіліп жаның, аяйсың.  
Төгілген жасты бөтен деп кімдер айта алар,  
Қараға, яки қызылға қалай бояйсың?

Қажеті қанша сұраудың бізге тілмаштан.  
Неміс пе, әлде жылаған еңіреп негр ме?  
Жылай бер, адам, өмір сүр бірақ сынбастан,  
Ұсай біл, адам, қорытқан өзің темірге!

### КҮЛКІНІҢ ТУЫ ҚҰЛАМАЙ

Күлкі де ортақ ұққанға,  
Күлкісіз бізге күн қайда!  
Күлімдеп адам шыққанда,  
Жадырап жаның тұрмай ма?

Таныс бол, мейлі битаныс,  
Бетпе-бет біреу келгенде,  
Көңіліңді басар қуаныш,  
Жайдары жүзін көргенде.

Күлкілі көздің жанары  
Көгерте келген көктемдей.  
Ойында бір леп қалады  
Жылытып сені өткендей.

Балалар күлсін шаттанып,  
Сақылдап күлсін қуанып.

Аналар күлсін мақтанып,  
Қайғы тас болсын қуарып.

Неміс пе, мейлі негр ме,  
Күлсе екен бәрі жыламай.  
Тұрса екен жайнап жерімде  
Күлкінің туы құламай!

### ТИГЕ ҒОЙ

Тиге ғой, сәулешім, кестенді,  
Кестеле ақшылға көкпенен.  
Түсірші жазғы бір кешті енді  
Бояуы сиқырдай жіппенен.

Отырдың қасымда көңілді,  
Сөз еттік өткен бір сапарды.  
Бұлдырап Сырымбет көрінді,  
Шақырдық алыстан Ақанды.

Шақырдық. Келді ол жайдары,  
Құласын қаңтарып тастады.  
Шаққандай арманын ойдағы,  
Жай ғана Гаккуін бастады...

Күн батты, көкжиек қызарды,  
Ән тынды, серіміз аттанды.  
Кетті ол толтырып жұлдызға  
Жаңағы тұңғыық аспанды.

Тиге ғой, сәулешім, кестенді,  
Кестеле солардың бәрін де.  
Көрсетші сол әсем кештерді,  
Көрсетші Ақанның әнін де.

## АДАМ

Ғашықпын әманда, ынтықпын  
Көңілінің күні бар адамға.  
Қыздырса ол әулетін бір жұрттың,  
Жылуы жетпей ме маған да.

Сөйлейді ол күдіреттің атынан,  
Жаңадан бір жұлдыз жағарда.  
Айтпайды ол туысқа, жақынға,  
Айтады ол ғасырға, қоғамға.

Өзінің пайғамбар екенін  
Білмейді ол, айтпайды адамға.  
Тілейді ол жақсылық келгенін  
Әмбеге — маған да, саған да.

Қарашы шашына көз салып,  
Қарасын берген ол заманға.  
Уақыты жоқ бір минут босанып,  
Көзінің шырымын аларға.

Ғашықпын әманда, ынтықпын  
Көңілінің күні бар адамға.  
Сақтаңдар кәрінен сұмдықтың,  
Керек ол маған да, саған да.

## ТУҒАН ЖЕР

Шешемнен туа көргенім  
Жиде мен жантақ, шеңгелім —  
Ағаның жыртып жеңдерін,  
Етегін жыртқан жеңгенің.

Есімде барлық көргенім —  
Жидеден мәуе тергенім,  
Қоңырауын қағып шеңгелдің,  
Қайырып қойды келгенім.

Қоянның қуып көжегін,  
Торғайдың тердім тезегін.

Сарқытын күтіп үлкеннің,  
Қалдығын іштім көженің.

Ертегін елдің тыңдадым,  
Құлаққа құйдым жырларын.  
Жаттап та жүрдім әженің  
Ерінбей айтқан жұмбағын.

Шешемнен туа көргенім  
Жиде мен жантақ, шеңгелім...  
Алғаным көп-ақ олардан,  
Азырақ әлі бергенім.

## ЖЕР ЖӘНЕ МЕН

«Елімменен» ұйқастырған «жерімді»  
Талай ақын таусылғанша төгілді.  
Ұйқас тозды, бірақ жерім тозбады,  
Әр ақынның жан-жүрегін қозғады.

Мен де айтамын туған жерім, жерім деп,  
Айта берем тоқтағанша өлім кеп.  
Айта берем, айта берем тынғанша,  
Айта берем қақ жарылып сынғанша.

Тамған қаны, туған тері бабамның,  
Аққан жасы, төккен сүті анамның  
Шөп боп өссе сан бояулы даламда,  
Сүймей оны, айтыңдаршы, қалам ба!

Жерден тудым, жердің беті мекенім.  
Білем жақсы қысқа өмірдің өтерін.  
Білем жақсы өмір қызық екенін,  
Білем жақсы — сол қызықтан кетемін.

Жерден тудым, жердің беті тұрағым,  
Жақтым мен де өмірдің бір шырағын.  
Сөнбесе екен тек сол жаққан шырағым,  
Бір сол ғана тағдырымнан сұрарым.

Жерден тудым, жердің беті мекенім,  
Жер шақырса, қайта өзіне кетемін.  
Берем қайтып жүрегімді, жанымды,  
Берем қайтып жылуымды, қанымды.

Тек, тірілер, жерді сүйе біліңдер,  
Былғамандар жерді, таза жүріңдер.



Тоздырмаңдар біздер қазған арықты,  
Өшірмеңдер біздер жаққан жарықты.  
Қайырымды бол көктемдегі гүлдерге,  
Баса көрме біреуін де жүргенде.  
Мүмкін, бірі мен шығармын солардың,  
Сенен ғана мейірім күткен болармын.

### С...ға

Шашыңа түскен ақтарды  
Аңғармай қалай келгенмін,  
Көзінде жанған оттарды  
Сөнбес деп қалай сенгенмін?  
Сақтармын деуші ем, аяулым,  
Сұғынан сені көргеннің.  
Тиіпті-ау көзі ақыры  
Атқанын жығар мергеннің.  
Бетіңе түскен әжімді  
Аңғармай қалай келгенмін,  
Аяулым менің арымас  
Дегенге қалай сенгенмін?  
Күтермін деуші ем тигізбей  
Лебін де суық желдердің...  
Апырым-ау, неткен аңғал ем,  
Қолымнан қалай бергенмін?  
Жарқ ете күліп шыққанда  
Ішінен жарық бөлмеңнің,  
Жылытушы едің жанымды,  
Гүлдерін ашып кеудемнің.  
Ермектей қызық көруші ем  
Өткенін заулап күндердің.  
Тұрар деп жастық айнымай,  
Апырым-ау, қалай сенгенмін?  
Қадірі жоқ қой алғанның,  
Күйігі жаман бергеннің,  
Қадірі жоқ қой жанғанның,  
Күйігі жаман сөнгеннің.  
Әйтсе де, жаным, сыр берме,  
Көрінбе маған көңілсіз.  
Көрінсең маған көңілсіз,  
Көрінер дүние өмірсіз.

## КӨҢІЛ КҮЙІ

Көңілде жоқ қой өзге алаң,  
Үмітпен күтсең көктемді.  
Көрінер күңгірт, шұбалаң,  
Қиялмен қусаң өткенді.

Өткендер өте береді,  
Ұстай алмайсың кеткенді.  
Ұмытқың бәрін келеді  
Ұмытпай күтсең көктемді.

Қап-қара тасты идіріп,  
Жылы жер мейірім береді.  
Жапырағын күнге сүйдіріп,  
Тастан да көк шөп өнеді.

Көрі емен қайта бүршіктеп,  
Тынысын терең алады.  
Ормандар жаңа күй шертіп,  
Өзендер қайта толады.

Сеземін мен де еменше  
Жерімнің жылы топырағын.  
Жаямын әлім келгенше  
Жанымның жасыл жапырағын...

Көңілдің күйі гүлденер,  
Үмітпен күтсең көктемді.  
Әйтсе де, күнә көрмеңдер,  
Аңсасам кейде өткенді.

## ІНІЛЕРГЕ

Қартайдық-ау, құрбылар, бәріміз де,  
Тек мейірімді болсын жас көрімізге.  
Шаш буалдыр, көз бұлдыр тартса дағы,  
Жүрек оты өшпейді әлі бізде.  
Сол жүрек пен сол отта кеудедегі  
Жылылықтың болған жоқ шет пен шегі.  
Жылыттық қой қаншама замандасты,

Жұбаттық қой қаншама көзі жасты.  
Сүйсек, сүйдік, шын сүйдік — құбылмадық,  
Көлеңкеге, күңгіртке тығылмадық.  
Арымызды аяулы таза ұстадық,  
Олжа қуып, оңайға тығылмадық.  
Әкемізді сүйедік, құлатпадық,  
Шешемізді өксітіп жылатпадық.  
Ұл өсірдік, өрімдей қыз өсірдік  
Орнымызға ие боп тұрақтарлық.  
Орным мынау, қабыл ет, жас ұрпағым,  
Менің өмір сүргенім — сенің бағың.  
Мені бүгін сүйейтін енді өзіңсің,  
Кәрі сыйлар сенің де келді шағың.  
Сыйламасаң өзің біл, ерік өзіңде,  
Ескертпеді демессің дер кезінде.  
Өлгенімше өкінбей жасай берем,  
Жасықтық жоқ жалтақсыз мінезімде.  
Кәрі емендей құлармын күндерде бір,  
Жұмылар көз, бітер дем, тоқтар өмір.  
Маған десең, одан соң отын қып жақ,  
Арты өзіңе, әйтеуір, соқсын жеңіл.

### ТОЛҒАҚ

Күнде ертемен айнаға да қараймын,  
Әжімдерді таратпақшы боламын.  
Шашымды да сулап тұрып тараймын,  
Бір кәдеге жаратпақшы боламын.

Шошымаса екен деймін достарым,  
Неге Әбділда қартайды деп осынша.  
Көп қой әлі жазылатын дастаным,  
Қиялыма өжеттігім қосылса.

Келем жүріп, келем жүріп көшемен,  
Сәлемшілер тым молайып кетіпті-ау.  
Өзім сәлем беретіндер кеше мен  
Бұл көшеден, сірә, көбі өтіпті-ау.

Түсті жерге зор еменнің жапырағы,  
Сап-сары боп түсті, байғұс, үзіліп.

Алып жерден, сүртіп жапырақ топырағын,  
Тұрдым қарап әнтек қана қызығып.

Түсті үзіліп менің де бір ақ шашым,  
Аппақ болып түсті, байғұс, үзіліп.  
Аямадым ормандардың патшасын,  
Өзімді аяп, кетті көңілім бұзылып.

Ойлар, ойлар, толқын ойлар, өр ойлар,  
Өткен жастық, алтын шапақ арайлар...  
Бар ғой әлі мен сияқты талайлар,  
Бар ғой әлі күзгі шуақ қарайлар.

\* \* \*

Қаратау басын қар басты,  
Басты да қалды аппақ қар.  
Қып-қызыл беттен қан қашты,  
Алыстай берді атыраптар.

Оралар күннің от лебі,  
Жылынар қайта топырақтар,  
Оралар жердің көктемі,  
Жамырар қайта жапырақтар.

Оралмас қайта жалғыз-ақ,  
Оралмас менің көктемім...  
Артымда, өне, қалды ұзап  
Кешегі күнгеі бөктерім.

### ЖҮЗІП КЕЛЕМ

Жүзіп келем, жүзіп келем өзенмен,  
Жүрегімнің шаршағанын сезем мен.  
Алып кетіп барады ағыс ықтатып,  
Тербеп толқын тыншытпақшы ұйықтатып.

О, жағалар, жасыл-жайсаң жағалар!  
Жанады оттар, жарқылдайды жаңалар.  
Демеймін мен сол жағалар оралар,  
Кетсем қалғып, жанған оттар жоғалар.

## ҚАРАЙМЫН КӨНЕРГЕН ІЗДЕРГЕ

Қараймын қарайған соқпаққа,  
Қараймын көнерген іздерге.  
Әзірмін іздерді іздеуге,  
Әзірмін жырлауға мақтап та.

Қараймын көнерген іздерге,  
Қараймын қарайған соқпаққа.  
Әзірмін іздерді іздеуге,  
Әзірмін жылауға жоқтап та.

Көремін ақтабан жылдарын,  
Көремін шұбалған шаңдарын,  
Көремін шұбырған малдарын,  
Көремін күрсінген жандарын.

Көремін қанды алау кештерін,  
Көремін ырғалған көштерін.  
Есітемін егіле боздап бір:  
«Елім-ай, елім-ай» дескенін.

Сөйлейді соқпақтар қарлығып,  
Шулайды ән айтқан іздер де.  
Кетіпті өткендер қалдырып  
Әндерін, сөздерін біздерге.

\* \* \*

Өтіп барам дүниеден  
Экспресс үстінде.  
Азайғанын аңғарам  
Өз бойымнан күштің де.

Терезеден қарадым,  
Бір ыстық шай іштім де.  
Жарқырайды жарық күн,  
Көк күмбез тұр үстімде.

Неткен шапшаң бұл жүріс,  
Келгендей-ау түскім де.  
Керек болар ма екенмін  
Түссем жерге ешкімге?

## ҚЫЗЫҚ ҚОЙ

Қызық қой адамның өмірі,  
Өткен күн аққан су тәрізді.  
Қанша рет өзгертіп өңімді,  
Қанша рет бұзды екен қанымды...

Қанша рет тоңғаным белгісіз,  
Қанша рет жанғаным белгісіз.  
Есімде тек қана кей күндер  
Айларға, жылдарға бергісіз.

Жас едім отпенен ойнаған,  
Жас едім тереңге бойлаған,  
Жас едім қызыққа тоймаған,  
Ертеңді кім онда ойлаған.

Білмеппін уақыттың тергерін,  
Қайтадан сұрар деп бергенін.  
Өтіпті есепсіз күндерім,  
Білгенім, сезгенім, көргенім.

Ең үлкен шаттығым — тірлігім,  
Сол ғана сүйенер сенерім.  
Кім білсін, көп шығар көрерім,  
Бар шығар әлі де берерім.

## ҰРПАҚҚА

### I

Ұрпағым, маған құлақ ас!  
Мен ертерек өткен кәріңмін.  
Бірақ мен де бармын ішінде  
Жаңағы айтқан әніңнің.  
Бұл әнді біз де айтқанбыз,  
Домбырамен де тартқанбыз.  
Жастығымды қосқанмын да осы әнге,  
Кейінге — саған қалдырғам.  
Өлмесін деп, тозбасын деп,  
Атын да қойғам «Балдырған»,  
«Балдырған» барда — мен бармын.

## II

Ұрпағым, маған құлақ ас!  
Мен ертерек өткен атаңмын,  
Мені де сүйген өзіңдей  
Атар таң менен батар күн.  
Кешкі қызыл шапағына күнімнің  
Мен де қосқам қанымды,  
Отымды да сарқып соған бергенмін,  
Лаулатуға көкжиектегі жалынды.  
Шығар күнде мен бармын,  
Батар күнде мен бармын.

## III

Көтерген сайын көк теңізде желкенді,  
Жел сұрайсың, жастарым.  
Сонда жел зулап жөнейді,  
Күйрете жолдың тосқауын.  
Кетеді тастап артына  
Таулардың құзын, тастарын,  
Өтеді бұзып орманды,  
Еменнің иіп бастарын...  
Жөнейді жел желкеніңді жетелеп,  
Кетесің сен көк тұнықты төтелеп.  
Сол желде де мен бармын,  
Қосқанмын оған ақырғы алған демімді.  
Жел бар жерде — мен бармын,  
Тербей берем теңізіңді, көліңді.

## КЕЗДЕСУ

Тамаша күн еді, ашық күн,  
Мен дағы көзімді ашыппын.  
Көремін көңілімнің көгінен  
Бәрін де жақын мен қашықтың.  
Ырқында жүргенде машықтың,  
Қорықтым ба тоқтауға, асықтым.  
Аңғармай өткенін уақыттың,  
Аз ғана шаршаппын, жасыппын.  
Міне, енді сергітті ашық күн,  
Сеземін, жарыққа ғашықпын.  
Жанымды жіпсітіп шұғылалар,

Домбыра пернесін басыппын.

Шертемін шешемнің әндерін,  
Ұмытып кетіппін өлгенін.  
Сезгендей боламын жап-жақын,  
Жап-жақын жаныма келгенін.

Не деген лебі оның жылы еді,  
Есітемін соққанын жүрегі.  
Жай ғана сыңсып ол әндетіп,  
Ұлының тірлігін тіледі.

Не деген қолы оның жылы еді,  
Есітемін соққанын жүрегі.  
— Ағарып кетіпті-ау шашың, — деп,  
Сәл ғана жымыып күледі.

Сүйдеді, қатесіз есіттім,  
Сыңсиді әнін ол бесіктің.  
Ілезде сәбиге айналып,  
Ілезде қайтадан өсіппін...

Тамаша күн еді, ашық күн,  
Мен дағы көзімді ашыппын.  
Көремін көңілімнің көгінен  
Бәрін де жақын мен қашықтың.

## ТӨТЕЛЕР ТУРАЛЫ

Төтелер көп қой, төтелер,  
Тікелей тартып жетелер.  
Тозбасын десең табаның,  
Төтемен тарт та кете бер.

Төтелер көп қой, төтелер,  
Оңайға кілең жетелер.  
Озайын десең ертерек,  
Төтелей тарт та жете бер.

Ұзақтың көп қой болжалы:  
Асулар менен тосу бар,  
Бүгінгі тапқан олжаны  
Ертеңге тағы қосу бар.

Болдыра қалсаң жүргеннен,  
Еңбектеу керек, шегінбей.



Тартқаның баспас ілгері,  
Өгіз боп өзің жегілмей.

Ұсайды жолы ұзақтың  
Инемен құдық қазғанға.  
Не жетсін, шіркін, құр атпен  
Төтелей шауып озғанға!

\* \* \*

Біреулер жамап жыртықты,  
Бүгіндер біреу сынықты.  
Жаңартып біреу шылықты,  
Жаңғыртар біреу былықты.

Біреудің жаны көктемдей  
Таратқан жұртқа мейірімін.  
Жүреді сабаз сескенбей,  
Көтеріп күнін көңілінің.

Біреудің жаны бұлыңғыр,  
Бықсыған түгін сияқты.  
Белінен басар бұл құрғыр,  
Аямас ар мен ұятты.

Қынаптан шықсам қанжар боп,  
Сұғылар едім сұмдарға.  
Етсе екен солай ел жарлық,  
Серт етер едім сынбауға.

\* \* \*

Біреулер ерте шалқаяр,  
Біреулер ерте қартаяр.  
Мезгілсіз біреу толығар,  
Мезгілсіз біреу ортаяр.

Біреулер ерте қартаяр,  
Біреулер ерте жантаяр.  
Сағымын қуған елестің  
Солардың бірі емеспін.

## БАР ЕКЕМ

Апырым-ау, жоқ па, бармын ба,  
Соға ма, жоқ па жүрегім?  
Жоқ әлде тас боп қалдым ба,  
Осы мен, достар, кім едім?  
— Тұр енді, — дейді күбірлеп,  
Жерімнің желпіп самалы.  
Көзімнен тұман біріндеп  
Серпіліп кейін барады...  
Таптым-ау жаңа өзімді,  
Таныла берді маңайым.  
Ашайын жұмған көзімді,  
Көнеки, қайта қарайын:  
Әнеки шаңқан атырап,  
Әнеки жасыл жапырақ,  
Әнеки жайсаң жас құрақ,  
Мінеки қара топырақ.  
Мынау не? Күн ғой баяғы,  
Кәдімгі біздің жарық күн.  
Басынан асып барады  
Алатау деген алыптың.  
Әнеки қызыл көбелек,  
Жалауын жайды, көтерді.  
Мына бір ұшқан ара кеп  
Шағып та кетті шекемді.  
Апырым-ау, шын ғой бәрі де,  
Әлемім жарық, кең екен.  
Бар екем, достар, әлі де,  
Көрерім әлі көп екен.

## СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП

— Тындырмапсың, тындырмапсың, достарың  
Сонша алыстан ұзақ жасап келгенде.  
Қайда, көне бұл өмірге қосқаның,  
Әлде мезгіл жаназасыз көмген бе?

Ізің қайда, ізің қайда, көкешім,  
Қайда сенің із қалдырған соқпағың?  
Айтшы маған, есінде ме, көрсетші,  
Қай жылдары, қай тұстарда тоқтадың?

Көрдiң бе сен күйiнiп я сүйiнiп,  
Күлкiң қайда, қайғың қайда сондағы?  
Сөйлемейдi неге қазiр құйылып  
Мұз боп қатқан томдарыңның жолдары?

Көрдiң бе сен оқушыңды бiр рет,  
Айтшы, ағатай, кiмдi өлеңiң жұбатты?  
Жаудың ба сен тым болмаса сiркiреп,  
Айтшы, ағатай, кiмдi өлеңiң жылатты?

— Жеттi, бауырым, айта берсең, табылар,  
Артар кiнә арқалауға жетерлiк.  
Әр адамның екi түрлi жағы бар —  
Екеуi де екi әңгiме етерлiк.

Қиын маған есеп беру алдында,  
Кiмге керек өзiңдi айту ақталып.  
Шаршар кезi болады ғой нардың да,  
Көрген емен бiрақ, жаным, тоқталып.

Сен сәби ең, мен жiгiт ем өзiңдей,  
Көтерушi ем, қаз-қаз басып құласаң.  
Тербетушi ем бесiгiңдi көз iлмей,  
Жұбатушы ем жырымменен, жыласаң.

«Әлдi, бөпем, ұйықтай қойшы...» дер едiм,  
Жұбанушы ең әлдилеген әнiме.  
Тозған шығар сондағы айтқан өлеңiм,  
Маған жаңа көрiнгенмен әлi де.

Кешiр, бауырым, жоқты қайдан аларсың,  
Амал қанша түспесе iзiм соңымнан?  
Үзбе күдер, мүмкiн, кейiн табарсың  
Ең болмаса ендi жүрер жолымнан.

Қиын маған есеп беру алдында,  
Кiмге керек өзiңдi айту ақталып.  
Қажет кезi болар әлi шалдың да,  
Қинама ендi, осыменен тоқталық.

## ОЙЛАНШЫ

Күнді сүйем дейміз ғой жаурағанда,  
Жаңбырға да ынтықпыз жаумағанда.  
Күннен безіп, қызынса-ақ, құбыламыз,  
Жаңбыр жауды-ақ, зонтикке тығыламыз.

Сәл ашықсақ, шыдамсыз, бимазамыз,  
Сәл тойынсақ, ауырлап, қиналамыз.  
Күшейсек-ақ — әлсізді жаралаймыз,  
Әлсіресек — күштіні паналаймыз.

Осындайлар көп емес, сирек дейміз,  
Көп дегенді кінәлап, күйрек дейміз.  
Жақсыларға тізгінді билетпейміз,  
Сонда кімге жөн-жосық үйрет дейміз?

## ЖЕЛІК

### Б і р і н ш і ө л е ң

Жел айдайды желкенді,  
Жел айдайды қаңбақты.  
Сықырлатып сендерді,  
Бұрқыратар шаңдақты.

Сол тұрақсыз жынды жел  
Кірсе ішіне кісінің,  
Жетелер де жөнелер,  
Көтерер де ысуын.

Желік дейміз ондайды  
Желпілдетер түндікті.  
Жігітке ақыл қалмайды  
Ойлайтын да күндікті.

Желік әбден демігер,  
Тартқанға енді тоқтар ма,  
Көп сияқты көрінер  
Өз бойында жоқтарда.

Дос көбейер мақтарға,  
Мұрша қалмас тоқтарға.

Айналып-ақ кетеді  
Айбынды бір сотқарға.

Айналған соң сотқарға,  
Сескенбес ол оттан да.  
Есін бір-ақ жинайды,  
Тасқа басын соққанда.

### Е к і н ш і ө л е ң

Желігу әйелден де табылады,  
Жас сайтан тумай жатып қағынады.  
Айнадан қасын көріп, көзін көріп,  
Өзінің суретіне табынады.

Мәз-майрам — өзгелерді желіктірсе,  
Сиқырмен есін алып еліктірсе.  
Ойлайды күнді қызық өткіздім деп,  
Үйіне бір Дон Жуан еріп кірсе.

Әсемдер жүрісін де, күлкісін де,  
Жайнатар мойнындағы түлкісін де.  
Ұйқысын күндіз жатып қандырады,  
Түндерін өткізуге күлкі ішінде.

Ойнатар кеудесін де, бөксесін де,  
Сөйлетер тық-тық басқан өкшесін де.  
Жаттаған сөздерін де назбен шертіп,  
Еркекке нәзік айтар өкпесін де.

Тапқыр-ақ ойлағанын бәрінің де,  
Сыры бар сыңсып салар әнінің де.  
Жүрегін ұстамалы алар торлап  
Сайтаны басылмаған кәрінің де.

Қайран не уақыт жеңіп алғаннан соң,  
Жас дәурен жасыл шөптей солғаннан соң.  
Бір күні шыға келер ақылды боп,  
Тонатып тұла бойын алғаннан соң.

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Атаққа мен алданбадым,  
Ақшаға да жалданбадым.  
Қарным тойса, паңданбадым,  
Қарным ашса, қорланбадым.

Көргенім көп бала жастан,  
Кешіргенмін бәрін бастан,  
Өстім солай айнымастан,  
Бір мінезден айрылмастан.

Жақсы-ақ емес өзінді айту,  
Есте қалған кезінді айту.  
Кейде еріксіз мақтанасың,  
Өсекшіден ақталасың.

Көрем өзім өз күнімді,  
Білем өзім өз құнымды.  
Тозған пышақ сияқтымын,  
Кеспей қалсам, ұяттымын.

### МІНЕЗІ ҚҰРСЫН АҚЫННЫҢ

Мінезі құрсын ақынның!  
Кейде бір мұңлы пақырмын.  
Айтайын десем, әнім жоқ,  
Аунақшып босқа жатырмын.

Мінезі құрсын ақынның!  
Жау жүрек кейде батырмын.  
Күлегеш суық сайтанға  
Атылған оқ боп жатырмын.

Майысып жастан көрмеппін,  
Сайысып тағы өлмеппін.  
Өзім боп жүре беріппін,  
Кеңісін жайлап жер-көктің.

Жасқанып жастан көрмеппін,  
Тауық боп тары термеппін.

Өзім боп жүре беріппін,  
Өзгеге тағы сенбеппін.

Сыйымсыз жаным, мінезім,  
Ұғамын оны бір өзім..  
Ұстамақ дейсіз күлкі етіп  
Көзінде жұрттың кім өзін?

\* \* \*

Дүние қызық емес құр жатқанға,  
Тойдым мен ыржақтан да, қылжақтан да.  
Жарқылдау жұрт алдында кімге керек,  
Бойында балта батпас мін жатқанда?!  
Масайрап, мәз болғаннан тапқаным не  
Шампанның бокалдарын құрғатқанға?!  
Кел енді, керемет бір өндірейін,  
Берейін сөзді ұйқас пен ырғақтарға! —  
Деймін мен кейде отырып ақылды боп,  
Өкініп мезгілімді ұрлатқанға.  
Сол ойым бірақ менің айдан аспас,  
Одан соң айналамын сырғақтауға.  
Аңсаймын түнгі қызық думанымды,  
Елеңдеп ескі әдетпен күн батқанда.  
Ұстатпас ұмтылсаң да, кетер қызық,  
Қаныңа қайта ерімес мұз қатқанда.

### АБАЙҒА ЕЛІКТЕП

Жетсек те жаңа дүниеге  
Еліміз алған азаттық,  
Қолменен асар етгей-ақ,  
Өзгерер емес қазақтық.

Баяғы мінез бір мінез —  
Аңғалдық пенен жалғандық.  
Өшіріп отты өзіміз,  
Тоңази қалсақ, таң қалдық.

Қарнымыз тойса, тынышпыз,  
Ашыға қалсақ, қармандық.  
Алдағандармен дұрыспыз,  
Адалын айтса-ақ шамдандық.

Күніміз өтпес өсексіз,  
Бәлеге талай шырмалдық.  
Уақыттар өтті есепсіз,  
Ақылдан талай құр қалдық.

Баяғы баяу мимырттық,  
Өткен соң мезгіл қамдандық.  
Кешігіп келген жүйріктік —  
Озғандық емес, қалғандық.

### ӨСУ МЕН ӨШУ

Әркім-ақ дәмелі өсуден,  
Қорқады мезгілсіз өшуден.  
Жүреді қанатты құсымсып  
Бұтақтан бұтаққа көшумен.

Әркім-ақ дәмелі өсуден,  
Қорқады мезгілсіз өшуден.  
Жүреді азулы кісімсіп,  
Әр қаптың түбін бір тесумен.

Ақыры баяулап байғұсың,  
Молайтар Құдайға қарғысын.  
Айналар тыржыңға, мылжыңға,  
Сезген соң өшудің қайғысын.

\* \* \*

Тағдыр деген күймеме кереметті  
Қуанышты қайғымен қоса жектім.  
Ұшып келем бетінде Жер-ананың,  
Бірде жылап, бір мезгіл қуанамын.

Жетейін деп ертерек жетер күнге,  
Айдап келем аттардың екеуін де.  
Үміт пенен күйікті бірдей бағып,  
Болашаққа бұлдырай келем ағып.

Келем ағып уақыт пен болашаққа,  
Берешек те алдымда, алашақ та.  
Берсем, жұтап қалмаймын, алсам жарып,  
Жоғалмаса болғаны жол мен жарық.

5 май, 1966



\* \* \*

Өзімнің қайратым, әрине, жетпейді,  
Аудара алмаймын тым ауыр тастарды.  
Сонда да сескеніп оралып өтпеймін  
Адлымнан кездескен жол бермес тосқауды.

Білемін қысылсам демейтін достарды,  
Келетін көмекке жанашыр жастарды.  
Сол ауыр тосқауды, қап-қара тастарды  
Достарым, жастарым аударып тастайды.

15 июль, 1965

\* \* \*

Мен де адаммын өзгедей өз «менім» бар,  
Өзім сүйер шарабым, әндерім бар.  
Қисығың да боламын кесірленсем,  
Туралықты да айтамын кесім берсем.

Айырмам жоқ, адаммын барлығыңдай,  
Кеңдігім де жетерлік тарлығымдай.  
Көңілшекке де ұсаймын, еріншекке,  
Өкпелеп те аламын келімсектей.

Ұстамайды басқаға бір мінезім —  
Ұстай алмай қалғышпын өзімді өзім.  
Қулық сақтар жерлерде аңғалақпын,  
Тұзағына түскішпін пейілі жаттың.

5 май, 1966

### АҒАҒА ЖАСТЫҢ АҚЫЛЫ

Балдырған жас жігіт  
Келіп тұр алдыма,  
Нәп-нәзік, жұп-жұқа, шырайлы.  
Маған ол мейіріммен  
бір қарап алды да,  
Сәл ғана уақытымды бөлуді сұрайды.

Сөйледі ол:

— Сен, аға, етерсің кешірім,  
Жаспын ғой, ақылшың емеспін.



\* \* \*

Маңдайдың қатпары, шатқалы  
Таулардың қатпары, шатқалы секілді.  
Көздердің оттары, шоқтары  
Аспанның оттары, шоқтары секілді.

Қатпарлар, шатқалдар үгілді,  
Тозаңға, тұманға айналды.  
От көздер, шоқ көздер жұмылды,  
Ұшырып болған соң ойларды.

*2 сентябрь, 1966*

\* \* \*

Күн батты. Көкжиек өртенді,  
Түн жетті көтерген қап-қара жалауды.  
Қап-қара жалаумен жапты кеп  
Қып-қызыл лаулаған алауды.

Сонда мен, достарым, үйренгем  
Қараға, қызылға қуана қарауды.  
Сонда мен, достарым, үйренгем  
Алғашқы жылт еткен жұлдызды санауды.

Мүмкін, мен өзім де, достарым,  
Сол туған жұлдыздың біреуі шығармын.  
Өйткені айтайын, достарым,  
Қарауға қызылға, жұлдызға құмармын.

*2 сентябрь, 1966*

## ТАУДА

Ішінде ақ қардай, аққудай шатырдың  
Жастанып тауды мен, киялда жатырмын.  
Тіл қатпас тасқа да,  
Мұң шақпас мұзға да,  
Құс қонбас құзға да  
Өзгеден жақынмын.

Тау үнін түндерде дамылсыз тыңдаймын,  
Өзім де мелшиген ана бір шыңдаймын.

Естимін улаған, шулаған ырғағын  
Аспанда жел тартқан керней мен сырнайдың.

Жел сайтан шулатып кернейді, сырнайды,  
Құздардың мұздарын қыздырып ырғайды.  
Шұбырта билетіп, жүгіртпек болады  
Төндіріп төменге мың қасірет, мың қайғы.

Төменде ұйықтаған астана қаланы  
Топанмен тұрғызбай тастамақ болады.  
Тастарды жойқын бір жорыққа бастауға  
Толқындар тасқынның дабылын қағады.

Сонда мен қысылып-қымсынып саспаймын,  
Қорқытша қобызды сарната бастаймын.  
Алысып желменен,  
Арбасып селменен,  
Шынжырлап тасқынды, тұрғызбай тастаймын.

Тулаған толқынды сырнайға билеген  
Бұғаулай беремін құдіреттей күйменен.  
Қуатын ақынның құдайлар білсін деп,  
Тастарды тағы да тастаймын тілсімдеп.

Сиқырын ақынның құдайлар білсін деп,  
Желді де жырыммен байлаймын тілсімдеп.  
Оятып күнді де жіберем ертемен,  
Қаламның көшесін аралап жүрсін деп.

...Ішінде ақ қардай, аққудай шатырдың  
Жастанып тауды мен, қиялда жатырмын.  
Тіл қатпас тауға да,  
Мұң шақпас мұзға да,  
Құс қонбас құзға да өзгеден жақынмын.

*3 сентябрь, 1966*

\* \* \*

Қара түн жайды да қанатын,  
Төнді кеп дүниенің үстіне.  
Океандай жарықты жоғалтты,  
Бір тамшы қалдырмай ішті де.

Жаңағы от толқын жарықты  
Сімірді ол, қалдырмай бір тамшы.  
Ілезде жолынан адасты  
Әне бір әндеткен жолаушы.

Шулайды аспанның бұлттары,  
Жабылып жарықтың қақпағы.  
Биікке от жақпақ болады,  
Тұтанса суланған шақпағы.

Жалп ете жығылды жел барып,  
Соқты да жартасқа маңдайын.  
Көлбақа отырған ойланып,  
Қағады өкініп таңдайын.

Сонда мен Қобыланды бабамның  
Садағын қолыма алдым да,  
Жанымның жалынды бір оғын  
Садаққа лаулата салдым да:

Түнекке аттым да жібердім...  
Жалыным жандырып барады.  
Сәлден соң оқ өткен тесіктен  
Күн маған сығалап қарады.

4 февраль, 1966

## ТӨРТ ЖОЛДАР

### I

О, аспанның аласапыран бұлттары,  
Түнермендер, төндірмендер уайымды.  
Жетпей жатса сайтанға атар оттарың,  
Алсаңдаршы менің нажағайымды!

### II

Жүрсем де кейде күйсіз көңілім мұңды,  
Достардан табам іздеп бақытымды.  
Сол бір кез — досым үшін сергіген шақ,  
Ашқаны зор бақыттың маған құшақ.

### III

Кейде отырсам сыпайы, жақсы болып,  
Кейде кеткім келеді бақсы болып.  
Қиын істер бастауға қиналамын,  
Керегінде шабытым тапшы болып.

### IV

Тірек болам деп жүрсем теректей-ақ,  
Барлық жұртқа мен ғана керектей-ақ,  
Құдай емес, қоянның бірі екенмін,  
Әуре болып әншейін жүр екенмін.

### V

Ағасы жаратылса бардан-жоқтан,  
Інісі жаратылған жанған оттан.  
«Аға ақылды болуға тиісті», — деп  
Үлкенсымақ кішіге айтар тоқтам.

### VI

Білемін, адам оңай жыламайды,  
Ешкімнен арзан құрмет сұрамайды.  
Ерліктің төзім менен анасы жер,  
Жер басып тұрғанда адам құламайды.

### VII

Біреулер манаурап шуаққа жылынғыш,  
Біреулер сұранып боранға ұрынғыш,

Біреулер берілгіш тыншытпас ойларға,  
Біреулер бақытты мысықша тойғанға.

### VIII

Біреудің әсем көңілі құштарлықта,  
Біреудің бәсең пейілі іштарлықта.  
Жақсының жарқылдаған жаны жомарт,  
Жаманның жаны бейім дұшпандыққа.

### IX

Мен жерімде тауымның бір тасымын,  
Орманымның бірге өскен құрдасымын.  
Сыбырлаған құрақтың сырласымын,  
Күбірлеген бұлақтың мұндасымын.

### X

Ағады өзендер тұнғанша,  
Шабады семсерлер сынғанша.  
Жанады жарықтар сөнгенше,  
Қимылдар алыптар өлгенше.

\* \* \*

Намысым ұйқы таба алмай,  
Дөңбекши берем төсекте.  
Жағамнан келіп алардай,  
Жармасып бықсық өсектер.

Табыттан қатты мұндайда  
Мамықтан жұмсақ төсектер.  
Сезесің қоршап тұрғандай  
Пысқырған өңшен есектер...

Келсе көздің алдына  
Осындай небір келбеттер:  
Ана бір ұзын тұмсықтар,  
Мына бір жуан дөңбектер.

Тезірек ұйқым келсе екен,  
Шошынған ойды бөлсе екен,  
Елестер мына сөнсе екен,  
Тыныштық маған берсе екен.

14 сентябрь, 1966

## УАҚЫТ

Уақыт та судай ағады,  
Өтеді дайым сезілмей.  
Тек сағат қана соғады  
Шыдаған өрең төзімдей...

Соғады тық-тық тынбастан,  
Отырмын бағып тұрмастан.  
Өзімен өзі сырласқан  
Үңіліп маған тұрды аспан...

Айрылдым талай құрдастан,  
Келемін өзір сынбастан.  
Алыста жатыр іздерім  
Ақ селеулер мен құм басқан...

Өткені қанша уақыттың,  
Келері қанша жалғаса...  
Берері жоқ қой уақыттың,  
Таласып өзің алмасаң.

*23 июль, 1965*

## БАЛАМ МЕН ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Балам менің қайнап тұр самаурындай,  
Мен отырмын қасында сал аурудай.  
Ол ойлайды молайған думан-тобын,  
Мен ойлаймын азайған санаулымды.

Ол ойлайды кетсем бір, келмесем деп,  
Тозған әке тұлғасын көрмесем деп.  
Мен ойлаймын қашан ол оралғанша,  
Көзім көр боп, күйіктен өлмесем деп.

Ол ойлайды сарқыла сермесем деп,  
Сыбағасын жігіттің бермесем деп.  
Мен ойлаймын түбі бір есің кіріп,  
Өз қолыңнан кеткендеп жерлесем деп.

*1 август, 1965*



## ЖАСЫҢДА БОЛМАСАҢ АҚЫЛДЫ...

Жасында болмасаң ақылды,  
Сүймесең достарды, жақынды.  
Егделік жасына жеткенде,  
Қайтара алмайсың қапыңды.

Жасында болмасаң жүректі,  
Сындарға салмасаң білекті,  
Егделік жасына жеткенде,  
Таппассың таянар тіректі.

Жасында жарықты сүймесең,  
Сүймессің қарттықта жаңарып.  
Көңілсіз күңгіртте жатарсың,  
Көртышқан секілді қамалып.

*19 июль, 1965*

# ДАСТАНДАР

---

## АҒАЛАР ТУРАЛЫ СӨЗ

### I

Шаршадым рас, алпыстан асу оңай ма,  
Әйтсе де бүгін тізгініме әлі берікпін.  
Көзәйнектің плюсы тіпті молайды,  
Көзімнің отын шығынға біраз беріппін.

Иә, шығынсыз өмір сүрерсің қалай оп-оңай,  
Шығынсыз өмір — шығымсыз өмір демей ме?  
Қанша рет қолдан өлтірдім екен алқымдап  
Шығамын деген жүректі сөзді көмейден!

Мықтылық керек еркекке дайым өмірде,  
Өзіңді жеңер мықтылық керек әуелі.  
Өзіңді өзің жүгендеп ұстай алмасаң,  
Кетеді бастап өмірдің небір әуені.

Әуендер көп қой саздары жанға тиетін,  
Шақырса сені солардың бірі биікке,  
Ал екінші әуен көзіңді байлап жетектеп,  
Лақтырар сілкіп шыңырауға сонау биіктен.

Мықтылық керек адамға дайым темірдей,  
Өзіңді билер мықтылық керек әуелі.  
Өзіңді күзет, өзіңді теже ерінбей,  
Тани біл, досым, таңдай біл өмір әуенін.

Мықтылық керек адамға сынбас емендей,  
Өзіңді билер мықтылық керек, жігіттер,  
Көзіңді билер мықтылық керек, жігіттер,  
Төзімді билер мықтылық керек, жігіттер!

Ең мықтылардан үйрену керек әманда,  
Тәжірибе деген қашанда қажет адамға.  
Біреуге беріп, біреуден алмай бола ма,  
Жүрген соң жасап адамзат деген қоғамда.

Қарашы, өне, Имантай ұлы Қанышқа,  
Болашақ үшін болдырғанынша алысқан.  
Көргісі келіп ертеңінің қандай боларын,  
Қарап тұр әлі жіберіп көзін алысқа.

...Есімде менің бейнесі сонау Қаныштың  
Құйынмен бірге үйіріле кезген даласын.  
Жүзімен оның балауса күннен таныспын,  
Өтіпті-ау соған жарты ғасырдай шамасы.

Тыңдайтын жердің тереңнен жеткен дауысын,  
Ұғатын тілін сыңғырларынан металдың.  
Алтындар, мыстар кезекпен сөйлеп жарысып,  
Баяндаушы еді қат-қабаттарын Отанның.

Тотығып Қаныш аңызағынан даланың,  
Сіміре жұтып сусынға қазақ шалабын,  
Он жылдар бұрын ұсынып қойған жоспарын  
Кеңгірді бойлап өсетін жаңа қаланың.

Көрген жоқ Қаныш өз басын ғана ойланып,  
Отырған емес жан күйттеп титтей жайланып,  
Күн сайын тастар шағылып қанттай жататын,  
Күн ұзақ алмас қашаулар тынбай қайралып.

Не деген көп сан!  
Емес ол ұсақ қиқымдар,  
Сөз сөйлеп бейне жатқандай жерде сиқырлар,  
Ұрпақтың ертең алатын темір салмағын  
Айтатын елге Қанекен жазған цифрлар.

Цифрлар қандай, миллиард-миллиард тонналар!  
Қазағым сақтап жеткізген бізге қордалар.  
От беретін де бар, оқ беретін де бар,  
Отанға керектің бәрі сонда бар.

Сондайда Қаныш ұйқысы шайдай ашылып,  
Тұратын түнде төсектен тура асығып,  
Керіліп тұрып қарайтын түнгі аспанға  
Туған аспанға жұлдызы жатқан шашылып.

— О, аспаным, жұлдызды менің аспаным,  
Менің оттарға толы, шоқтарға толы аспаным,  
О, менің туған далам,  
Зеңгір тауларым,  
Ормандарым,  
Тек сендерге ғана құрбандық болғай жас шағым.

Тек сендерге ғана арналғай барлық жас шағым,  
Барлық өмірім менің, барлық болашағым,  
Тек саған қиылсын, саған құйылсын қаным,  
Менің меһірбаным — менің алтын ошағым! —

Дейтұғын Қаныш,  
Қуанып кейде жылайтын,  
Тағдырдан ол тірлікті ғана сұрайтын,  
Күн ұзақ Қаныш, жыл ұзақ Қаныш қимылдап,  
Қанша рет сынып құлайтын жерде шыдайтын.

Есімде менің өткізген түнім сол күндер:  
Айлы түн еді, жағасында едік Кеңгірдің.  
Шаршаған аға алсын деп көздің шырымын,  
Өзім де жаттым, оны да әрең көндірдім.

Жатқанбыз қатар, кенеттен күліп жіберді:  
— Тұрыңыз, Әбес, ұйықтамай өтірік, түр енді!  
Ән айтайықшы, өзеннің бойы жаңғырсын,  
Сілкіндірші бір, қатырмай босқа сілемді.

Бастады өзі күмбірлеп қоңыр үнімен,  
Қосылып кетті Арқаның мөлдір түнімен.  
Аңсады жігіт сағынтқан сонау Хорланын,  
Жап-жарық сырын жасырмай жақын ініден.

«Хорланым менің, Хорланым!» деді сол түнде,  
Сілкінді сонда Қанекем, ғажап сілкінді.  
Құшақтай алғам ағатайымды бауырым деп,  
Тоқтата қойып жаңағы жеңіл күлкімді.

Не деген ғажап сағыныш еді сол түнгі!  
Бауырым менің неліктен сонша сілкінді?  
Үнінен оның үзіле жаздап жүрегім,  
Көзімнің жасы төгіле жаздап, іркілді.

Көзімнің жасы төгіле жаздап, іркілді,  
Ұмыта алмаспын сондағы сұлу бұл түнді.  
Ән болмас, сірә, қыз болмас, сірә, Хорландай,  
Тағы бір, бауырым, қайталар ма едің шіркінді!

Жап-жарық сырын жасырмай жақын ініден,  
Хорланның айтты қоңыраулы даусы түнімен.  
Тыңдадым ұзақ ғашығын іздеп жылаған  
Мәжнүннің әнін Мәжнүннің отты мұңымен.

Батырдық айды, шығардық күнді лаулаған,  
Қанекем, өне, батырдан титтей аумаған,  
Өзеннің салқын суына сүңгіп алды да,  
Жарқырап жүзі, қарады күліп ол маған...

Содан соң кетті тағы да кезіп Арқаны,  
Толтырған тасқа қапшықтар менен қалтаны.  
Уақытты түгел белгілеп қойған минуттап,  
Сол минуттарды жетіспей ме деп қорқады.

Далаға Қаныш, Қанышқа дала жарасқан,  
Қосылған талай, қоштасып талай тарасқан.  
Қондырамын деп, дәм беремін деп үйінен,  
Талайын көрдік қазақтың оған таласқан.

Талайды көрдік арыз да жазған жамандап,  
Жауыққан жандар жанығушы еді танаулап.  
Қызғаншақтардың қадалып қызыл көздері,  
Қаныштың қанша қалғаны бар-ды арандап.

Мықты еді Қаныш, жатпады бірақ арандап,  
Ұмытты көбін арыз жазғанның жамандап.  
Достар мен тостар қағысып жүріп қуанды ол,  
Өзі де аман, Жезқазғаны да аман қап.

Тотығып Қаныш аңызағына даланың,  
Тұлғасын сақтап далалық дарқан дананың,

Әнеки, ол тұр гранит сауыт киінген  
Кең алаңында жаңадан туған қаланың.

Әнеки, ол тұр гранит сауыт киінген,  
Аздап шалдыққан, қабағы да аздап түйілген.  
Сонда да оны мызғыта алмайды орнынан  
Ең күшті дауыл ауыр тастарды үйірген.

Кенгірден бұрын ағатын еді су ғана,  
Ағады бүгін сап-сары металл шулаған,  
Ағады бүгін қып-қызыл металл тулаған,  
Отты әндер туды мың жылдар бойы тумаған.

Отты әндер туды — мың жылдар бойы тумаған,  
Жырлаймыз бүгін тасқынын металл шулаған.  
Жаңа қалада жаңа адам өсті Қаныштай  
Мыс пен темірді қамырдан оңай тураған.

Қанеки, достар, шырқайықшы бір отты әнді,  
Қояйық былай ән менен сөзді жаттанды.  
Жазайықшы бір көкпеңбек мөлдір аспанға  
Алтын бояумен Сәтпаев деген аттарды!

## II

Ең мықтылардан үйрену керек әманда,  
Тәжірибе деген қашанда қажет адамға.  
Біреуге беріп, біреуден алмай бола ма,  
Жүрген соң жасап адамзат деген қоғамда.

Қарашы, өне, Омарханұлы Мұхтарға,  
Емеңдер ғана осылай өсіп шықпай ма!  
Айта қойшы өзің, білмейтін оны жұрт бар ма?  
Тимесін көзің, тек, жаным, оған сұқтанба.

Қызығып қара, қызғанбай қара, сұқтанба,  
Не пайда саған сұқтанып оны жыққанда.  
Болмасаң өзің, бола алмадым деп жата бер,  
Біреуді соғып, біреуді жығып шықпа алға!

Не тапты қазақ Құлагерді ұрып жыққанда?  
Ұят-ақ болды-ау көршілес мына жұрттан да.

Сұмдықты қарғап жылап жүр әлі сорлы Ақан,  
Қанатын қиып, діңкесін оңай құртқанға.

Тастайықшы енді әдетін кейбір ескінің,  
Ескілік елдің бұзады-ақ екен кескінің.  
Не керек бізге аяулыларды кескілеп,  
Не керек бізге дарақыларды бөстіріп.

Мұханның дауысы тұр маған әлі естіліп,  
Бір де бір сөзі тотығар емес ескіріп.  
— Әбділда, қалай, амансыздар ма? — деп күнде,  
Телефон соғып қоятын еді-ау кешкілік.

Одан соң біздер кездесе қалып іңірде,  
Отырушы едік оңаша ғана көңілді.  
Әңгіме кейде ұзаққа тартып желісін,  
Қос бөтелкені қоюшы ек тартып кемінде.

Жататын ауыр қорғасын ойлар көңілде,  
Кететін сонда айналып тез-ақ жеңілге.  
Осындай тұста тиетін себі болмаса,  
Шараптар қалай сиысар еді өмірге.

— Тамаша болды-ау, — дейтұғын Мұхаң күлімдеп,  
Жарқын-ақ еді жасыра алмайтын сырын көп.  
Кенеттен кейде күдіктерін де айтатын:  
— Мынау ғой — досым, ал мынау менің кімім? — деп.

Алыстармен де араластығын үзбейтін,  
«Өткенде бармыз, ертең де бармыз біз» дейтін.  
Орала түссе көңіліне күнсіз бұлтты ойлар,  
Серпілу үшін достарын ғана іздейтін.

Қалатын кейіп, сәл ғана барсаң кешігіп,  
Ұрсатын әбден өтетін жандай өшігіп.  
Одан соң Мұхаң ілезде қайта өзгеріп,  
Сұрайтын өзі қатты айтқанына кешірім...

Кететін кейде тоқтамай сөйлеп көсіліп,  
Көшкендей бұлттар оқиғаларды көшіріп.  
Шыңғыстың бойын бөктерлеп барып тоқтайтын,  
Қиядан ұшқан қыранға қарай тесіліп.

— Қырандар, шіркін, ұшты ғой талай қырандар,  
Өжеттік сырын қыраннан ғана сұраңдар,  
Қақыраған қыста тасына күздың түнейді,  
Боранды түнде сезбейді-ау батыр үрейді.

Сорғалап оның аққаны қандай аспаннан,  
Бір кезі жоқ-ау жауынан құрттай жасқанған.  
Суылдап көктен зымырап келе жатқанда,  
Көкжалдың өзі арсалаң қағар сасқаннан! —

Дейтұғын Мұхаң ала алмай көзін қыраннан,  
Қыранды көріп, шығатын әбден құмардан.  
Өзі де Мұхаң ширығып сонда қалатын,  
Ашылып көзі, арылып көңілі тұманнан.

Ашылып көзі, арылып көңілі тұманнан,  
Көретін небір ғайыптың отын шығаннан.  
Еститін небір өзгелер ұқпас үндерді  
Жаңбырдан кейін жас көбелектер шығарған.

Ашылып көзі, арылып көңілі тұманнан,  
Айнымай өзі шығандап ұшқан қыраннан,  
Баратын сонау аталар өткен заманға,  
Суретін салып беретін соның маған да:

Әнеки, Абай шоқыға шығып қарайды,  
Жас толған көзі көруге қалай жарайды?  
Күрсініп еді, жаңғырық қоса күрсінді,  
Күңіретіп кетті күйзелген мына маңайды.

Будақтап шаңдар өрт күнгі кара түтіндей,  
Барады басып бөктерін таудың бүтіндей.  
Жауыққан қазақ жайрата шапты бір-бірін,  
Құдайдың өзі кесіп бір қойған үкімдей...

Қарап тұр Абай. Көзінен жасы тамады,  
Бұл неткен халық? Мұның кім емін табады?  
Бауыры жара, көңілі нала ақынның  
Өртеніп іші, өзегі талып барады..

— Көрдің ғой, қалай? Жетті ме саған, ұнай ма?  
Қуланбай айтшы, қарамай айтшы сыңайға. —



Деп Мұхаң менен шынымен пікір сұрайтын,  
Ақкөңіл жан ғой, әйтпесе, менен сұрай ма?

Ақкөңіл еді-ау, баладай еді-ау мінезі,  
Болмашы-ақ жерде өкпелеуші еді ілезі.  
Ал сынасқан жерде халқымның шығып атынан,  
Мың данышпанға беретін төтеп бір өзі.

Қуатты-ақ еді, шаршауды тіпті білмейтін,  
Думанды тойда түн ұзақ көзін ілмейтін.  
Қуанған жұртқа қуаныш қосса болғаны,  
Қайғыны көрсе, шошынып, реңі кірмейтін.

Есімде әлі, сонау бір жылғы көктемге  
Жеткенбіз әрең — қанымыз қашып беттерден.  
Көріп-ақ тұрып даланың майса гүлдерін,  
Демедік бірақ қаһары қыстың өтті енді.

Қорықтық па сонда?

Білмеймін не деп атауға,  
Білмеймін қалай шыдадық екен қаһарға.  
Көбіміз кетіп, азымыз қалып селдіреп,  
Сілеміз қатып тұрыппыз әрең қатарда...

Қорықтық па сонда?

Кім білсін... бірақ қиналдық,  
Қинала жүріп жалғандыққа да иландық.  
Тереңде жатты, керең боп жатты көп ойлар,  
Бірақ ол емес өлімге досты қиғандық...

Көгерді дала, ағарған қарды ұмыттық,  
Адам да кейде болады екен ғой бір жұттық.  
Ұмыта алмадық достарымызды айрылған,  
Айыға алмадық қанжардай тиген қайғыдан.

Мұхаңның шашы селдіреп қапты ағарып,  
Менен де кетті, кете алмай жүрген балалық.  
Жиналған шақта иесіз қалған орынды  
Естіртпей ғана егіліп іштей санадық.

Қызық қой уақыт күтпеген кезде ауысқан,  
Біреулер ғұмырын бастамай жатып тауысқан.

Кеше бар досың жоғалған оттай бүгін жоқ,  
Сақталады екен құлақта бірақ дауыстар...

Көгерді дала, шуағын алдық көктемнің,  
Арманы бар ма көктемге жылда жеткеннің.  
Қаладан ұзап, келеді Мұхаң ауылға,  
Қызығын көріп қып-қызыл гүлді бөктердің.

Келемін мен де ағаның басқан ізімен,  
Көремін ойлар көлеңке түскен жүзінен.  
Көзіміз мынау қып-қызыл гүлді бөктерде,  
Көңіліміз сонау өткендер менен кеткенде.

Келеміз тежеп тізгінін жүйрік аттардың,  
Теңізін кешіп гүл болып жанған оттардың.  
Жұлқынған жаным «шу!» деуге жақын жүйрігін,  
Апырмау, қалай атылмай енді тоқтармын?

Апырмау, қалай атылмай енді тоқтармын,  
Қанша рет қанат қомданып барып тоқталдым.  
— Қалайша, Мұха, ат басын тежей аласыз  
Ішінде мынау қып-қызыл жанған шоқтардың?!

Қалайша, Мұха, ат басын тежей бересіз,  
Шаба ма десем, аяңдап қана келесіз.  
Арылшы, Мұха, сергіші сұрғылт ойлардан,  
Ағайықшы бір жарыса желмен егесіп!

— Солай ма? — деді. — Ендеше, жігіт, берік бол!  
Көрейін байқап, шыдасаң, маған еріп көр.  
Шапқан соң, досым, бұлтаққа салу болмайды,  
Жүйріктің басын аянбай ағыт, ерік бер.

Ал тарттық! — деді.  
Ағыттық басын аттардың,  
Желігі қандай жеп-жеңіл кезде шапқанның!  
Ағамен бірге сырыңды сыртқа ақтарып,  
Қызығы қандай дауыл боп бірге соққанның!

Сүздірген желге жал менен құйрық, кекілді,  
Жылқы емес бұлар, қанатты құстар секілді.

Жазыққа шықса — жүйріктер бауыры жазылып,  
Ойпатқа түссе — ор қоян болып секірді...

Далам-ай менің, шабысқа жайлы далам-ай!  
Далада шапсақ, кетеміз жайнап баладай.  
Жел деген мынау ұшырып бізді барады,  
Көңіліміз тасып, кеудеміз күйге толады.

Тартатын емес тізгінді Мұхаң, түсіндім,  
Келемін көріп ұшқанын қыран құсымның.  
Қазақтың желі қанат боп оны көтерді,  
Құс болдың, аға,

Қонбай-ақ жерге өт енді!

1972

## ОРКЕСТР

### I

Бурадай көкала бас, бурыл сақал,  
Ертеден елге мәлім Еспембет шал.  
Өңгеріп домбырасын, басса перне,  
Қу ағаш қос ішектен төгетін зар.

Құшақтап мәңгі жолдас домбырасын,  
Ақ үйде көлеңкедей иіп басын;  
«Қандай күй бәйбішеге ұнар екен,  
Білейін, болса рұқсат, өз ықыласын», —

Дегенде, күлімсіреп бәйбіше де,  
Назданып, тасығандай әлденеге:  
— Тартыңыз мен сүйетін бұлбұл күйін, —  
Деп, рұқсат береді екен күйшіңізге.

Кетеді сонда жылжып жүйрік бармақ,  
Төгіліп домбырадан күйлер андап.  
Талдырып тыңдаушысын ұйытады,  
Салғандай жүрегіне темір қармақ.

Күйші де жұмып көзін, терге батып,  
Орманға тыңдаушысын аралатып,  
Ұшырып домбырасын қанат байлап,  
Бұлбұлдай жібереді ән сайратып.

Ұшады сонда бұлбұл қанат қаққан,  
Сайраған, тамылжыған, таңырқатқан.  
Таңдайды қара орманнан әдемі гүл,  
Іздейді дамыл таппай шар тараптан.

Таппаса іздегенде сүйген гүлін,  
Толғатып, толғауратқан созып үнін.  
Тарығып, тақылдатып, таңдай қағып,  
Төгеді тәтті үннен зарлы мұңын.

Артынша өзгертеді тағы да үнін,  
Көрсетіп күйіменен жүрек шынын.  
Шығады қуанғандай шаттық даусы,  
Дегендей: «Таптым сені, сүйген гүлім!» .

Сол кезде сықылықтап күліп бұлбұл,  
Байқасаң салып құлақ, бітеді тіл.  
Күй менен құс шешені жайып қанат,  
Жас гүлге жақындасып айтады сыр.

Кіргенде құшағына бұлбұл гүлдің,  
Көрпесін жамылғанда сұлу түннің,  
Баяулап, сөніп бәсең, тоқтағанда  
Сарыны сайрап тұрған күй мен жырдың,

Бәйбіше күйші қартқа көз жіберіп,  
Сәнденіп, самарқаулау түрегеліп:  
— Тартпаңыз ақ ордамнан өзге жерде, —  
Дейді екен, сырлы аяқпен қымыз беріп.

Күйші қарт ашып сонда жұмған көзін,  
Алдында бәйбішенің көріп өзін,  
Қусырып екі қолын, шұлғып басын,  
Мақұлдап міңгірлейді айтқан сөзін.

Қалың ел есту үшін күйге ынтыққан,  
Кіре алмай ақ ордаға, тыңдап сырттан,  
Дауысы домбыраның басылғанша,  
Тарқаспай, үй сыртында отырысқан.

Маңайлас ақ ордамен қара лашық,  
Тоқтам жоқ кім кірсе де, есік ашық.

Қыраудай ақ сақалы бір шал отыр,  
Қобызбен қолындағы сыбырласып.

Қобыздың қос құлағын кезек бұрап,  
Күй беріп, қыл ішекке салып құлақ,  
Толғанып, терең оймен тебіренгендей:  
«Әлеумет, не тартайын?» — дейді сұрап.

Қиылып, қоршаған жұрт шалдың үйін,  
Көз тігіп, күйшісінің күткен сыйын.  
Қосылып бір дауыспен етіп тілек:  
«Тартыңыз, қадірлі қарт, «Аққу күйін!» —

Дегенде, сарнап қобыз күңіренген,  
Қосақтан күй дегенің қойдай өрген.  
Құйқылжып, тыңдағанда көкей кесіп,  
Өлген жан көтергендей басын көрден.

Кейде күй нөсерлеткен, топандатқан,  
Шалықтап кейде аспанға қанат қаққан.  
Бір кезде қыл ішектер тарсыл қағып,  
Естілген жүрген жүріс желген аттан.

Шал күйі — қобыз қылы мініп атқа,  
Жөнейді көлден аққу ауламаққа.  
Тырс етпей тыңдаушылар қарасады  
Дүбірлеп ат жүрісі шыққан жаққа.

Ертеде болған екен жетім бала,  
Ойы өткір, сезімі артық, ақылы дана.  
Қолында кәрі шеше, қарындасы,  
Бір үйде бас көтерер өзі ғана.

Жалғыз үй құба жонда қалған елден,  
Серігі шиті мылтық, өзі мерген.  
Аралап жапан түзді күн-түн қатып,  
Өнері аққу ату айдын көлден.

Еңкейіп күндей батып шөккен кемпір,  
«Аһ!» ұрып қабырғасын сөккен кемпір,  
Жалынып жалғызына жәрдем сұрап,  
Көл қылып көздің жасын төккен кемпір.

Бал ашып жоқты болжап құмалақпен,  
Қуанып пешенесі шықса бестен,  
Сарылып жас мергеннің жолын күтіп,  
Сәждеде Тәңірісіне тілек еткен.

Жас мерген анасының білген зарын,  
Намазда төгіп жасын, зарланарын,  
Жүргенде құла түзде еңіреп жетім,  
Жуады көз жасына орамалын.

«Егесі бар әлемнің болса Тәңірі,  
Қүдіретпен жарылқаса сорлы жанды, —  
Қалайша естімейді, — дейді бала, —  
Үй-түзде екі жақтап зарлағанды?».

Деп кезді көлден көлді бала мерген,  
Атуға кездескей деп аққу көлден.  
Айнадай айдын көлдің жиегінен  
Ақыры қос аққуды көзі көрген.

Көк жиек көмкерілген, мөлдір аспан,  
Көгілжім көлдің бетін бояу басқан.  
Қалықтап сәулесіндей сұлу күннің,  
Қалқып жүр аққу құстар сыңқылдасқан.

Көргенде қуанғаннан күлді бала,  
Боларын бір күн тамақ білді бала.  
Бетке ұстап көк құрақты, аттан түсіп,  
Аққуға бүкшең қағып жүрді бала.

Қаңқ етті сәлден кейін қара мылтық,  
Селк етті көл де бірге суын іркіп.  
Қаңқылдап егіз аққу көтерілді,  
Қаңырап қалды мылтық суға бүркіп.

Оянып сықылықтап жатқан толқын,  
Мазақтап бір жағынан жаңғырып жын,  
Суылдап қанаттары кетті құстар,  
Жаудырып жас мергенге қайғы бұлтын.

Не керек айта беріп одан әрі,  
Өртенді ызаменен жастың жаны.

Тамшылап көзден жасы ат жалына,  
Ойменен бөтен жаққа көз салмады.

Балғын қыз көптен күткен жан ағасын,  
Көргенде қурап келген қанжығасын,  
Үміттің үзілгендей нәзік қылы,  
Көзінен моншақтатып төккен жасын.

Аш қыздың жылағаны, зарлағаны,  
Төгіліп көзден жасы парлағаны;  
Еңкілдеп, бір жағынан, еңіреп кемпір —  
Тәңірісін күйінгенде қарғағаны...

Сөйлейді бәрін қобыз қоңыр күймен,  
Естіліп жылаған қыз дауысы күйден.  
Қаңқылдап аққу күйі тоқтағанда,  
Тарқасқан жиналған жұрт шал үйінен.

Күй тыңдап қобызшыдан, кетсең шығып,  
Шал үйі қара лашық қалса бұғып,  
Құла түз, жылауық жел, сардаламен  
Жөнелсең көк жиекке көзді тігіп, —

Көресің құм басынан бір баланы,  
Туғаннен еткен мекен айдаланы.  
Таң атып, күн батқанша естігені  
Қойлардың маңырағаны, жамырағаны.

Езілген ұлтарақтай өмір жасы,  
Баққан қой жалғыз ғана жан жолдасы.  
Қол тиіп «Аққу» күйін тыңдай алмайд  
Көз нұры — қобызшының өз баласы.

Құм көшіп, қозғалса шөп сол далада,  
Соқса жел, тіл бітірсе айналаға,  
Көршісі қасындағы — қурай әнін  
Тыңдайды тосып құлақ қойшы бала.

Зарлайды мұнды қурай неге налып,  
Жылай ма, қайғыра ма жалғыз қалып?  
Жоқ әлде қозғамақ па қойшы күйін,  
Жабыңқы жас балаға қиял салып?

Әйтеуір, аса зарлы қурай әні,  
Ұйытқан, бұйықтырған жас баланы.  
Көз қойда, құлақ әнде ызыңдаған,  
Сезілмейд тапжылғаны, қозғалғаны.

Бір кезде бала қойшы мойын бұрып,  
Ән шыққан жерге жылжып баяу жүріп,  
Сындырып боз қурайдан сыбызғы істеп,  
Өз күйін сарнатады жалғыз тұрып.

Алған соң адам қолға боз қурайды,  
Күйменен қосарланып тіл сайрайды.  
Жел күйі ызыңдаған қалып сыртта,  
Терең сыр жүрек тербеп, қанды айдайды.

Ащы зар құба жонда безілдеген,  
Жегідей тыңдаушының жанын жеген.  
Жас бала сардаланы тербеткенде,  
Жас қалмас егілмеген, төгілмеген.

Қойшыңыз сыбызғымен күй шалғанда,  
Қосылып мұңды күймен сарнағанда,  
Жететін бар арманы, қайғы-зары  
Алыстан салып құлақ тыңдағанға:

«Күйім менің мұң мен зар,  
Зармен сарнап айттым жар.  
Сыбызғымен сөйлесем,  
Көзден жасым тамшылар.  
Ей, бұйра құм, кең дала,  
Тыңда, маған құлақ сал!  
Тыңда, оян, бас көтер,  
Тыңдататын сөзім бар.  
Жапанда жалғыз жапалақ  
Болуға қанша жан шыдар.  
Болар ма екен күн туар,  
Сордан маңдай аршылар?!  
Құм қойнында көп екен  
Сыбызғы тартқан малшылар,  
Серігім мұңды қоңыр жел,  
Сен де маған құлақ сал!



Сол малшыға, жалшыға  
Сәлемімді алып бар!  
Тартсын менің күйімді  
Қобызшы атам, сорлы шал.  
Тыңдасын жұрт, ұғынсын,  
Тудыралық бір жанжал.  
Ащы зардан шықса кек,  
Бұзылмас па тас қамал!  
Жаңармас па лашық,  
Қирамас па ордалар!  
Көгермес пе кең өріс,  
Қуанбас па жатқан мал!  
Сонда тілек табылар,  
Сонда жаңа ән шығар!  
Сонда қобыз, домбыра  
Сыбызғымен қосылар,  
Қосылса, күй жосылар!..».

Мұңды күй сыбызғыдан көкей кескен  
Таралып кең далаға желдей ескен.  
Оянып ұйқысынан шал мен кемпір:  
«Зарлатқан сыбызғыны бұл кім?» — дескен.

Сол кезде қобызшы шал көтеріп бас,  
Көзінен тамшылатып ағызып жас,  
Қобызын іргедегі алған қолға,  
Тартуға «Топан» күйін қойып ықылас.

Тартқанда «Топан» күйін топандатқан,  
Естілген күшті сарын тас құлатқан.  
Арқа, Сыр, Алтай, Орал сілкінгендей,  
Шанағы қыл қобыздың дабыл қаққан.

Қыл ішек өрістен қой жамыратқан,  
Қоршаған тыңдаушысын жадыратқан.  
Қыздырып «Топан» күйі қызық майдан,  
Естілген ұлы сарын шапқан аттан.

Шал күйін бай да ордан тыңдап жатқан,  
Түнерген қара бұлттай қабақ жапқан.  
Қалтырап ақ ордасы қозғалғанда,  
Қайғырып, шайқап басын, таңдай қаққан.

Шолыдым тербеп қиял өткен күнді,  
Күйшімен зарыққан күй улы өмірді,  
Бүгін күй күйшісімен бас қосқанда,  
Жырлайын енді жаңа оркестрді.

## II

Оралдың сыбызғысы, қобыз Сырдан,  
Күйттеулі домбыра да келген қырдан.  
Сайрарлық салтанатпен бас қосыпты,  
Арылып жүрек кескен ауыр мұңнан.

Домбыра, қобызбенен жаңаланған,  
Емес қой сыбызғы да бос қурайдан.  
Ән мен күй елмен бірге жасарғасын,  
Бұларды дей көрмеңіз «шыққан қайдан?»

Күйші шал, домбырашы, қобызшы шал —  
Күйменен қайта туып, жаңарғандар.  
Жеткізген ескі мұра біздің күнге  
Ішінде оркестрдің бұлар да бар.

Жас күйші, домбырашы, қобызшылар —  
Жиналып жұрт алдына шықса бұлар,  
Солардың ортасынан көз тартады  
Тарихпен ескі жолдас ақсақал шал.

Көргенде жауған қардай шалдың шашын,  
Ортаға ұсынған соң өз мұрасын,  
Қол соғып, қошеметтеп қуанамын,  
Тұрғандай ескі тарих иіп басын.

Жастың да, көрінің де қосқан басын,  
Жаңартқан қобызы мен домбырасын.  
Бастаушы — замананың өз адамы,  
Өнерпаз жас дирижер жан жолдасым.

Ашылды әне перде театрдан,  
Дыбыс жоқ, жүрген жүріс, шу басылған.  
Тыңдайық біз де бірге қалың елмен  
Дауысын күшті күйдің шыққан тыңнан.

Жосылды жойқын дабыс сахнадан,  
Аққандай тасқын өзен кең арнадан.  
Таңданып, тамашаға батысады  
Тыңдауға театрға толған адам.

Басқарған жас дирижер көсіп қолын,  
Күйлердің сала-сала ашып жолын.  
Кулетіп көз алдыңнан өткізеді  
Тарихпен таныстырып жиын-тобын.

Қаңқылдап «Аққу» үшса күйді бастап,  
Артынан «Қора жорға» шықса ойқастап,  
Шоқаңдап көз ұшынан елестейді  
Мертігіп қалған киік оқтан ақсап.

Одан соң шықты бір күй оркестрден,  
Сипаттан жеткізе алман айтып тілмен.  
Тек қана жас жүрегім қуанады  
Бір соғып оркестрден шыққан үнмен.

Тым бөлек күй сарыны құлақ жарған,  
Сыңсыған емес зарлы, жабырқанған.  
Дабысы қалың отряд қозғалғандай,  
Екпіні соққан желдей құлақ шалған.

Күй дауысы — көкте күшті аэроплан,  
Құрыш құс, жайған қанат, ұшқан қыран.  
Шарықтап, жауды алыстан болжағандай,  
Құлаққа үн тигендей моторынан.

Күй дауысы зеңбіректер атылғандай,  
Үркітіп тиген жауын қашырғандай,  
Атқан оқ нажағайдай сызып бұлтты,  
Қайратын айбатымен асырғандай.

Күй дауысы атты қосын қаптағандай,  
Отанды шабуылдан сақтағандай.  
Ойнатып өткір найза, кескір қылыш,  
Дұшпанын тап бергенде таптағандай.

Оркестр қалың елін ерлендірген,  
Қанына тыңдаушының күш жіберген,

Баурайын асқар алып Алатаудың  
Шалқыған ерлік күймен безендірген.

Мен бөлекпін. Жаңарған тудым елден,  
Бойым аулақ әлсізге қазған көрден.  
Сондықтан күйім дарқан, күйшім балуан,  
Ақынға күй үйреткен, қайрат берген.

Күй шығар әлі талай оркестрден,  
Туғызған оркестрді жаңа өмірден.  
Жырлармын мен де талай жаңа күйді,  
Қалдырмай қаламымды ұшқыр тілден.

1935

## АБЫЛ

Ертерек, ескі Каспий жағасында,  
Қазақ пен түрікпеннің арасында  
Ұшқыннан өрт тұтанып, қан төгіліп,  
Кез еді жөн таппаған жарасуға.

Босамай ат белдеуден, найза қолдан,  
Жол баққан торушылар оң мен солдан.  
Ащы айқай аттандаған жетсе келіп,  
Қарумен қамданбаған қалмады жан.

Бір жеңіп, бір жеңіліп екі жағы,  
Жортуыл жонға симай тұрған шағы.  
Құйыны қуғыншының күн көрсетпей,  
Жүйріктің жер соғады толарсағы.

Күндерде бір жорықта сол заманда,  
Егесіп ер түрікпен аттанғанда,  
Жауынан бір жігітті тұтқынға алып,  
Қайтқан соң табыстардан тартты сауға.

Кезінде кешкі салқын жұрт жиналған,  
Далаға үй сыртына кілем жайған,  
Ортада оттай жанған отырды қарт  
Сөзіне ұлдарының құлақ салған.

Құрметтеп қоршағандар сүйген шалын,  
Айтты олар ерліктерін — қимылдарын.  
Мақтасты шаң шалмайтын жүйріктерін,  
Мадақтап батыр жүрек адамдарын.

Бәрі шат, жеңіс, олжа кеңес жайы,  
Толған ат текежауміт үй маңайы.  
Оқшаулау тұтқын қазақ отыр мұңды,  
Ескеріп оған ешкім зер салмайды.

Қол, аяқ бұғауланған, бас жаралы,  
Белгілі бетінен-ақ шаршағаны.  
Үңіліп қиялына отыр тұтқын,  
Өз елі арман етіп аңсағаны.

Есте жоқ тартып азап қиналғаны,  
Қорқытпас ертең тағдыр не қылары.  
Жай жандай сырт пішіні отырғанмен,  
Алыста шарықтап жүр ұшқыр жаны.

Гулеген алдындағы тамашаны  
Көзге іліп менсінген жоқ тұтқын әлі.  
Шапшып от жүрегінде жатыр лаулап,  
Көрінбей көршілерге маздағаны.

Төкаппар, ойшыл тұтқын, тұрлаулы жан,  
Бір кезде қалып кейін қиялынан,  
Төңкеріп төңірегіне салды көзін  
Жиынға дуылдаған, шуылдаған.

Қырандай шалды көрді саңқ-саңқ еткен,  
Алдында көп түрікпен сый көрсеткен.  
Керемет кескінінен мейірі қанып,  
Қадалып қалды тұтқын соған шеттен.

Үстінде жібек кілем отырған қарт,  
Жиынға шуламасқа етті ишарат.  
Алдырып үйден сәнді домбырасын,  
Біреуге қасындағы деді: «Күй тарт!».

Тым-тырыс жел тынғандай тыйылды шу,  
Басылды сөз бен күлкі сепкендей су.

Тілсімдеп айналаны арбап, сарнап,  
Болмады көпке дейін күйге тыншу.

Қандырып күйден тұтқын жан сусынын,  
Оның да жүрегіне өтті шым-шым.  
Сүйсініп, күйшіден көз айырмады,  
Ұмытып дұшпандығын, тұтқындығын.

Топ басы күйшісіне күле қарап,  
Салалап ақ сақалын қойды тарап.  
Қазақтың соңғы шыққан «Абыл» күйін  
Тартуын тамылжыта етті талап.

Ішегі домбыраның дірілледі,  
Жөнелді, жүйрік қолдар сүрінбеді.  
Түбінен тұңғиықтың бір үн қайнап,  
Төндірді тындаушысын соған енді.

Күй билеп елдің еркін дұзақтады,  
Тербетті, маужыратты, ұзатпады.  
Айналып күй жүрекке, жүрек күйге,  
Балқытты батыр шалды, шыдатпады.

Кенеттен күйреткендей түсті бүлік,  
Кетіпті қос ішектің бірі үзіліп.  
Тұнжырап тұн басқандай тіл қатпастан,  
Қалжырап қарт дінкесі қалды құрып.

Езілді тұтқынның да жан-жүрегі,  
Күйіктен қарс айрылып көкірегі.  
Күңіренді, күрсініп ол күйзеу тартты,  
Тек қана жылағанын сездірмеді.

Ішегін домбыраның қайта тағып,  
Өңгеріп, күнәлі жан көрді қағып.  
Үзілген жүрек қылы жалғанбады,  
Көнбей күй, құладындай кетті лағып.

Үн қатпай отырғанның қалды бәрі,  
Қарғасты қан жұтқызған домбыраны.  
Табылмай талапты жан шер серпілтер,  
Тапжылмай топтағылар отыр әлі.

Тыныштық тұтқынды да тұншықтырды,  
Сыр бермей, ерлік етті, іштен тынды.  
Сеп болар сенімді адам шықпаған соң,  
Орнынан оқ жыландай атып тұрды.

«Беріндер домбыраны, туғандарым», —  
Деп тұтқын жалынышпен айтты зарын.  
Түнерген түрікпендер бұрды мойнын,  
Қарасып кескініне бишараның.

Орындап қарт әмірін жас түрікпен,  
Босатып тұтқын қолын темір кілттен,  
Шетінен жібек кілем ұсынды орын  
Сыпайы, қонақ күткіш кішілікпен.

Кезінде күн батар шақ қоңыр салқын,  
Батысты бояғанда қызыл жалқын,  
Ағытып омырауын, желге төсеп,  
Тұтқыннан бір ғажайып туды қарқын.

Қақтырды ойшыл тұтқын жан қанатын,  
Қандай күш оған бөгет бола алатын,  
Арбады, ө дегеннен алды уысқа  
Тыңдаушы түрікпеннің сүйген қартын.

Барады тартқан сайын омыраулап,  
Тұтқынның жүрегіннің оты лаулап.  
Жайлауын түрікпеннің кетті кернеп,  
Толқынды бір ғажайып үн сорғалап.

Кіре алмай ұясына, күн байланды,  
Шұғыласы домбыраны шыр айналды.  
Балқытқан ұясынан көтеріп бас,  
Ай да ерте күндегіден шыға қалды.

Жел дағы жер бауырлап шөгіп алды,  
Күбірлеп күймен бірге демін алды.  
Тұтқынды кейде желпіп, кейде сүйіп,  
Күңіренген іштен шерін төгіп алды.

Теңіз де толқынданбай, тына қалды,  
Жай ғана желден бір сөз сұрап алды.

Айдында айдай жүзген жалғыз аққу  
Сұңқылдап, шыдай алмай, жылап алды.

Аруана қысыр қалған о да ыңыранды,  
Күрсінді, еміренді, шыдамады.  
Желінін тастай қатқан уыз кернеп,  
Бауырынан жануардың сүт парлады.

Жолбарыс атылуға жатқан дайын,  
Жылтылдап қос шырағы жұлдыздайын,  
Иреңдеп бауырын төсеп ыңырсыды,  
Шымырлап жанына күй батқан сайын.

Қалғыған тауда қыран бір сілкінді,  
Сорғалап түнде талай асты қырды.  
Қалықтап, дөңгеленіп, қанат қақпай,  
Тұтқынның төбесінде ұшып жүрді.

Аңдыған ауру жанды ажал шіркін  
Соқтырып сұрапылдай суық екпін,  
Жалақтап аш бөрідей арсалаңдап,  
Алады жолда жортып дүркін-дүркін.

Салуға қанды шеңгел бір боздаққа,  
Ұмтылса кеселді үйде жанған отқа,  
Толқыны домбыраның қарсы соғып,  
Ажалды бастырмады ауыл жаққа.

Кірпігін өрең қаққан, жүдеген жан,  
Аузына жылап жары су тамызған,  
Кем-кемнен жүріп қаны, кіріп жаны,  
Боздақты босатты күй ауруынан.

Тұтқыным таңдандырып жер мен көкті,  
Әлемді дел-сал етті, елжіретті.  
Айлы түн домбыраны тыңдай-тыңдай,  
Қоштасар кереметке мезгіл жетті.

Домбыра орындады өз дегенін,  
«Уһ!» деп тартқыш тұтқын алды демін.  
Мас болған күйге жайлау есін жиды,  
Мейірін бір қандырып түрікпеннің.



Кептірмей қарт түрікпен көздің жасын,  
Көтеріп күйге батқан алды басын.  
Тұтқынға таңмен бірдей жайды құшақ:  
— Шырағым, Абылмысың, айт расын?

Әрірек, осыны айтып, көз салды шал,  
«Бұлар кім?» деген үні шықты қатал.  
Сыңсыған қара ормандай қазақ қолы  
Тұр екен ат үстінде самсап қатар.

Жалындай түрікпеннің жас ерлері,  
Жау десе, жайнаң қаққан жігіттері.  
Қоршаған сансыз қолды, көп найзаны  
Осы ма беттесуге күткен жері?

Жеңіліп домбырадан тұтқын тартқан,  
Түн бойы тыңдай-тыңдай сіле қатқан,  
Сезбепті түрікпендер, естімепті  
Сарынын кектілердің келе жатқан.

Қазақ та жырды ұнатқан, әнді ұнатқан  
Халық қой күймен көңіл жадыратқан.  
Абылдай аяулысын іздеп тауып,  
Тыңдасқан домбыраның сырын айтқан.

Құшақтап қарт түрікпен күйшімізді,  
Көзінің моншақтатты, жасын тізді.  
Сүйкіммен қазақ біткен тұрды қоршап,  
Суырылмай ақ семсерлер екі жүзді.

1940

## МАЗМҰНЫ

*Сырбай Мәуленов. Бәйтерек* ..... 5

### Өлеңдер

Күзет әні .....	10
Көкшеде .....	11
Жаңбыр .....	11
Төрт жолдар .....	12
«Туған тілім...» .....	12
Сыр жырлары .....	13
Қазақстан .....	18
Кемеде .....	19
Теңізге тілек .....	19
Аралдар .....	20
Тынықсын, тимендер адамға .....	23

### 1986 жыл жырларынан

«Өзіңе сен, өзіңнің күшіңе сен...» .....	24
«Қайдан алмақ қуатты...» .....	24
Қиял .....	25
«Күшті болсам, көрсетіп шексіз ерлік...» .....	26
«Көп ақша керек!..» .....	26
«Неткен қызық сағыну көктем шағын...» .....	27
«Тұрмын, міне, ең соңғы биігімде...» .....	27
«Дүниедегі ең бір ұлы жарасым...» .....	27
«Күн боп батсаң, түн боп тағы іздеймін...» .....	28
«Ердің күні ерменен еліндегі...» .....	28
«Ғажап қой уақыт...» .....	29
«Қайындармен қатар туып, тең өстік...» .....	31

### 1988 жыл жырларынан

«Түнде желмен дөңгелеп қар айналды...» .....	32
«Жер де аппақ, қабір де аппақ...» .....	32
«Сыр бойында өсетін нар қамыстар...» .....	33
«Ашылды да қыстай жабық есігім...» .....	33
Көз туралы .....	34
«Айналам толған жарық, толған халық...» .....	34
Еске алу .....	35
«Қайғылыға қайғысыз қосылмайды...» .....	36
«Бүгін тымық далада, ертең дауыл...» .....	36
«Әлем, аспан, кеңістік шетсіз, шексіз...» .....	37
«Басым сына жаздайды ойлағанда...» .....	38
«Бөлмеде кілең қамалып...» .....	38
«Күнәм көп, мойындауға қорқам бірақ...» .....	39

«Күн басталса шуменен, сарынменен...»	40
«Өткіздім ғой сан алуан сайрандарды...»	40
«Теңізде толқын ырғалып...»	41
«Адал жолдан шықпадым, бұрылмадым...»	42
«Тал түсте ақ күмістей шұғылалы күн...»	42
« — Сен, Әбеке, қажыма толғаныстан...»	43
«Түнде отырмын бір тынып, бір ыңылдап...»	44
«Қыстауда, тар бөлмеде толған халық...»	44
«Жақсы қиял, жақсы үміт бітті бәрі...»	45
«Жан-жүрегім сен дегенде тыншымай...»	45
«Қайтесің сынап менің талғамымды...»	46
«Соқты боран, көзім түк те көрместей...»	46
«Шаршадың, жаным...»	46
«Тұратын күндіз өшіп, түнде жанып...»	47
«Есімде сонау жылдар, сонау күндер...»	47
«Түсімде көрем торғындай аппақ көл бетін...»	48
«Ішімде жатыр айнымас әншім, байқадым...»	48
«Болмайды, — деп, — жұрт алдында жазықты...»	49
«Айтып әлі болмаппын...»	49
«Сүйем күннің, сәулелердің жарығын...»	50
«Қиналма жалғызбын деп...»	50
«Мен де адаммын ғой...»	51
«Ауыр ғой жолдар...»	51
«Алыстан келем...»	52
«Ағат айтсам, сыздап анам жүрегі...»	53
«Миымда менің далалар жатыр ұласқан...»	53
«Өзгертпеймін пендеге...»	54
«Керек қой жарық...»	54
«Талай жылды өткізіппін бекерге...»	55
«Көңілімдегі сайтан ба әлде періште...»	56
«Ешкімнен сұрап...»	57
«Қағамыз кілең...»	57
«Тартсам да қандай бейнет жер бетінде...»	58
«Алатаудың бауырында...»	59
«Келе жатқан жоқпын мен...»	59
«Бораны қыстың ұлып тұр...»	60
«Көздеріңе көрінсем әлсіз бүгін...»	60
«Түнгі дала тұтасқан қараңғылық...»	61
« — Сен өзің кімсің, ата, түсіндірші...»	61
«Тоқтап бір кез көргенім жоқ тұманда...»	62
«Мен сені Құртқам дедім, кереметім...»	62
«Мен туғанда далада жел шулаған...»	63
«О да жақсы, бұ да жақсы секілді...»	63

«Өзеннен өттік...»	64
«Сәби күнгі секілденіп мұратым...»	64
«Төменде қалды қаланың сасық бұлттары...»	65
«Адам біле бермейді жер қуатын...»	66
«Аянатын несі бар керегінде...»	66
«Түнде шешем ұйықтамай...»	67
«Алыстасың, сен менен алыстасың...»	67
«Сенейін бе көзіме, сенбейін бе...»	68
«Алданбасам, біреуді алдамасам...»	68
«Күнде кешке туасың...»	69
«Баяғы түрі...»	69
«Қыс өтті міне, көрдің ғой...»	70
«Қашқақтайды думаннан көңіл неге...»	70
«Жасайды қара бояу қаралығын...»	71
«Көктемнің алғаш шуағыменен, желімен...»	71
«Қазаққа керек емес мешіт мүлде...»	72
«Мақтануға бола ма ұрымын деп...»	72
«Әр күннің бір өзіндік өмірі бар...»	73
«Күнде кешке жатарда қырынамын...»	73
«Анда-санда есікті өзім ашып...»	74
«Алыс па әлде жақын ба алған бетім...»	74
«Көтеріліп бүгін мен...»	75

### 1989 жыл жырларынан

«Қаңжарым жатыр қынапта...»	76
«Өлең айтам серпілсем, әндетемін...»	76
«Бүгін дейміз...»	77
«Жақындаспай, ақылдаспай, сыр ашпай...»	77
«Әңгіме көп, ішіміз толған роман...»	77
«Көруге көкейдегі жөнімді анық...»	78
«Екеуіміз де жан едік салдыр-салақ...»	78
«Батырлардай асындым қару-жарақ...»	79
«Келдім жарық әлемнен сый алуға...»	80
«Сезінем кейде...»	80
« — Ажал қайда?...»	81
«Жаңылдым ба...»	82
«Шашыңның ағын...»	82
«Қара шашым...»	83
Қызықсың-ау, Әбекем	84
«Қандай ауыр күн көру, өмір сүру...»	86
«Күндіз күнім, кешке үйде шамым жанып...»	86
«Сөйлеп жатыр бәрі де...»	87
«Мен жасымда көп көргем...»	87
«Түсімде тыңдап отырмын...»	88

«Өз үйім деймін...» .....	88
«Қызық қой осы дүние айналмалы...» .....	88
«Сынады екен, жоқ екен сынбайтын зат...» .....	89
«Ойында жоқ ақынның өлем деген...» .....	90
«Ақ бұлт пенен қара бұлт арасында...» .....	91
«Болған ғой бұрын...» .....	91
«Айдап мені барады уақыт қайда?...» .....	92
«Кеше ғана...» .....	93
«Жоқ дегенге...» .....	94
«Болам дедім бақытты...» .....	95
«Сүйемесе, демемесе...» .....	95
Түсімде .....	96
«Біреудің күні батқанда...» .....	98
«Ағалап, айрылмайсың етегімнен...» .....	98
«Тынығам деп ойлама...» .....	99
«Жетсін деп көзім...» .....	100
«Түңілген шақта» .....	100
«Өтемін мен де...» .....	101
«Бітпейтін жол ғой...» .....	101
«Кейде жатып төсегімде...» .....	102
«Ел дейді ғой бізді де...» .....	102
«Көңілім кейде кең дала...» .....	102
«Бүгін менің...» .....	103
«Ойым менің — ішімдегі теңізім...» .....	103
«Кедей де мен, бұл күнде бай да менмін...» .....	104
«Теңізден қорықтым...» .....	105
«Желсіз, бұлтсыз, тып-тымық, ашық күнге...» .....	105
«Сен алдамашы...» .....	105
«Зорықтым мен де...» .....	106
«Сен мені тоқтат...» .....	107
«Қысық көз бірі менмін қазағыңның...» .....	107
«Көңілім күңгірт тартса жабырқаңқы...» .....	108
«Қандай әсем: ойым бар, арманым бар...» .....	108
«Өлу оңай...» .....	109
«Табытта жатыр жас жігіт...» .....	109
«Адам өмір сүрсе ғой жалтақтамай...» .....	110
«Қайтара алмайды ешкім де...» .....	111
«Ұмытшақтық не деген бүлік еді...» .....	111
«Түсім екен деймін...» .....	111
«Шүкірлік керек...» .....	112
«Қырқылып кейде...» .....	113
«Жарастық тауып...» .....	113
«Жарық күннің бейнесі өзім деймін...» .....	114

«Мен жалғызбын жырымменен бүгін де...» .....	114
«Көп айтыстым, тартыстым достармен де...» .....	115
«Өлмейтін күй, сөнбейтін сәулелерден...» .....	115
«Менің саған тұрады сенгім келіп...» .....	116
«Балға табы кетпейді темірдегі...» .....	117
«Күнде қанша...» .....	117
«Ашулысың деме...» .....	118
«Баршылық менде...» .....	120
«Қояйықшы бәрін де...» .....	120
«Өзім дей берем...» .....	121
Сыңар жарық (Топтама) .....	122
«Қойшы енді, қалқам...» .....	131
«Тыңдашы көне...» .....	132
«Мен туғалы қашан...» .....	133
«Күн деген өтіп...» .....	133
«Күн қандай әсем...» .....	134
«Қолымда қамшым...» .....	135
«Мөлдіреп тұрсың...» .....	135
«Қайда жүрсең де...» .....	136
«Күл десең, күліп...» .....	136
«Мен темір емеспін ғой шаршамайтын...» .....	137
«Өлерінен бір күн бұрын кешінде...» .....	137
«Көгерді міне...» .....	138
«Суында жүздім...» .....	139
«Тоқтар емеспін әлі мен...» .....	139
«Жатыр менің...» .....	140
«Шіренбеймін...» .....	140
«Жыланнан қорқам...» .....	141
«Мен де сенем маңдайыма жазмышқа...» .....	142
«Июнь дейді-ау бұл айды...» .....	142
Зұлқарға .....	143
«Үндемеші, қайың...» .....	143
«Қиялымда мәңгі ұйып тұр...» .....	144
«Келе жаттың, келе жаттың жолда сен...» .....	145
«Оралдым ұзақ жолдан мен...» .....	145
«Менің де өмірім...» .....	146
«Өзім, міне, көк шамның қасындамын...» .....	146
«Ауылда жүрмін...» .....	147
«Көзден жасым тамады...» .....	148
Ол (Тоқашқа) .....	148
«Күн салқындап келеді, түн суынып...» .....	149
«Даламның даусын тыңдашы...» .....	150
«Бүгін кімбіз?...» .....	150

«Әркімнің бар өз төбесі шығатын...» .....	151
Сұрау .....	151
«Жатсам да қашан өз еркім...» .....	152
«Жел тоқтағалы қашан...» .....	153
«Домбырам деуші ем...» .....	153
«Күз келді, көк тал күзелді...» .....	154
«Бәрін айтып...» .....	155
Осы бір қарт .....	156
«Жер айналып тұрғанда...» .....	157
Сезімдер .....	157
«Кей күндері...» .....	158
«Қартайғанда...» .....	158
«Сойлеп жатыр су сылдырап...» .....	158
«Тіпті алыс жатса да...» .....	159
Осы адам .....	159
Уақыт қуып .....	159
Ән туралы .....	160
«Күндерге де...» .....	160
Жеңге оліміне .....	161
«Иілме, жас...» .....	161
«Кейде мен...» .....	162
«Кәнеки, дос...» .....	162
«Төрт жағым түгел секілді...» .....	162
Төзімдер туралы .....	163
«Достар!...» .....	163
«Келмейтін қайта оралып...» .....	164
«Күллі әлемнің...» .....	164
«Достар келді...» .....	164
«Ойым менің тыпыршиды...» .....	165
Достарым .....	165
«Толып жатыр...» .....	166
«Миым, колым, жүрегім, екі көзім...» .....	166
«Әбділда!» — дедім айқайлап...» .....	166
Қарт ана Мәншүк жайын ойлағанда... .....	167
«Білмеймін, шыным, себеп не...» .....	167
«Мықтымыз темір ғой...» .....	168
«Асыға берем сабырсыз...» .....	168
«О, қайран жер...» .....	168
«Еш уақытта іш пысқанға төзбеймін...» .....	168
Мен қалайша қара судай тынармын .....	169
Сен менен әлді екенсің .....	170
«Түн ұйықтаған қара мысық бейнелі...» .....	170
«Күн еңкейді...» .....	171

Жер .....	171
«Кезіп-кезіп Қорқыт бабам...» .....	171
Тағы да өзім туралы .....	172
Тостар .....	172
«Жан күйттер шақ емес...» .....	173
«Мен де жұрттай...» .....	173
«Көпті көрдім, көп жасадым...» .....	173
«Ортасында орманның...» .....	173
Мен сендердің біріңнен кем емеспін .....	174
«Ырғақ, ұйқас иілмейді...» .....	175
Жол туралы .....	175
Алпысқа келгендегі сөз .....	176
Кәдімгі өздеріміз туралы .....	177
Бауыржан Момышұлы .....	178
«Өз жүйрігің болмаса...» .....	179
«О, құмарлық...» .....	180
«Ойлама сен...» .....	180
«Асасың шаршап қыраттан...» .....	180
«Барымды берем...» .....	180
«Туғаным жоқ құнсыз боп...» .....	181
Адам .....	181
Ашу үстінде .....	182
Өз атымнан .....	182
Кей кезде .....	182
«Қалай-қалай десек те...» .....	183
Атам — анау, мен — мынау .....	183
Өтірік пе .....	184
Сырдария .....	184
«Келші, сәулем...» .....	186
Ақ қалпақ (Өзіл) .....	186
«Өрістен қайтқан інгендей...» .....	187
«Күлкі ме, бұл не...» .....	187
«Асығу керек...» .....	187
Почтальон жыры .....	187
Ұшып бара жатырмын .....	188
Теңізбен бетпе-бет .....	189
Стамбұл түндері .....	189
Балықшы .....	190
Римде .....	191
Везувий .....	193
Парижде .....	194
Көктем .....	196
Жастық туралы .....	196



Еркеле, жас .....	197
Балалар .....	198
Ертең .....	198
Қайың .....	199
«Ақ шандақ ақсандап барады...» .....	199
Құм .....	200
Мұң туралы .....	201
Мейірімім .....	202
Адамға .....	203
Күлкінің туы құламай .....	203
Тіге ғой .....	204
Адам .....	205
Туған жер .....	205
Жер және мен .....	206
С...ға .....	207
Көңіл күйі .....	208
Інілерге .....	208
Толғақ .....	209
«Қаратау басын қар басты...» .....	210
Жүзіп келем .....	210
Қараймын көнерген іздерге .....	211
«Өтіп барам дүниеден...» .....	211
Қызық қой .....	212
Ұрпаққа .....	212
Кездесу .....	213
Төтелер туралы .....	214
«Біреулер жамап жыртықты...» .....	215
«Біреулер ерте шалқаяр...» .....	215
Бар екем .....	216
Сұрақ пен жауап .....	216
Ойланшы .....	218
Желік .....	218
Өзім туралы .....	220
Мінезі құрсын ақынның .....	220
«Дүние қызық емес...» .....	221
Абайға еліктеп .....	221
Өсу мен өшу .....	222
«Тағдыр деген күймеме...» .....	222
«Өзімнің қайратым...» .....	223
«Мен де адаммын өзгедей...» .....	223
Ағаға жастың ақылы .....	223
«Маңдайдың қатпары, шатқалы...» .....	225
«Күн батты. Көкжиек өртенді...» .....	225

Тауда.....	225
«Қара түн жайды да қанатын...» .....	227
Төрт жолдар .....	228
«Намысым ұйқы таба алмай...» .....	229
Уақыт .....	230
Балам мен өзім туралы.....	230
Жасыңда болмасаң ақылды .....	231

## Дастандар

Ағалар туралы сөз .....	232
Оркестр .....	241
Абыл .....	250

**Тәжібаев Әбділда**

## АРАЛДАР

Өлеңдер мен дастандар

Редактор *Е. Дүйсенбайұлы*

Суретші *Б. Серікбай*

Техникалық редактор *Г. Есімбекова*

Компьютерде теріп, беттеген *Г. Есімбекова*

Теруге 02.08.05 жіберілді. Басуға 14.09.05 қол қойылды.

Қалпы 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы офсетті. Қаріп түрі «Таймс».

Есептік баспа табағы 17,3. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2503.

«Раритет» баспа компаниясы, 050022, Алматы қаласы, Масанчи кошесі, 98,  
оф. 14, тел.: 92-87-18, 60-67-08, тел./факс 92-88-36

Тапсырысшының диапозитивінен

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің  
Полиграфкомбинатында басылған, 050002, Алматы қ., М. Мақатаев к., 41








Қазақта небір ірі ақындар бар.  
Ұлтына тұлға ұлы шайырларымыз да  
жоқ емес. Бірақ сол санаулылар  
санатында шын мәніндегі  
парасатты, мәдениетті ақын деп  
Әбділда Тәжібаевты айтамыз.  
Ол көркемдік қиырларына ізденіс-  
терімен XX ғасырдағы поэзиямызда  
көрікті де қуатты лирика туын  
көтерушілердің ең көрнектісі болды.



Жыр  
жауһары



ISBN 9965-663-92-0



9 17899651663925